

БІРІКТІРІЛГЕН
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ
2021



МАЗМҰНЫ



КІРІСПЕ

«СБЕРБАНК» АҚ ЕБ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

«Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар Кеңесі Төрағасының жолдауы

«Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының жолдауы

«СБЕРБАНК» АҚ ЕБ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ:

Сбербанк тобы

«Сбербанк» АҚ ЕБ тарихы

2021 жылдың негізгі оқиғалары

2021 ЖЫЛҒЫ НАРЫҚТЫ ТАЛДАУ:

Макроэкономика

Банк секторы

2021 жылдың ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР

Қаржы-экономикалық көрсеткіштер

ХҚЕС бойынша теңгерім құрылымына сараптама

Бөлшек бизнес

Корпоративтік бизнес

Экожүйе

Интернет-эквайринг

Филиалдық желі

Ақпараттық технологиялар

Маркетингтік белсенділік

ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТІ

«СБЕРБАНК» АҚ ЕБ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Әлеуметтік жауапкершілік

«Сбербанк» АҚ ЕБ Корпоративтік басқару:

Директорлар кеңесі

Өндірістік құрылым

Басқарма

Қызметкерлер

ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

«СБЕРБАНК» АҚ ЕБ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕБІ

ҚОСЫМША АҚПАРАТ:

Негізгі бизнес-байланыстар

«Сбербанк» АҚ ЕБ деректемелері

ΚΙΡΙΣΠΕ





Осы «Сбербанк» Акционерлік қоғамы Еншілес банкінің 2021 жылғы біріктірілген жылдық есебі (бұдан әрі — Есеп) 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап 2021 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі есепті кезеңдегі банк қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты қамтиды. Бұл Есеп жыл сайын жарияланады, соңғысы 2020 жылдың шілдесінде шығарылды.

Осы Есептегі қаржылық деректер, егер мәтін бойынша өзгесі тікелей көрсетілмесе, Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес дайындалған «Сбербанк» АҚ ЕБ аудиттелген қаржылық есептілігіне сәйкес ұсынылды.

ЕСЕПТІ ӘЗІРЛЕУ КЕЗІНДЕ КЕЛЕСІЛЕР ЕСКЕРІЛДІ:

- Қазақстан Республикасының заңнамалық талаптары
- «Қазақстан қор биржасы» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 жылғы 10 наурыздағы №14 шешімімен бекітілген Қазақстан қор биржасының (KASE) бағалы қағаздарына рұқсат беру бастамашыларының ақпаратты ашу қағидаларының ұсыныстары
- Тұрақты даму саласындағы есептілік бойынша жаһандық бастамалардың ұсынымдары (GRI)
- Лондон қор биржасының (LSE) ұсынымдары

«Сбербанк» АҚ ЕБ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ



«Сбербанк» АҚ ЕБ
Директорлар кеңесінің төрағасы
Тимур Козинцев

ҚҰРМЕТТІ КЛИЕНТТЕР, СЕРІКТЕСТЕР ЖӘНЕ ӘРІПТЕСТЕР!

Сбербанк Қазақстан үшін бұл жыл көптеген көрсеткіштер бойынша рекордтық жыл болды. Банк қоржын сапасы бойынша көшбасшы бола отырып, таза пайда мен активтердің өсу қарқыны бойынша үздік нәтижелер көрсетті. Бір жыл ішінде таза пайда екі еседен астам өсті және 130 млрд. теңгені құрады, резервтерге дейінгі операциялық кіріс айтарлықтай өсіп, 248 млрд. теңгеге жетті. Жоғары қаржылық нәтижелер банкке 48 млрд. теңге мөлшерінде рекордтық дивидендтер төлеуге мүмкіндік берді.

Сбербанк Қазақстан өзінің нарықтағы орнын нығайтты және капиталдың 39% мөлшеріндегі табыстылығын көрсетті. Біз осы көрсеткіш бойынша республикада көшбасшылардың бірі болып табыламыз, сондай-ақ, Сбер тобының периметрінде біріншілікті ұстап тұрмыз. 2021 жылы банк мемлекеттік бағдарламалар аясында ипотека мен автокредит беру бойынша жетекші орынға ие болды және жаңа маңызды бағытты – корпоративтік клиенттерді трансшекаралық кредиттеуді сәтті бастады.

Сбербанк Қазақстан өз алдына маңызды мақсат қойды — елдің технологиялық көшбасшысы болу. Пайдаланушыларға заманауи микро сервистік платформа базасында жаңа мобильді қосымша ұсынылды, тиімді цифрлық клиенттік жолдарды құру бойынша жоспарлы жұмыс жалғасуда, ол нарықтағы ең үздік интернет-эквайринг сервистерінің бірін құруға мүмкіндік берді.

Біз клиенттердің қажеттіліктері төңірегінде құрылған сервистер экожүйесін дамытуға ерекше назар аударамыз, – бұл біздің стратегиялық ұзақ мерзімді серіктестігіміздің іргетасын қалайтын негізгі бағыт.

2022 жыл бәріміз үшін қауырт басталды. Алғашқы үш айдағы оқиғалар әлемдік бизнес-ортаны елеулі түрде өзгертіп, оның конфигурациясын айтарлықтай өзгертті. Дегенмен, қиын жағдайларда өзінің тиімділігін бірнеше рет дәлелдеген Қазақстандағы Еншілес Банктің командасы жаңа сын-қатерлерді сәтті еңсеруді жалғастыруда.

Ағымдағы жылы біз қазақстандықтар үшін ыңғайлы және заманауи сервистер жасауға бағытталған стратегиялық жобалар бойынша жұмысты жалғастыратынымызға, елдеріміз арасындағы сыртқы сауда байланыстарын одан әрі тереңдете түсетінімізге және жаңа бизнес-үлгілер құратынымызға сенімдімін. Бірлескен күш-жігердің арқасында біз клиенттеріміздің сенімін ақтау үшін қолдан келгеннің бәрін жасайтынымызға сенімдімін.

Сбер Ресейде алғашқылардың бірі болып ESG және тұрақты даму саясатын бекітіп, ESG-трансформация үдерістерін іске қосты. Банкпен жаңармалы энергетика саласындағы нысандардың құрылысы қаржыландырылады, әрбір клиенттің қажеттіліктеріне бейімделген қолжетімді орта жасалады, қалдықтарды бөлек жинаумен айналысады және қайырымдылық пен білім беру жобаларын қолдайды. Сбер жыл соңында, осы тәсілдемелерді танымал ету үшін ұлттық ESG-альянсын құрудың бастамашысы болды.

Сбербанк Қазақстан бұл тәжірибені қабылдап, өз бастамаларын жүзеге асыруда. 2021 жылы банктің барлық кеңселерінде қалдықтарды, қайталама шикізатты және пайдаланылған аккумуляторлық қуат элементтерін жинауға және сұрыптауға арналған контейнерлер орнатылды. Қағаз құжат айналымын қысқарту және көміртек ізін азайту бойынша сәтті іске асқан тәжірибелер енгізілуде, ел бойынша ағаш отырғызу акциялары өткізілуде. Мұндай жоспарлы жұмыс Сбербанк Қазақстанға «Жасыл кеңсе – 2021» байқауының жеңімпаздарының бірі атанып, елдегі бизнестің түрлі салаларындағы осы бағытта жұмыс істеп жатқан ең табысты компаниялармен қатар болуға мүмкіндік берді.

Бүгінгі таңда, Сбербанк Қазақстанмен 2021 жылы қабылдаған «жасыл бағыт» бойынша даму өзін толық ақтады деп сеніммен айтуға болады. Біз – қоршаған ортаны сақтауға бағытталған жаңа жобаларды дамыта отырып, осы бағытта алға жылжи бермекпіз.

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ



«Сбербанк» АҚ ЕБ
Басқарма Төрағасы
Ельдар Тенизбаев

ҚҰРМЕТТІ КЛИЕНТТЕР, СЕРІКТЕСТЕР ЖӘНЕ ӘРІПТЕСТЕР!

2021 жылы «Сбербанк» АҚ ЕБ негізгі қаржылық көрсеткіштердің серпінді өсімін көрсетті: банктің активтері екі жылда екі есеге – 4,2 трлн. теңгеге дейін өсіп, 33%-ға ұлғайды, активтердің өсуі кредиттік және депозиттік қоржынның сапалы ұлғаюына байланысты болды. Таза пайда 130 млрд. теңге рекордтық көрсеткішке жетіп, екі есе өсті. Біз елдегі екінші қаржы институты болып қала отырып, нарықтағы өз орнымызды сәтті растадық. 2021 жылы банк экономиканы белсенді кредиттеуді жалғастырды. Бөлшек кредиттік қоржын бір жылда 48%-ға өсіп, 1 трлн. теңгеден асатын белгіге жетті. Біз осы бағдарламалардың көшбасшыларының бірі бола отырып, жеңілдікті ипотекалық кредиттеу мен автокредиттеудің мемлекеттік бағдарламаларын белсенді дамытуды жалғастырдық.

Біз бизнес үшін әмбебап банк болуды жалғастыра отырып, нарықтың барлық қатысушыларының қажеттіліктерін қанағаттандырамыз: ірі бизнестен бастап шағын микро бизнеске дейін. Заңды тұлғалардың кредиттік қоржыны 23%-ға ұлғайды, бұл абсолюттік мәнде шамамен 1,3 трлн. теңгені құрады.

Жеке және заңды тұлғаларға арналған классикалық қаржы өнімдерінен басқа, біз, цифрлық өнімдеріміз бен қаржылық емес қызметтерімізді дамытуды жалғастырдық. Біздің технологиялық, команданың ойлауын өзгерту секілді ішкі трансформациялық үдерістеріміздің өзгеруінің арқасында, біз клиенттер үшін кез келген уақытта көмектесуге дайын, сенімді серіктеске айналдық. Атқарылған жұмыстар арқасында бүгінде бізге 90 мыңнан астам компания мен 1,6 миллионнан астам бөлшек клиенттер өз сенімін білдірді. Экожүйені дамыту және сервистерді саралауға баса назар аудару арқылы, біз клиенттеріміздің тұтынушылық мәселелерін одан да көбірек шешуге көмектестік. Оның мысалы, 2021 жылы жеке тұлғалар үшін жазылым сервистері, Sber Travel саяхаттауға арналған сервисі, кино билеттерін сатып алу сияқты қызметтер қолжетімді болды. Сондай-ақ бизнес үшін бірқатар дәстүрлі емес банктік сервистер енгізілді: СЭҚ кабинеті, валюталық келісімшарттарды тіркеу сервисі, Қазақстан мен Ресейдің контрагенттерін тексеру, Sber Solutions-пен бірлесіп экспорттаушыларға шығындарды өтеу сервисі: сайттарды әзірлеу және жылжыту, бухгалтерия мен заң қызметтерінің аутсорсингі. Бұл біздің клиенттерімізге ұсынатын сервистердің аз ғана бөлігі.

Дер кезінде және дұрыс таңдалған цифрлық трансформацияның стратегиясы арқылы, біздің ішкі үдерістердің сапасы жақсарып қана қоймай, елдегі бизнес пен азаматтардың өмірін жеңілдететін жаңа

онлайн өнімдер мен сервистерді жасауға мүмкіндік берді. 2021 жыл жеке тұлғалар (Sber KZ) мен заңды тұлғалар (СберБизнес) үшін жаңа мобильді қосымшалардың іске қосылуымен есте қалды. Банктің қолданыстағы клиенттік базасы 35%-ға өсті. Мысалы, жаңадан іске қосылған Sber KZ қосымшасындағы келесі негізгі сервистер тұтынушылар арасында белсенді қолданысқа ие: E2E сенімгерлік кредиттерді онлайн беру, депозиттер мен ағымдағы шоттарды онлайн ашу/жабу, сенімгерлік кредиттерді қайта қаржыландыру, P2P телефон нөмірі бойынша Ресейге аударымдар және Өзбекстанға, Қырғызстанға, Тәжікстанға, Қытайға трансшекаралық аударымдар.

2021 жылы Сбербанк ESG бойынша бағытты одан ары белсенді түрде дамытуды жалғастырды. Банк экологиялық тәртіпті құрып, тұрақты жұмыс орындарын қамтамасыз етіп қана қоймай, экономикалық өсім мен индустрияландыруға, инфрақұрылым мен инновацияларды дамытуда өзінің ықпалын келтіруге ұмтылады. ESG саясаты банк мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды. ESG қағидаттарын ұстанудың маңыздылығын сезіне отырып, банк Тұрақты даму туралы есепте танысуға болатын экологияны, әлеуметтік және корпоративтік жауапкершілікті жақсартуға бағытталған бастамаларды белсенді түрде іске асыруды жалғастырды.

Өткен жыл да банктің сыртқы келбетіне жаңашылдық енгізді – күзде біз ребрендинг туралы жарияладық. Банкте болып жатқан барлық өзгерістер жаңа бейнелемеде көрінді. Жаңа логотип – бұл клиенттің қажеттіліктеріне назар аударуды білдіретін шеңбер, ал ішіндегі құсбелгі – клиенттің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған мақсаттылық пен нысаналық белгісі. Жаңа логотиптегі үш түстің: жасыл, сары және көк бірігуі сервистерді әртараптандыруды білдіреді. Біздің ойымызша, ребрендинг одан да жаңашыл шешімдер мен ынталандыру, сондай-ақ тұрақты даму мен прогрестің нышаны болады деп есептейміз.

2023 жылға дейінгі бекітілген Стратегиямыздың шеңберінде біз өз алдымызға клиенттеріміздің түпкілікті қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған бұдан да өршіл міндеттерді қоямыз. Біз үшін ең бастысы – клиенттердің мүдделері, олардың әл-ауқаты мен дамуы. Сондықтан, банк командасы, клиенттеріміздің мүдделерін қорғауға бар күшін салады.

«Сбербанк» АҚ ЕБ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

СБЕРБАНК ЖАҚ



СберБанк — Ресейдегі ең ірі әмбебап банк, Ресейдегі ең ірі 5 жұмыс берушінің қатарына кіреді.

СберБанк Ресейдегі нарықтың сөзсіз көшбасшысы болып табылады және көптеген экономикалық маңызды жобаларды қаржыландырады, қайырымдылық, мәдениет және білім саласындағы жүздеген бастамаларға ақпараттық және қаржылық қолдау көрсетеді.



101,5 млн

белсенді жеке клиенттер



276 мың

қызметкерлер



2,9 млн

белсенді корпоративтік клиенттер




68,9 млн

Сбербанк Онлайн мобильді қосымшасының 68,9 млн. белсенді ай сайынғы пайдаланушылары



14 мың

Ресейде 14 мың бөлімше



70 мың

өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғысы

01.01.2022 ж. жағдай бойынша Сбер тобына ТМД және Орталық және Шығыс Еуропа елдеріндегі бірқатар қаржы институттары кірді.

МИССИЯ ЖӘНЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАР



БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз адамдарға сенімділік және батылдылық береміз, олардың өмірлерін жақсартамыз, талпынысы мен армандарын іске асыруға көмектесеміз.

БІЗДІҢ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ:

Бізге кез келген жағдайда дұрыс шешім қабылдауға көмектесетін бағыттар:

МЕН – КӨШБАСШЫМЫН

- Біз өзіміз үшін және айналамызда болып жатқан оқиғалар үшін жауап береміз.
- Біз қолымыздан келгеннің ең жақсысын жасаймыз.
- Біз өзімізді, банкті және айналамызды үнемі дамытып, жетілдіріп отырамыз.
- Біз бір-бірімізге және клиенттерімізге адалмыз.

БІЗ – КОМАНДАМЫЗ

- Біз ортақ нәтиже үшін жұмыс істей отырып, бір-бірімізге көмектесуге дайынбыз.
- Біз өз әріптестерімізге ашықпыз және оларға сенеміз.
- Біз бір-бірімізді құрметтейміз.
- Біз әріптестеріміздің өсіп, дамуына көмектесеміз.

БАРЛЫҒЫ – КЛИЕНТ ҮШІН

- Біздің барлық қызметіміз клиенттердің мүдделері үшін құрылған.
- Біз клиенттерімізді қызметтердің сапасымен және қарым-қатынаспен таң қалдырып, қуантқымыз келеді
- Біз клиенттеріміздің күткенінен де асып түсеміз.

«Сбербанк» АҚ ЕБ ҚАЗАҚСТАН



Қазақстандағы «Ресей Сбербанк» Акционерлік Қоғамы Еншілес Банкінің тарихы 2006 жылдың соңында ресейлік қаржы жүйесінің флагманы, Орталық және Шығыс Еуропаның аса ірі қаржы институты Ресей СберБанкі ТексакаБанктің 99,99% акциясын сатып алуынан басталады. 2007 жылы Банк банктік және өзге де операциялар жүргізуге лицензия алды. «Сбербанк» АҚ ЕБ экономиканың түрлі салаларында қызмет ететін клиенттермен және серіктестермен жұмыс істеуде үлкен тәжірибеге ие.

«Сбербанк» АҚ ЕБ 2021 жылы.:

- Халықаралық Сбер Тобына кіреді. Банк 14 жыл бойы Қазақстанның қаржы нарығында табысты жұмыс істеп келеді және соңғы бірнеше жыл ішінде активтердің көлемі, заңды тұлғалар депозиттерінің көлемі және несиелік қоржынның көлемі бойынша 2-ші орынға ие;
- Қазақстан нарығындағы ірі шетелдік банк болып табылады;
- Кең ауқымды өнімдері мен қызметтері бар әмбебап банк болып табылады;
- Мемлекетпен серіктестікте жұмыс істейді, Қазақстан экономикасының негізгі инвесторы және мемлекеттік ипотекалық бағдарламалар мен кәсіпкерлікті дамыту бағдарламалары бойынша көшбасшысы болып табылады;
- 111 құрылымдық бөлімшеден тұратын филиалдық желісі бар, оның 17-сі филиалдар болып табылады. Банктің Орталық кеңсесі Алматы қаласында орналасқан.
- Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі банктің рейтингін 2021 жылғы тамызда «BBB-» /болжам «Тұрақты» деңгейіне дейін көтерді; 2021 жылғы шілдеде Moody's халықаралық рейтингтік агенттігі де банктің негізгі кредиттік қабілеттілігінің рейтингін (BCA) B2-ден B1-ге дейін көтерді;
- Банк активтердің көлемі, заңды тұлғалар депозиттерінің көлемі және несиелік қоржынның көлемі бойынша 2-орынға ие;
- Банк мемлекеттік ипотекалық бағдарламалар мен кәсіпкерлікті дамыту бағдарламаларының көшбасшысы болып табылады: «Баспана-хит» (үлес – 52%), «7-20-25» бағдарламасы бойынша екінші орын (үлес – 32%); берілген ипотекалық қарыздардың сомасы шамамен 770 млрд теңгені құрайды.
- Автокредиттеуде «Сбербанк» АҚ ЕБ 35% үлесіне ие болды, бұл Қазақстанда берілген барлық жеңілдікті кредиттердің үштен бірі.
- Қазақстан қор биржасы (KASE) Банкті «Ресей рублінің биржалық нарығын дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациясы бойынша марапаттады.
- Сбербанк қаржы секторын тұрақты даму талаптарына бейімдеу мәселелерінде, атап айтқанда ESG қағидаттарын банк саласына енгізуде белсенді бағдарды ұстанады. 2021 жылы «Сбербанк» АҚ ЕБ тек бизнес үшін ғана емес, жалпы қоғам үшін де ерекше маңызы бар жобаларды қаржыландырды. Мысалы, күн электр станциясының, мектептер пен ауруханалардың құрылысы, экологиялық таза көлік сатып алу. Сондай-ақ, бұл жұмыстарға халықтың әлеуметтік осал топтарына, соның ішінде балалар үйіне, ардагерлер мен мүгедектерге көмек көрсетуді жатқызуға болады. Банк, 2021 жылы қайырымдылық мақсаттарға 150 млн теңгеден астам қаражат бөлді. Мүгедек балаларға арналған инклюзивті балалар алаңы салынып, елордаға сыйға тартылды.

2021 ЖЫЛДЫҢ НЕГІЗГІ ОҚИҒАЛАРЫ



«Сбербанк» АҚ ЕБ FinReview.info рейтингінде Қазақстанның шетелдік салық төлеушілерінің ТОП-30 қатарына кірді.



«Қазақстан қор биржасы» АҚ (KASE) «Сбербанк» АҚ ЕБ-ні «Ресей рублінің биржалық нарығын дамытуға қосқан үлесі үшін» номинациясында марапаттады, оның көрсеткіші 2020 жылғы ресей рублі саудасының жалпы көлемінің үштен бірінен астамын құрады.



«Сбербанк» АҚ ЕБ 17-ші CCGuru Awards Хрустальді Гарнитура (ең үздік контакт-орталық пен клиенттерге қызмет көрсету жобаларының жыл сайынғы премиясы) номинациясында Халықаралық бағдарламасының жеңімпазы атанды.



«Сбербанк» АҚ ЕБ SME Banking Club халықаралық қауымдастығының дерегі бойынша топ-20 үздік инновациялық банктің қатарына енді. Сарапшылар қаржы институты ШОБ үшін жаңа шешімдер мен цифрлық инновациялармен белсенді жұмыс істегенін атап өтті. Смартфонды жанасусыз POS-терминалға айналдыратын SberPOS технологиясы ерекше жоғары бағаланды.



«Сбербанк» АҚ ЕБ «Жасыл кеңсе-2021» III Республикалық байқауының жеңімпаздары қатарына енді.

2021 ЖЫЛҒЫ НАРЫҚТЫ ТАЛДАУ



МАКРОЭКОНОМИКА



НАҚТЫ ЖІӨ ДИНАМИКАСЫ



2021 жылы елдің экономикалық дамуы өткен жылғы пандемиялық шоктан кейін қалпына келтіру үрдістерінің ықпалынан дамыды. Мемлекеттің дағдарысқа қарсы шаралар пакетін іске асыруы, ұжымдық иммунитеттің артуы және карантиндік шектеулерді жеңілдету нәтижесінде Қазақстан экономикасы тұрақты өсудің серпінді траекториясына шықты және жыл соңына қарай 4,1%-ды құрады.

Тауарлар өндірісі саласында өсім 3,6%-ды, қызметтер өндірісінде – 4%-ды құрады.

Өңдеу өнеркәсібінде 5,6%-ға өсу байқалды. Өндірістің екі таңбалы ұлғаюы машина жасауда – 20,4%-ға (оның ішінде автомобиль жасауда – 24,3%-ға, локомотивтер мен вагондар шығаруда – 59,5%-ға), фармацевтикада – 23,9%-ға, құрылыс материалдары өндірісінде – 9,8%-ға, пластмасса бұйымдары – 45%-ға, дайын металл бұйымдары – 18,2%-ға, киім – 6,3%-ға және жиһаз – 7,8%-ға тіркелді.

Кен өндіру өнеркәсібіндегі өсім 1,7%-ды құрады.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 2,4%-ға төмендеді, бұл өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемінің 6,7%-ға төмендеуіне байланысты болды.

Құрылыста өсім 7,6%-ға жетті. 17,1 млн. шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл 2020 жылдың деңгейінен 11,4%-ға жоғары.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар 3,5%-ға ұлғайды. Инвестициялардың елеулі өсімі – өңдеу өнеркәсібінде – 38,1%-ға, ауыл шаруашылығында – 33,3%-ға, қаржы қызметінде – 32,2%-ға, саудада – 24,7% -ға, құрылыста – 19,1%-ға, жылжымайтын мүлікпен операцияларда – 17,9%-ға байқалды.

Іскерлік белсенділіктің жандануы және эпидемиологиялық жағдайдың тұрақтануы қызмет көрсету секторына оң әсерін тигізді. Байланыс қызметтерін көрсету саласында – 14,6% және саудада – 9,2% айтарлықтай өсу қарқынына қол жеткізілді.

Сыртқы сауда айналымы 101 млрд. АҚШ долларын құрады және 2020 жылмен салыстырғанда 17,4%-ға немесе 15 млрд. АҚШ долларына өсті, оның ішінде: экспорт 26,9%-ға немесе 12,8 млрд. АҚШ долларына ұлғайып, 60 млрд. АҚШ долларын құрады, импорт 5,8%-ға немесе 2,3 млрд. АҚШ долларына ұлғайып, 41 млрд. АҚШ долларын құрады. Сауда теңгерімі оң деңгейде қалыптасты – 19 млрд. АҚШ доллары.

Экономиканы кредиттеу 26,5%-ға өсті.

Халықтың жан басына шаққандағы орташа ақшалай табысы 136,3 мың теңгені құрады және номиналды мәнде 7,7%-ға ұлғайды, нақты мәнде – 0,6%-ға төмендеді. Орташа айлық жалақы нақты мәнде 8,3%-ға артып, 248,8 мың теңгені құрады.

Мұнай бағасын белгілеу 71 АҚШ доллары/баррель деңгейінде қалыптасты, 2020 жылы құны 43 АҚШ доллары/баррель болды (бір жылдағы орташа баға).

ЖЫЛДЫҚ ИНФЛЯЦИЯ ЖӘНЕ БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ



2021 жылы пандемия күйзелістерінен экономиканы қалпына келтіру инфляцияның өсуімен қатар жүрді. Бағаларға жоғары қысым, ең алдымен, сұраныс пен ұсыныс мүмкіндіктерінің серпінінен тұрақты озу, жаһандық өндірістік және логистикалық тізбектердегі іркілістер, шикізат пен азық-түлік тауарларына жоғары бағалар арқылы қалыптасты.

2021 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстандағы инфляция 5 жылдық максимумға жетіп, ж/ж 8,4%-ды құрады. Азық-түлік тауарларының бағасы ж/ж 9,9%-ға, азық-түлік емес тауарларға – ж/ж 8,5%-ға, ақылы қызметтерге – ж/ж 6,5%-ға өсті.

Инфляцияның айтарлықтай үдеуі маусым айында басталып, осы жылдың қыркүйек-қазан айларында ж/ж 8,9%-на жетті. Инфляциялық қысым шикізат, энергия бағасының өсуі және логистикалық жеткізілімдердің бұзылуы есебінен күшейе түсті.

Әлемдік тауар нарықтары мен серіктес елдердің баға жағдаяты өнімдердің-тауарлардың және/немесе қызметтердің өзіндік құнына айтарлықтай әсер етті. Мысалы, ағымдағы жылдың қорытындысы бойынша FAO азық-түлік бағалары индексінің орташа мәні 25,7 тармақты құрады, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 28,1 % жоғары, бұл соңғы 10 жылдағы ең жоғарғы мән. Brent маркалы мұнай бағасы 71 АҚШ доллары/баррель деңгейінде қалыптасты, 2020 жылы құны 43 АҚШ доллары/баррель болды (бір жылдағы орташа баға). Жекелеген тауарлар мен қызметтер нарығындағы бір реттік факторлар да негізінен проинфляциялық әсерге ие болды.

Жүргізіліп жатқан ақша-кредит саясаты шеңберінде баға тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін инфляциялық үдерістерді айтарлықтай жеделдету жағдайында Ұлттық банк базалық мөлшерлемені ж/ж +/- 1,0% дәлізібен 9,75%-ға жеткізе отырып, үш рет ж/ж 0,25%-ға арттырды. Негізгі мөлшерлеменің өсуі қауіпсіз және қалыпты өтті.

Жыл басында теңгенің АҚШ доллары үшін ресми бағамы 420,91 теңгені құрап, жыл ішінде 414,8 – 436,4 теңге аралығында өзгерді, жыл қорытындысы бойынша орташа бағамы 426 теңгені құрап, 431,8 теңге деңгейінде тоқтады; ресей рублі үшін 5,6 теңгені құрады, 5,6 - 6,1 теңге аралығында өзгерді, орташа өлшенген бағам 5,8 теңгені құрады, 5,8 теңге деңгейінде тоқтады.

Жыл қорытындысы бойынша ұлттық валюта АҚШ долларына -2,6%-ға (2020ж. -10%-ға), ресей рубліне - 2,5%-ға (2020 ж. +8,8%-ға нығайды) әлсіреді.

Ұлттық валютаның барынша нығаюы ақпанда байқалды – нарықта АҚШ доллары үшін 419 теңге, ал қараша мен желтоқсан айларында барынша әлсіреу байқалып – 430 – 436 теңгеге (орташа бағамы) жетті.

Ұлттық валютаның нығаюы ақпан айында Brent маркалы мұнай бағасының + 18% өсуіне, экономикалық, геосаяси факторлар мен тәуекелдердің әлсіреуіне, COVID-19 жаңа өршулеріне және мұнай бағасының төмендеуіне байланысты болды.

Ұлттық валютаның құбылмалылығы өткен жылмен салыстырғанда салыстырмалы түрде қолайлы сыртқы экономикалық конъюнктурадан әлдеқайда төмен болды.

ТЕҢГЕНІҢ АҚШ ДОЛЛАРЫНА ЖӘНЕ РЕСЕЙ РУБЛІНЕ ҚАТЫСТЫ БАҒАМЫ




БАНК СЕКТОРЫ

Банк секторының 2021 жылғы дағдарыстан кейінгі экономикаға ықпалы, банктердің кредит беру арқылы корпоративтік (+9%) және бөлшек сегменттеріндегі (+43%) активтерінің ұлғаюуынан өсті. Бөлшек кредиттеудегі нарықтың айтарлықтай өсуі мемлекет тарапынан ынталандырылған ипотекалық кредит беру (+40%) және тұтынушылық кредиттер (+40%) есебінен қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар, бизнесті қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды (кәсіпкерлік субъектілерін жеңілдікпен кредиттеу) іске асыруы, сондай-ақ іскерлік белсенділікті қалпына келтіру есебінен шағын бизнесті кредиттеудің айтарлықтай өсуі (+50%) байқалады.

ЕДБ АКТИВТЕРІНІҢ КӨЛЕМІ ЖӘНЕ ҚР ЖІӨ-ДЕГІ ЕДБ АКТИВТЕРІНІҢ ҮЛЕСІ



ЗТ ЖӘНЕ ЖТ КРЕДИТТЕРІ



ЗТ ЖӘНЕ ЖТ САЛЫМДАРЫ



ЕДБ жиынтық несиелік қоржыны (банкаралық қарыздар мен кері РЕПО-ны қоса алғанда) ақшалай өлшемде 2021 жылы 4,4 трлн. теңгеге (15,8 трлн. теңгеден 20,2 трлн. теңгеге дейін) ұлғайды. Кредиттеу қарқыны бір жыл ішінде күрт өсіп, 2020 жылғы 7%-ға қарағанда 28%-ға жетті.

Заңды тұлғаларға берілетін қарыздар бір жылда 9,8%-ға, ал жеке тұлғалардың кредиттік қоржыны 42,7%-ға өсті. 2021 жылы тұтынушылық кредиттерді беру бойынша динамикасы өз қалпына келіп жатқаны байқалады. Өсу қарқыны 2020 жылғы көрсеткіш бойынша 4,3%-дан 40%-ға жетті.

Мемлекеттік тұрғын үй бағдарламалары бойынша жеңілдіктерді беруді жалғастыру арқылы, сондай-ақ халықтың зейнетақы жинақтарын тұрғын үй жағдайларын жақсартуға пайдалану мүмкіндігін алу нәтижесінде, ипотекалық кредит беру көлемі 2020 жылғы 34,3%-ға қарағанда 40%-ға ұлғайды.

2021 жыл ҚР-да салымдардың 20,7%-ға (+ 4,5 трлн. теңге) 26 трлн. теңгеге дейін айтарлықтай өсуі байқалады, бұл ретте корпоративтік салымдар бір жылда 18,5%-ға (+2 трлн. теңге), ал бөлшек сегменттегі салымдар – бір жылда 22,8%-ға (+ 2,5 трлн. теңге) өсті.

Депозиттік базаның өсу драйверлері: зейнетақы жинақтарының бір бөлігін болашақ жылжымайтын мүлікке, яғни тұрғын үй құрылысы жинақ ақшасына аудару, ҚР ҰБ тарапынан базалық мөлшерлемені көтеру және тиісінше ҚДҚБҚ тарапынан депозиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесін арттыру мүмкіндігі.

Корпоративтік клиенттер үшін теңгелік салымдар бойынша мөлшерлемелер бірқалыпты өсімді көрсетті. Салымдар бойынша орташа алынған мөлшерлемелер 7,5-7,6%-дан 7,9-8,4%-ға дейін ұлғайды. Бөлшек сегментте мерзімді теңгедегі салымдар мөлшерлемесі де 8,3-8,6%-дан 8,4-8,8%-ға дейін өскенін көрсетті.

Корпоративтік сектордың валюталық салымдарының үлесі 2020 жылғы желтоқсандағы 36,2%-дан 37,6%-ға дейін өсті. Халықтың салымдарын долларландыру ұқсас кезең үшін 38,4%-дан 34,4%-ға дейін төмендеді.

БАНК СЕКТОРЫ


СБЕРБАНКТИҢ 2021 ЖЫЛДАҒЫ НАРЫҚТЫҚ ОРНЫ

- Нарықтағы 11,2% үлесімен активтер мөлшері бойынша 2-ші орын (01.01.2021 ж. 10,2%)
- Нарықтағы 13,0% үлесімен несиелік қоржынның көлемі бойынша 2-ші орын (01.01.2021 ж. 11,4%)
- Нарықтағы 12,6% үлесімен ЗТ салымдарының көлемі бойынша 2-ші орын (01.01.2021 ж. 11,6%)
- Нарықтағы 7,8% үлесімен ЖТ салымдарының көлемі бойынша 4-ші орын (01.01.2021 ж. 8,4%)
- Нарықтағы 10,1% үлесімен таза пайда бойынша 3-ші орын (01.01.2021 ж. 8,3%)

Сбербанк 2021 жылы активтерді, несиелік қоржынды ұлғайту және депозиттерді тарту жөнінде тиімді жұмыс нәтижесінде көлемді көрсеткіштердің есу қарқыны бойынша нарықтан озып келеді.

Сектор мен банктің сапалық көрсеткіштері несиелік қоржынының сапасын арттыру, операциялық қызметтің тиімділігін арттыру, өтімділіктің тұрақты деңгейі, капиталдандыру мен табыстылықты жақсарту, цифрлық арналар мен экожүйелерді дамыту, бизнес пен халықты мемлекеттік қолдау бойынша тиімді жұмыс есебінен жақсаруды көрсетеді.

Сектордың кредиттік қоржынының сапасы 2021 жылы айтарлықтай жақсарды және бірнеше ойыншылардың нарықтан шығуы және уытты қарыздар деңгейінің 38,2% төмендеуі нәтижесінде 2020 жылғы 6,9%-ға қарағанда ең төменгі деңгейге 3,3%-ға жетті.



2021 ЖЫЛДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ПЕН ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР



«Сбербанк» АҚ ЕБ ҚАРЖЫЛЫҚ- ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

ХҚЕС БОЙЫНША ПАЙДА ЖӘНЕ ЗАЛАЛ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2021 жылы «Сбербанк» АҚ ЕБ активтердің рекордтық өсу қарқынын (+33%) көрсетіп, абсолюттік мәнге 4,2 трлн. теңгеге, сондай-ақ 130,1 млрд. теңге мөлшеріндегі таза пайдаға (+115%) қол жеткізді. Операциялық кіріс 75,3%-ға 232,4 млрд. теңгеге дейін өсті. Таза пайыздық кірістің өсуі 172,9 млрд. теңгеге жетіп, 38,3%-ды құрады. Банктің тиімді қызметінің нәтижесінде таза комиссиялық кіріс 54,0%-ға артып, 39,8 млрд теңгеге жетті.

ПАЙЫЗДЫҚ КІРІСТЕР



2021 жылы пайыздық кірістер 46,1%-ға артып, 356,1 млрд. теңгені құрады.

2020 жылға қарағанда 2021 жылдың серпіндегі пайыздық кіріс көлемі 2020 жылғы 112,3 млрд. теңгеге қарағанда 356,1 млрд теңгені құрап, 46,1%-ға өскенін көрсетті. Өсімнің негізгі драйверлері ЗТ несиелік қоржынының 23%-ға (+236 млрд. теңге) және ЖТ несиелік қоржының 48%-ға (+347 млрд. теңге) ұлғаюы болды.

Пайыздық кірістер	2021		2020		2021 жылға қарай өсім		2019		2020 жылға қарай өсім	
	млн. теңге	үл. салм.	млн. теңге	үл. салм.	абс.	%	млн. теңге	үл. салм.	абс.	%
Клиенттерге берілген кредиттер	274 786	77,2%	198 754	81,5%	76 032	38,3%	161 403	89,5%	37 351	23,1%
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздар	35 102	9,9%	24 101	9,9%	11 001	45,6%	7 901	4,4%	16 200	205,0%
Ақша қаражаты мен олардың баламалары	29 862	8,4%	12 173	5,0%	17 689	145,3%	6 028	3,3%	6 145	101,9%
Сауда бағалы қағаздары	9 289	2,6%	6 058	2,5%	3 231	53,3%	2541	1,4%	3 517	138,4%
Кері «репо» шарттары	5 381	1,5%	559	0,2%	4 822	862,6%	261	0,1%	298	114,2%
Кредиттік мекемелердегі қаражат	1 100	0,3%	1 605	0,7%	-505	-31,5%	1 712	0,9%	-107	-6,3%
Амортизацияланған құны арқылы есептелетін инвестициялық бағалы қағаздар	581	0,2%	565	0,2%	16	2,8%	525	0,3%	40	7,6%
Пайыздық кірістер жиыны	356 101	100,0%	243 815	100,0%	112 286	46,1%	180 371	100,0%	63 444	35,2%

Жұмыс істейтін активтердің орташа кірістілігі өткен жылмен салыстырғанда 0,2% байнаға төмендеп, 11,7%-ды құрады. Алайда есептілік кезең үшін кредиттік қоржынның кірістілігі 0,9% байнаға өсіп, 14,9%-ды құрады.

млн. теңге	2021			2020			2019		
	Орташа қалдықтар	Пайыздық кірістер	Орташа табыстылық, %	Орташа қалдықтар	Пайыздық кірістер	Орташа табыстылық, %	Орташа қалдықтар	Пайыздық кірістер	Орташа табыстылық, %
Активтер									
Ақша қаражаты мен олардың баламалары	573 217	29 862	5,21%	150 155	12 173	8,10%	143 307	6 028	4,20%
Өзге банктердегі қаражат	84 599	6 481	7,66%	83 819	2 164	2,60%	36 683	1 973	5,40%
Клиенттерге берілген кредиттер	1 837 808	274 786	14,95%	1 418 234	198 754	14,00%	1 203 490	161 403	13,40%
Бағалы қағаздар	548 574	44 972	8,20%	391 977	30 724	7,80%	194 790	10 967	5,60%
Жұмыс істейтін активтер жиыны	3 044 198	356 101	11,70%	2 044 184	243 815	11,93%	1 578 269	180 371	11,43%

ПАЙЫЗДЫҚ ШЫҒЫНДАР

Пайыздық шығындар	2021		2020		2021 жылға қарай өсім		2019		2020 жылға қарай өсім	
	млн. теңге	үл. салм.	млн. теңге	үл. салм.	абс.	%	млн. теңге	үл. салм.	абс.	%
Корпоративтік клиенттердің мерзімді салымдары	-59 274	32,4%	-37 773	31,8%	-21 501	56,9%	-25 440	34,9%	-12 333	48,5%
Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер	-48 459	26,5%	-25 541	21,5%	-22 918	89,7%	-	0,0%	0	0,0%
Жеке тұлғалардың мерзімді салымдары	-39 879	21,8%	-38 646	32,5%	-1 233	3,2%	-32 970	45,3%	-5 676	17,2%
Бағалы қағаздармен «репо» шарттары	-19 859	10,8%	-5 367	4,5%	-14 492	270,0%	-1 811	2,5%	-3 556	196,4%
Кредиттік мекемелердің қаражаты	-13 368	7,3%	-7 345	6,2%	-6023	82,0%	-8 081	11,1%	736	-9,1%
Шығарылған борышкерлік бағалы қағаздар	-2 085	1,1%	-3 917	3,3%	1832	-46,8%	-4 438	6,1%	521	-11,7%
Жалға алу бойынша міндеттемелер	-265	0,1%	-238	0,2%	-27	11,3%	-118	0,2%	-120	101,7%
Пайыздық шығындар жиыны	-183 189	100,0%	-118 827	100,0%	-64 362	54,2%	-72 858	100,0%	-45 969	63,1%

2021 жылы пайыздық шығындар 2020 жылмен салыстырғанда 54,2%-ға, яғни 64,4 млрд. теңгеге өсіп, 01.01.2022ж. 183,2 млрд. теңгені құрады. ЖТ және ЗТ клиенттерінің тартылған қаражаты бойынша шығындар

үлесі 54,1%-ды құрады, өткен жылмен салыстырғанда ЖТ мерзімді салымдары бойынша шығындардың үлесті салмағын тиісінше 10,7%-ға азайту есебінен 10,2%-ға төмендеген. Шығарылған облигациялар бойынша

шығындар үлесі 1,1%-ды құрады (2020 жылы 3,3%). Банк қаражаты бойынша шығындар 6 млрд. теңгеге ұлғайып, олардың үлесі 7,3%-ды (2020 жылы 6,2%) құрады.

млн теңге	2021			2020			2019		
	Орташа қалдықтар	Пайыздық шығындар	Орташа құны, %	Орташа қалдықтар	Пайыздық шығындар	Орташа құны, %	Орташа қалдықтар	Пайыздық шығындар	Орташа құны, %
Міндеттемелер									
Кредиттік мекемелердің қаражаты	220 584	33 227	15,06%	175 307	12 712	7,30%	146 441	9 892	6,80%
Клиенттердің қаражаты	2 451 411	99 153	4,04%	1 989 406	76 419	3,80%	1 555 378	58 410	3,80%
Шығарылған борышкерлік бағалы қағаздар	21 201	2 085	9,83%	36 250	3 917	10,80%	51 122	4 438	8,70%
Пассивтер жиыны	2 693 196	134 465	4,99%	2 200 962	93 048	4,20%	1 752 940	72 740	4,10%

ТАЗА КОМИССИЯЛЫҚ КІРІС



Банктің таза комиссиялық кірісі 54,0%-ға немесе 13,9 млрд. теңгеге өсіп, 01.01.2022 ж. 39,8 млрд. теңгені құрады.

Пайыздық шығындар	2021	2020	2021 жылға қарай өсім		2019	2020 жылға қарай өсім	
			абс.	%		абс.	%
Комиссиялық кірістер	69 343	43 564	25 779	59,2%	37 252	6 312	16,9%
Төлем карталарымен операциялар	24 329	15 831	8 498	53,7%	12 946	2 885	22,3%
Есеп айырысу операциялары	12 405	9 043	3362	37,2%	9 036	7	0,1%
Кассалық операциялар	4 425	3 727	698	18,7%	4 425	-698	-15,8%
Пакеттік ұсыныстар	2 554	3 322	-768	-23,1%	3 026	296	9,8%
Шетел валютасымен операциялар	1 991	1 611	380	23,6%	1 833	-222	-12,1%
Берілген кепілдіктер	3 056	2 669	387	14,5%	2 822	-153	-5,4%
Агенттік қызметтер	17 827	5 625	12 202	216,9%	1 648	3977	241,3%
Құжаттамалық есеп-айырысулар	834	597	237	39,7%	259	338	130,5%
Басқа	1 922	1 139	783	68,7%	1 257	-118	-9,4%
Комиссиялық шығындар	-29 570	-17 741	-11 829	66,7%	-14 210	-3 531	24,8%
Төлем карталарына қызмет көрсету	-24 814	-15 296	-9 518	62,23%	-12 037	-3 259	27,1%
Есеп айырысу операциялары	-3 479	-1 828	-1 651	90,32%	-1 544	-284	18,4%
Құжаттамалық есеп-айырысулар	-132	-120	-12	10,00%	-110	-10	9,1%
Қабылданған кепілдіктер	-68	-73	5	-6,85%	-109	36	-33,0%
Басқа	-1 077	-424	-653	154,01%	-409	-15	3,7%
Таза комиссиялық кіріс	39 773	25 823	13 950	54,0%	23 042	2 781	12,1%

2021 жылы алынған таза комиссиялық кіріс агенттік қызметтер есебінен 12,2 млрд. теңгеге (+216,9%) және есеп айырысу-кассалық операциялар 2,4 млрд. теңгеге (+22.0%) ұлғайды.



ПАЙЫЗСЫЗ КІРІС

млн теңге	2021	2020	2021 жылға қарай өсім		2019	2020 жылға қарай өсім	
			абс.	%		абс.	%
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздардың танылуын тоқтату нәтижесіндегі таза шығындар	-20	-9	-11	122,2%	-	0	0,0%
Кіріс және шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы қағаздармен операциялар бойынша таза пайда	40	20	20	100,0%	8	12	150,0%
Шетел валютасындағы операциялар бойынша және туынды қаржы құралдары бойынша таза кірістер	35 321	31 025	4296	13,8%	31 855	-830	-2,6%
Мемлекеттік субсидиялардан кіріс	3 276	-	0	0,0%	258	0	0,0%
Амортизацияланған құны арқылы есептелетін қаржылық активтердің бастапқы танылуы нәтижесіндегі таза шығындар	-	-	0	0,0%	-	0	0,0%
Өзге де кірістер	1 097	726	371	51,1%	651	75	11,5%
Өзге де шығыстар	-1 390	-591	-799	135,2%	-637	46	-7,2%
Пайызсыз кірістер	38 324	31 171	7 153	22,9%	32 135	-964	-3,0%

Банктің пайызсыз кірістері 2021 жылы 22,9%-ға немесе туынды қаржы құралдарынан және 4,3 млрд. теңгеге шетел валютасымен операциялардан түскен кіріс есебінен 7,1 млрд. теңгеге ұлғайды.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ШЫҒЫНДАР

Банктің есеп беру кезеңіндегі операциялық шығыстары 30,0%-ға немесе 17,5 млрд. теңгеге артты және 2022 жылғы 1 қаңтарда 75,9 млрд. теңгені құрады. Өсім қызметкерлерге жұмсалатын шығыстардың 9,2 млрд. теңгеге (өткен жылмен салыстырғанда +32,5%), сондай-ақ әкімшілік-шаруашылық шығыстардың 5,5 млрд. теңгеге немесе +32,9%-ға және негізгі құралдардың амортизациясының 2,5 млрд. теңгеге (+26,6%) ұлғаюы себебінен болды.

млн теңге	2021	2020	2021 жылға қарай өсім		2019	2020 жылға қарай өсім	
			%	абс.		%	абс.
Қызметкерлерге шығындар	37 677	28 441	32,5%	9 236	27 212	4,5%	1 229
Кіріс салығынан басқа салықтар	1 600	1 278	25,2%	322	1 262	1,3%	16
Әкімшілік-шаруашылық шығындар	22 124	16 650	32,9%	5 474	12 551	32,7%	4 099
Негізгі қаражаттың амортизациясы	11 806	9 327	26,6%	2 479	7 510	24,2%	1 817
Салымдарды кепілдендірілген сақтандыру бойынша шығындар	2 696	2 708	-0,4%	-12	2 507	8,0%	201
Барлық операциялық шығындар	75 903	58 404	30,0%	17 499	51 042	14,4%	7 362

ХҚЕС БОЙЫНША «СБЕРБАНК» АҚ ЕБ ТЕҢГЕРІМ ҚҰРЫЛЫМЫН ТАЛДАУ

АКТИВТЕР

2021 жылы банк активтері 32,9%-ға немесе 1 038,5 млрд. теңгеге өсіп, 4 191,4 млрд. теңгені құрады. Кредиттік қоржын (нетто) 01.01.2022 ж. 2 125,9 млрд. теңгені құрады. Банктің жиынтық активтеріндегі кредиттік қоржынның үлесі – 50,7%. Ақша қаражаты мен олардың баламалары 61,7%-ға немесе 528,7 млрд. теңгеге өсті және 1 385,1 млрд. теңгені құрады. Активтердегі ақша қаражатының үлесі – 33,0%. Банктің жиынтық активтеріндегі басқа банктердегі қаражатының үлесі өткен кезеңмен салыстырғанда 54,6 млрд. теңгеге немесе 48,8%-ға төмендеп, 57,3 млрд. теңгені құрады. Бағалы қағаздардың қоржыны 2021 жылы өткен кезеңмен салыстырғанда 17,7%-ға азайып, 391,2 млрд. теңгені құрады.

Банктің активтер бойынша нарықтық үлесі 2021 жылы 11,2%-ды құрады.

Активтер	2021		2020		2021 жылға қарай өсім		2019		2020 жылға қарай өсім	
	млн. теңге	үл. салм.	млн. теңге	үл. салм.	абс.	%	млн. теңге	үл. салм.	абс.	%
Ақша қаражаты мен олардың баламалары	1 385 112	33,0%	856 394	27,2%	528 718	61,7%	538 987	24,7%	317 407	58,9%
Өзге банктердегі қаражат	57 293	1,4%	111 905	3,5%	-54 612	-48,8%	55 732	2,6%	56 173	100,8%
Туынды қаржы құралдары	148 459	3,5%	82 293	2,6%	66 166	80,4%	42 423	1,9%	39 870	94,0%
Туынды қаржы активтері	1 020	0,0%	-	0,0%	0	0,0%	-	0,0%	0	0,0%
Клиенттерге берілген кредиттер	2 125 895	50,7%	1 549 720	49,2%	576 175	37,2%	1 286 748	58,9%	262 972	20,4%
Инвестициялық бағалы қағаздары:	391 245	9,3%	475 151	15,1%	-83 906	-17,7%	184 086	8,4%	291 065	158,1%
Ағымдағы корпоративтік кіріс салығы бойынша активтер	144	0,0%	-	0,0%	0	0,0%	1 213	0,1%	0	0,0%
Негізгі қаражат	42 772	1,0%	38 473	1,2%	4 299	11,2%	38 724	1,8%	-251	-0,6%
Материалды емес активтер	22 386	0,5%	23 195	0,7%	-809	-3,5%	20 565	0,9%	2 630	12,8%
Басқа активтер	17 030	0,4%	15 678	0,5%	1 352	8,6%	15 113	0,7%	565	3,7%
Басқа қаржы активтері	2 066	0,0%	566	0,0%	1 500	265,0%	1 185	0,1%	-619	-52,2%
Басқа қаржы емес активтер	14 964	0,4%	15 112	0,5%	-148	-1,0%	13 928	0,6%	1 184	8,5%
Активтер жиыны	4 191 356	100,0%	3 152 809	100,0%	1 038 547	32,9%	2 183 591	100,0%	969 218	44,4%

КЛИЕНТТЕРГЕ КРЕДИТТЕР



Өткен жылы кредиттік қоржын (брутто) 580,9 млрд. теңгеге немесе 33,7%-ға өсті, оның ішінде:

- заңды тұлғалардың кредиттік қоржыны 17,2%-ға (161,4 млрд. теңгеге) өсті;
- жеке тұлғалардың кредиттік қоржыны 53,2%-ға (419,5 млрд. теңгеге) өсті.

Банктің нарықтық үлесі 2021 жылы несиелік қоржынның мөлшері бойынша 13,0%-ды құрады.

	2021		2020		2021 жылға қарай өсім		2019		2019 жылға қарай өсім	
	млн. теңге	үл. салм.	млн. теңге	үл. салм.	абс.	%	млн. теңге	үл. салм.	абс.	%
ЗТ кредиттері	1 097 296	51,6%	935 907	44,0%	161 389	17,2%	864 407	40,7%	71 500	8,3%
ЖТ кредиттері	1 208 063	92,2%	788 527	67,2%	419 536	53,2%	564 963	55,8%	223 564	39,6%
Кредиттік портфель жиыны, брутто	2 305 359	92,0%	1 724 434	89,9%	580 925	33,7%	1 429 370	90,0%	295 064	20,6%
Кредиттік портфельдің құнсыздануы жағдайына резерв	-179 464	8,0%	-174 714	10,1%	-4 750	2,7%	-142 622	10,0%	-32 092	22,5%
Кредиттік портфель жиыны, нетто	2 125 895	100,0%	1 549 720	100,0%	576 175	37,2%	1 286 748	100,0%	262 972	20,4%

2021 жылы кредит берудің негізгі секторлары:

	2021		2020		2021 жылға қарай өсім		2019		2020 жылға қарай өсім	
	млн. теңге	үл. салм.	млн. теңге	үл. салм.	млн. теңге		млн. теңге	үл. салм.	млн. теңге	
Жеке тұлғалар үшін тұтынушылық, тұрғын үй және автокредиттер	1 208 063	52,4%	788 527	45,7%	419 536		564 963	39,5%	223 564	
Сауда	320 956	13,9%	287 851	16,7%	33 105		259 695	18,2%	28 156	
Өндіріс	270 605	11,7%	201 781	11,7%	68 824		189 258	13,2%	12 523	
Қызметтер	109 631	4,8%	122 559	7,1%	-12 928		123 433	8,6%	-874	
Көлік	69 650	3,0%	75 401	4,4%	-5 751		94 327	6,6%	-18 926	
Жылжымайтын мүлік және құрылыс	129 103	5,6%	117 664	3,7%	11 439		107 667	4,1%	9 997	
Тау-кен өнеркәсібі	81 306	3,5%	74 035	4,3%	7 271		48 945	3,4%	25 090	
Ауыл шаруашылығы	50 847	2,2%	45 729	2,7%	5 118		30 125	2,1%	15 604	
Білімі	35 423	1,5%	4 411	0,3%	31 012		5 214	0,4%	-803	
Жанармай-энергетикалық пайдалы қазбаларды өндіру	9 279	0,4%	5 390	0,3%	3 889		984	0,1%	4 406	
Басқасы	2 187	0,1%	1 086	0,1%	1 101		4 759	0,3%	-3 673	
Басқа қаржылық міндеттемелер	28 477	0,7%	16 733	0,6%	11 744		15 449	0,8%	1 284	
Басқа қаржылық емес міндеттемелер	9 118	0,2%	5 878	0,2%	3 240		3 911	0,2%	1 967	
Кредиттік қоржын жиыны	2 305 359	100,0%	1 724 434	100%	580 925		1 429 370	100%	295 064	

- Жеке тұлғалардың тұтынушылық, тұрғын үй кредиттері және автокредиттеу 419,5 млрд. теңгеге немесе 53,2%-ға өсіп, 1 208,1 млрд. теңгені құрады. Қоржындағы кредит беру үлесі 01.01.2022 жылға 52,4%-ды құрады.
- Банктің кредиттік қоржынындағы сауда үлесі өткен кезеңмен салыстырғанда 33,1 млрд. теңгені немесе 11,5%-ды құрап, 320,9 млрд. теңгені құрады.
- 2021 жылы өндіріс секторы өткен кезеңмен салыстырғанда 34,1%-ға ұлғайып, 270,6 млрд. теңгені құрады.

МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Банктің 2021 жылғы міндеттемелері 33,6%-ға немесе 959,8 млрд. теңгеге артты.



	2021		2020		2021 жылға қарай өсім		2019		2020 жылға қарай өсім	
	млн. теңге	үл. салм.	млн. теңге	үл. салм.	абс.	%	млн. теңге	үл. салм.	абс.	%
Кредиттік мекемелердің қаражаты	223 501	5,9%	217 667	7,60%	5 834	2,7%	132 946	6,8%	84 721	63,7%
Туынды қаржылық міндеттемелер	-	0,0%	2 087	0,10%	0	0,0%	-	0,0%	0	0,0%
Корпоративтік клиенттердің қаражаты	1 594 829	41,8%	1 313 355	46,00%	281 474	21,4%	857 286	44,0%	456 069	53,2%
Жеке тұлғалардың қаражаты	1 059 828	27,8%	934 809	32,80%	125 019	13,4%	785 827	40,3%	148 982	19,0%
«Репо» шарттары	510 170	13,4%	87 534	3,10%	422 636	482,8%	2 006	0,1%	85 528	4263,6%
Шығарылған борышкерлік бағалы қағаздар	-	0,0%	21 201	0,70%	0	0,0%	51 299	2,6%	-30 098	-58,7%
Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер	384 652	10,1%	250 007	8,80%	134 645	53,9%	97 805	5,0%	152 202	155,6%
Ағымдағы корпоративтік кіріс салығы бойынша міндеттемелер	-	0,0%	387	0,00%	0	0,0%	-	0,0%	0	0,0%
Кейінге қалдырылған корпоративтік кіріс салығы бойынша міндеттемелер	2 260	0,1%	3 386	0,10%	-1 126	-33,3%	3 169	0,2%	217	6,8%
Өзге де міндеттемелер	37 595	1,0%	22 611	0,80%	14 984	66,3%	19 360	1,0%	3 251	16,8%
Міндеттемелер жиыны	3 812 835	100,0%	2 853 044	100%	959 791	33,6%	1 947 692	100,0%	905 352	46,5%

- 2021 жылы корпоративтік клиенттердің қаражаты 21,4%-ға немесе 281,4 млрд. теңгеге ұлғайып, 1 594,8 млрд. теңгені құрады.
- Ипотекалық ұйым алдындағы міндеттемелер 53,9%-ға немесе 134,6 млрд. теңгеге ұлғайды.
- 2021 жыл ішінде банк жалпы номиналды құны 20 968 млн. теңге болатын облигацияларды өтеді.
- Кейінге қалдырылған корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелер өткен жылмен салыстырғанда 33,3%-ға немесе 1 126 млрд. теңгеге азайып, 2 260 млрд. теңгені құрады.

КЛИЕНТТЕРДІҢ ҚАРАЖАТЫ

Клиенттердің қаражаты міндеттемелердің жалпы көлемінің 78,8% құрайтын үлес салмағымен банкті қорландырудың негізгі көзі болып табылады.

01.01.2022ж. клиенттердің қаражаты 3 164,8 млрд. теңгені құрап, бір жыл ішінде 35,5%-ға немесе 829,1 млрд. теңгеге ұлғайды, оның ішінде:

- корпоративтік клиенттердің қаражаты бойынша – 50,3%-ға немесе 704,1 млрд. теңгеге өсті;
- жеке тұлғалардың қаражаты бойынша – 13,4%-ға немесе 125 млрд. теңгеге өсті.

	2021		2020		2021 жылға қарай өсім		2019		2020 жылға қарай өсім	
	млн. теңге	үл. салм.	млн. теңге	үл. салм.	абс.	%	млн. теңге	үл. салм.	абс.	%
КОРПОРАТИВТІК КЛИЕНТТЕР										
Ағымдағы шоттар	646 154	20,4%	498 390	21,3%	147 764	29,6%	389 798	23,7%	108 592	27,90%
Мерзімдік салымдар	948 675	30,0%	814 965	34,9%	133 710	16,4%	465 482	28,3%	108 513	23,30%
"Репо" операцияларын есепке алмағандағы корпоративтік клиенттердің қаражаты	1 594 829	50,4%	1 313 355	56,2%	281 474	21,4%	855 280	52,1%	217 105	23,30%
«Репо» шарттары	510 170	16,1%	87 534	3,7%	422 636	482,8%	2 006	0,1%	85 528	4263,60%
Корпоративтік клиенттердің қаражаты	2 104 999	66,5%	1 400 889	60,0%	704 110	50,3%	857 286	52,2%	302 633	35,30%
ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР										
Ағымдағы шоттар	232 368	7,3%	171 403	7,3%	60 965	35,6%	124 116	7,6%	47 287	38,10%
Мерзімді салымдар	827 460	26,1%	763 406	32,7%	64 054	8,4%	661 711	40,3%	101 695	15,40%
Жеке тұлғалардың қаражаты	1 059 828	33,5%	934 809	40,0%	125 019	13,4%	785 827	47,8%	148 982	19,00%
Клиенттер қаражатының жиыны *	3 164 827	100,0%	2 335 698	100,0%	829 129	35,5%	1 643 113	100,0%	451 615	27,50%

* «репо» операцияларын ескергенде

Корпоративтік клиенттердің қаражатын экономика салалары бойынша бөлу:

- Тұтынушыларға қызмет көрсету – 20,7%
- Қаржылық, инвестициялық қызмет – 6,7%
- Сауда – 14,0%
- Жылжымайтын мүлік және құрылыс – 12,1%
- Өндіріс – 19,6%
- Сақтандыру және зейнетақы қорлары – 5,0%
- Тау-кен қазба өнеркәсібі – 5,8%
- Мұнай-газ өнеркәсібі – 9,8%
- Көлік және байланыс – 3,3%
- Ауыл шаруашылығы – 1,9%
- Мемлекеттік басқару – 0,2%
- Басқасы – 0,7%

ШЫҒАРЫЛҒАН БОРЫШКЕРЛІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

2021 жылы банк жылдық 11,00% номиналды сыйақы мөлшерлемесімен SBERb10 купондық облигацияларын жоспарлы өтеуді жүзеге асырды.

МЕНШІКТІ КАПИТАЛДЫҢ ЖЕТКІЛІКТІЛІГІ

	2021 жылғы 1 қаңтар	2022 жылғы 1 қаңтар	Өсу қарқыны	
	млн. теңге	млн. теңге	абс.	%
Жарғылық капитал	51 500	51 500	0	0,00%
Бөлінбеген пайда	221 104	302 770	81 666	36,94%
Басқа	3 947	1 857	-2 090	-52,95%
Капитал жиыны	276 551	356 127	79 576	28,77%

2021 жылы меншікті капитал 28,77%-ға немесе 80 млрд. теңгеге ұлғайды.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайға сәйкес 12 838 826 шығарылған акциялар (99,99%) Иегер компанияға тиесілі.

ҚРҰБ реттеуші органының талаптарына сәйкес есептелген капитал жеткіліктілігінің коэффициенттері талап етілетін ең төменгі деңгейден асып түседі. 2021 жыл ішінде банк меншікті капиталдың жеткіліктілік нормативтеріне қатысты барлық белгіленген талаптарды сақтады.

	Реттеу нормативтері	2021 жылғы 1 қаңтар	2022 жылғы 1 қаңтар
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті k1-1	min 9,5%	17,22%	16,18%
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті k1-2	min 10,5%	17,22%	16,18%
Капиталдың жеткіліктілік коэффициенті k2	min 12,0%	17,22%	16,18%

«Сбербанк» АҚ ЕБ орналастырылған жай акциялар саны – 12 839 114 дана. Шығарылған және орналастырылған артықшылық берілген акциялар жоқ. «Сбербанк России» Жария акционерлік қоғамы орналастырылған және дауыс беру құқығын беретін акциялардың 99,997%-ның ұстаушысы болып табылады.

БӨЛШЕК БИЗНЕС

Негізгі нәтижелер:

- 2021 жылдың қорытындысы бойынша белсенді клиенттер саны **364** мың адамға немесе **30%**-ға артты.
- 2021 жылдың қорытындысы бойынша ЖТ кредиттері бойынша нарықтағы үлесі **11%**-ды құрады, **+6%** өсті.
- 2021 жылы бөлшек бизнестің несиелік қоржыны бойынша өсім **48%**-ды құрады.
- 2021 жылы төлем карталарын шығару 2020 жылмен салыстырғанда **17%**-ға өсті.
- 2021 жылы онлайн өнімдерді сату үлесі 2020 жылмен салыстырғанда **21%**-ға өсті.
- Сбербанк Онлайн ай сайынғы белсенді клиенттер санының өсуі **+27%** құрады.



Бөлшек бизнестегі нәтижелер келесі іс-шаралар мен бағдарламалардың арқасында қолжеткізілді:

Кредит беру:

- Sber KZ-те E2E қайта қаржыландырудың онлайн-үдерісі іске қосылды.
- Sber KZ мобильді қосымшасы арқылы кредиттік карталарды шығару үдерісі жүзеге асырылды.
- «Технодом» және «Sulpak» серіктестерінің желісінде тауар сатып алуға «Тауарлық кредит/Бөліп төлеу» өнімі іске қосылды.
- «BiGroup» және «Дом.кз» серіктестерінің сайттарынан онлайн ипотека өнімі іске қосылды.
- Банктің серіктесі «Orbis Kazakhstan» КТ-мен бірлесіп КАСКО-мен автокредит беру іске қосылды.

Digital және төлем карталары:

- Sber KZ жаңа мобильді қосымшасы іске қосылды.
- Sulpak-пен серіктестік бағдарлама шеңберінде URBAN карталары бойынша бөліп төлеуді рәсімдеудің онлайн-үдерісі жүзеге асырылды.
- Sber KZ-те SberTravel өнімі іске қосылды.
- «Сбер Прайм» бірінші банктік жазылым сервисі іске асырылды.
- Google Pay электрондық әмияны іске қосылды.

Транзакциялық өнімдер:

- Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Қытайға трансшекаралық P2P аударымдары іске қосылды
- Sber KZ жаңа қосымшасында аударымдар қолжетімді болды: өз шоттарыңыз арасында, ЕДБ карталарына P2P, Золотая корона, Сбербанк клиенттеріне ЖТ/ЗТ шоттарына, РФ-дағы Сбербанк ЖАҚ клиенттеріне телефон нөмірі бойынша P2P аударымдары.
- Sber KZ-ке тікелей айырбастау енгізілді
- Sber KZ-те салық берешегі мен ЖҚЕ айыппұлдарын төлеу және тағы басқалар.

КОРПОРАТИВТІК БИЗНЕС

Негізгі нәтижелер:

- 2021 жылдың қорытындысы бойынша белсенді корпоративтік клиенттердің саны **31%**-ға артып, 01.01.2022 жылға **89,1** мыңды құрады.
- 2021 жылдың қорытындысы бойынша ЗТ кредиттері бойынша нарықтағы үлес **18,5%**-ды құрады, ж.ж. **+4,3** өсті.
- 2021 жылы корпоративтік бизнестің несиелік қоржыны бойынша өсім **+23,6%**-ды құрады.
- Интернет-кеңсе жүйесі арқылы заңды тұлғалар төлемдерінің саны төлемдердің жалпы санының **99%**-ын құрады.
- Онлайн сату үлесінің көрсеткіші ж.ж. **5,7%**-ға артты.
- Онлайн шығыс операциялары үлесінің ж.ж. **6,2%**-ға өсуі
- Онлайн конверсиялық операциялар көлемінің үлесі ж.ж. **16%**-ға артты

КРЕДИТ БЕРУ

«Сбербанк» АҚ ЕБ – Қазақстандағы шетелдік ЕДБ арасында қаржыландыру көлемі бойынша бірінші, Қазақстан Республикасының ірі қаржы институты болып табылады. 2021 жылы «Сбербанк» АҚ ЕБ ел экономикасын 1000 млрд. теңгеден астам көлемде қаржыландырды.

Қазақстан экономикасы үшін маңызды келесі компаниялар қаржыландырылды: «Қазақмыс» ЖШС корпорациясы, «Еуроазиялық энергетикалық корпорация» АҚ, «Кока-Кола Алматы Боттлерс» Бірлескен кәсіпорны ЖШС, «HYUNDAI AUTO KAZAKHSTAN» ЖШС және т.б.

Нұр-Сұлтан қаласында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік шеңберінде ең әлеуметтік маңызы бар қаржыландырылған жобалардың бірі BINOM инновациялық мектептерінің құрылысы болды. BINOM School – бұл алдыңғы қатарлы білім беру жүйесі және жаңа техникалық жабдықтары бар инновациялық мектептер. Жаңа оқу орындарынан басқа, мектептердің құрылысы 2000-нан астам жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік береді.

Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау

Сбербанк түрлі даму институттары («Даму» ҚДҚ, «Қазақстанның Даму Банкі» (ҚДБ) АҚ және т.б.) ат салысатын мемлекеттік бағдарламалардың көпшілігінің белсенді қатысушысы болып табылады. Шағын бизнесті дамытуды ынталандыруға бағытталған бағдарламалар бойынша берілген кредиттер көлемі 512,1 млрд. теңгені құрады.

ШАҒЫН БИЗНЕСТІ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ КРЕДИТТЕРДІҢ САНЫ МЕН КӨЛЕМІ

	2019	2020	2021
Шағын бизнесті және жергілікті қоғамдастықтарды қолдау бағдарламаларына байланысты кредиттердің көлемі	89, 3	390	512,1
Шағын бизнесті және жергілікті қоғамдастықтарды қолдау бағдарламаларына байланысты кредиттердің саны	3 432	9 576	15 737

ШАҒЫН БИЗНЕСТІ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ ҚОҒАМДАСТЫҚТАРДЫ ҚОЛДАУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА БАЙЛАНЫСТЫ ӨТЕЛМЕГЕН НЕМЕСЕ МЕРЗІМІ ӨТКЕН КРЕДИТТЕР САНЫ

	2019	2020	2021
Шағын бизнесті және жергілікті қоғамдастықтарды қолдау бағдарламаларына байланысты кредиттердің көлемі, млн. теңге	929	474	3 043
Шағын бизнесті және жергілікті қоғамдастықтарды қолдау бағдарламаларына байланысты кредиттердің саны	56	2	288

Мемлекеттік бағдарламалар бойынша қаржыландыру шеңберінде төмен көміртекті экономиканы дамытуға бағытталған жобаларға көп көңіл бөлінеді. «Сбербанк» АҚ ЕБ БҰҰ Даму бағдарламасының халықаралық экологиялық жобасын 3 жылға қаржыландырған алғашқы банкке айналды. 01.01.2022 жылға осы бағдарлама бойынша 6 жоба және 29 кредит қаржыландырылады.

«Жаңартылатын энергия көздеріне инвестициялау тәуекелдерін төмендету» БҰҰДБ-ЖЭҚ субсидиялау бағдарламасы бойынша бір Қарыз алушының 14 кредиті субсидияланады. «Жаңартылатын энергия көздеріне инвестициялау тәуекелдерін төмендету» БҰҰДБ-ЖЭҚ қаражатын шартты орналастыру бағдарламасы бойынша бір жоба қаржыландырылды. «Қазақстандағы төмен көміртекті дамуға арналған тұрақты қалалар» БҰҰДБ субсидиялау

бағдарламасы бойынша төрт Қарыз алушы бойынша 14 кредит субсидияланады.

ЭКСПОРТТЫҚ БАҒЫТТЫ ҚОЛДАУ

Банк өз қызметінде экспорттық бағытқа ерекше назар аударады, өйткені одан үлкен потенциал көріп отыр. 2022 жылы банк шамамен 14 млрд. теңге сомаға ауыр өнеркәсіп, азық-түлік және автомобиль салалары сияқты бағыттар бойынша саудаға-саттыққа қаржы берді. Негізгі экспорттаушы елдер – РФ, Өзбекстан және Тәжікстан.

«Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы - «KazakhExport» компаниясымен және ҚР сауда және интеграция министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымымен ынтымақтастық аясында - «Сбербанк» АҚ ЕБ Душанбе қаласындағы таксопаркті кеңейту және тұрғын үй құрылысы үшін Тәжікстандағы ең ірі банк «Амонатбанк» клиенттерінің жобаларын қаржыландырды. Бұл «СарыАркаАвтопром» ЖШС-нің JAC маркалы 200-ге жуық автокөлікті жеткізуге және «Евраз Каспиан Сталь» ЖШС-нің құрылыс арматурасын жеткізуге арналған жобалары. Қаржыландырудың жалпы сомасы шамамен 5 млн. долларды құрады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕСТІ ДАМУ

Сондай-ақ, банк халықаралық бизнес бағытын белсенді дамытуда. Осылайша, 2021 жылы шетелдік қаржы институттарымен жалпы сомасы 38,2 млрд. теңге көлемінде сауданы қаржыландыру мәмілелері жүзеге асырылды. Оның ішінде «Чайнасельхозбанк» ЖШҚ мен «Экспобанк» ЖШҚ-ға сауда-саттық қарыздары үшін қаржыландыру берілді.

2021 жылы бизнес клиенттер үшін жаңа өнімдер мен үдерістер енгізілді, атап айтқанда:

- Бизнес карталарды шығару бойынша онлайн сервис, оның ішінде Сбербизнес WEB – нұсқасында виртуалды бизнес карта іске асырылды.
- ЖК үшін өмірді сақтандырумен кепілсіз скоринг кредиті іске қосылды.
- Кепілсіз скоринг қарыздарды қайта құрылымдау бойынша автоматты шешім қабылдау енгізілді.
- PDF, XLS, XML клиент үшін кез келген ыңғайлы форматта 24/7 карталар мен карт-шоттардың үзінді көшірмелерін қалыптастыру қолжетімді болды.
- Қолданыс мерзімі бойынша карталарды автотіркеу сервисі іске асырылды: 45 және 15 күн ішінде SMS-хабарлама/Push жіберу арқылы сервистерді ажырату (SMS-банкинг үшін, жылдық қызмет көрсету үшін);
- Сбербизнесе виртуалды карта бойынша толық деректемелік құрамды алу бойынша функционал іске асырылды.
- Онлайн-кассалармен (NurKassa, YIЖ) интеграция жүргізілді.
- MasterCard және Visa төлем карталары бойынша Pin on glass функциясы енгізілді.
- СБЕР QR арқылы төлемдерді қабылдау қолжетімді болды.
- Клиенттерге автоматты түрде e-mail-ге үзінді көшірмелерді жіберу (күн сайын, апта сайын, ай сайын, XLS немесе HTML форматында).

Бұдан басқа, 2021 жылы корпоративтік клиенттерге бірқатар қаржылық емес сервистер қолжетімді болды:

- Сайттарды әзірлеу
- Онлайн құжат құрастырушы
- Сбербизнесе Қазақстан, Ресей контрагенттерін тексеру сервисі
- 2ГИС-тегі жарнама
- Учет.kz бухгалтерлік есеп аутсорсингі
- SEO және PPC жылжыту/Email-маркетинг/OLV – бейне-жарнама
- SMM: әлеуметтік желілерде бизнесті жылжыту.

ЭКОЖҮЙЕ

SberX/SuperApp/Кредит беру:

1. СберПрайм – жазылым үлгісінің сервисі іске қосылды. Жазылым қаржылық және қаржылық емес қызметтерді қамтиды;
2. Ұшақ/ТЖ билеттерін сатып алу сервисінің мобильді нұсқасы –SberTravel іске қосылды. Сервис Сбербанктің жеке платформасында іске қосылды – SuperApp – SberKz;
3. ЮMoney электрондық әмияндарын сәйкестендіру бойынша Қазақстанда абсолюттік көшбасшылыққа қол жеткізілді – барлық сәйкестендірулердің 90%-дан астамы;
4. Музыкалық стримминг сервистері іске қосылды – СберЗвук және СберЗвук Бизнес;
5. Сбер ЖАҚ экожүйе сервистеріне тікелей төлем жасау бойынша сервистер іске қосылды – Okko, SberKz платформасындағы СберЗвук;
6. All-In клубының бейілділік бағдарламасы сәтті енгізілді;
7. SberID пайдаланушының кросс-сәйкестендіруінің жеке жүйесі енгізілді;
8. SuperApp – SberKz жеке платформасына толық көшу аяқталды;
9. Елшіліктерге ұсыну үшін онлайн анықтамалар алу сервисі әзірленді.



ИНТЕРНЕТ-ЭКВАЙРИНГ

- Сбербанк Бизнес Онлайн-да Онлайн-онбординг интернет эквайринг іске асырылды;
- Пилоттық режимде онлайн шайпұл төлеу сервисі іске асырылды;
- Карталарға төлем сервисі іске асырылды;
- Интернет-эквайринг үшін SBERPAY іске асырылды;
- 3DS 2.0. сервисі іске асырылды.

ФИЛИАЛДЫҚ ЖЕЛІ

Банктің филиалдық желісі 01.01.2022 жылғы жағдай бойынша 111 банк бөлімшелерінен, оның ішінде Қазақстанның ірі қалаларында 17 филиалынан тұрады. 2021 жылы Алматы қаласында «Сбербанк Бірінші» № 120 ФҚБ жаңа бір бөлімшесінің ашылуы өтті, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласында «Сбербанк Бірінші» № 19 ФҚБ-ның бір бөлімшесі ауыстырылды.

Банк бөлімшелері банктік қызмет көрсетудің соңғы заманауи стандарттарына жауап береді. Ең жаңа банктік технологиялар келіп түскен өтініштерді ең қысқа мерзімде өңдеуге, сараптауға және орындауға мүмкіндік береді, операциялық залдардың функционалды инфрақұрылымы клиенттерге қызмет көрсету үшін барынша қолайлы жағдайлар ұсынады.

Банктің филиалдық желісін дамытудың негізгі міндеттері:

- Филиалдық желіні қарқынды дамыту, облыс пен өнеркәсіп орталықтарында банктің қатысуын кеңейту;
- Филиал бөлімшелерінің табысты әрі тиімді жұмысын қамтамасыз ету, ашылған бөлімшелердің өз шығынын өтелуіне жеткізу.

Мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін қаржылық қызметтердің қолжетімділігі

Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға банктік қызметтердің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін банк реттеушінің нормативтік талаптарына сәйкес филиалдық желі бөлімшелерін бейімдеу бойынша жұмыс жүргізуде. Бөлімшелердің кіру алаңын пандустармен/көтергіштермен жабдықтау, тұтқаларды орнату, касса аумағын, сондай-ақ санитариялық тораптарды бейімдеу мен орнату бойынша белсенді жұмыстар жүргізілуде.

Жөндеу-құрылыс жұмыстарынан басқа, мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін қаржылық қызметтердің қолжетімділік сапасын арттыру мақсатында, банк қызметкерлерінің фронт-кеңселерінде мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға қызмет көрсету кезіндегі біліктілігін арттыруға арналған оқытуды жүргізеді, сондай-ақ ерекшеліктері бар адамдарға арналған қашықтықтан қаржылық қызметтер көрсетудің байланыс арналарын дамытумен айналысады.

IT-ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Инфрақұрылымды және технологиялық платформаларды дамыту

Банк жүйелерінің тұрақтылығы мен сенімділігіне бағытталған ең ірі IT жобаларының бірі банктің апатқа төзімді IT-инфрақұрылымын құру жобасы болды. Жоба шеңберінде банктің ақпараттық жүйелерінің инфрақұрылымы жаңғыртылды, резервтік ДӨО құрылды, онда банктің барлық қауіп төну қатері бар жүйелерінің деректері резервке қойылды.

2020 жылы банк өз назарын insource-өнімдеріне көшу бойынша бағытқа аударды, жобаны іске асыру жауапкершілігін өзінің кадрлық күшіне сеніп тапсырылды. Бұл шешім көпұзамай оң нәтижелерін берді: жүйелер жұмысының тұрақтылығы жақсарды, банк ішіндегі IT-сараптама ұлғаяуда, жаңа сервистерді іске қосу және ағымдағы сервистерді жаңарту жеделдеді. 2021 жылы «Сбербанк» АҚ ЕБ inhouse әзірлеу командасымен Сбербанк ЖАҚ IT-мамандарымен коллаборацияда көрсетілетін қызметтердің ауқымды желісі бар жеке тұлғаларға арналған жаңа мобильді қосымша сәтті әзірленіп, іске қосылды.

Artificial Intelligence дамыту

Құрылымданбаған мәліметтердің үлкен көлемімен жұмыс жасай отырып, Сбербанк өз клиенттеріне қолайлы орта құру үшін оңтайландырылған жүйелер мен технологияларға ұмтылып келеді. Data Science және жасанды интеллектті қолдану арқылы банк клиенттердің қажеттіліктерін көбірек түсінуге және жекеленген ұсыныстарды қабылдауға мүмкіндік береді.

Біздің цифрлық сервистердің сапасы мен ұсыну жылдамдығы бойынша жұмыс, жасанды сана элементтерін үдерістерге ендіру 2021 жылы келесідей нәтижелерді берді:

- Сөйлеу технологияларын енгізу арқылы байланыс орталықтарында клиенттерді авторизациялау уақыты қысқартылды.
- Клиенттермен қарым-қатынас автоматты режимде және табиғи тілдерді өңдеу технологиясын (NLP) қолдана отырып жүзеге асырылды.
- Қызмет көрсету уақытын қысқарту мақсатында биометриялық көшірме бедерлердің өзіндік базасы құрылды. Қолданылатын биометрия платформалары клиентті оның кескіні (фото/бейне) бойынша ғана емес, сонымен қатар дауыстық көшірме бедері бойынша да сәйкестендіруге мүмкіндік берді.

Банк модельдеу мәселелеріне ерекше назар аударады. 2021 жылы телемаркетинг және СМС арқылы кеңселердегі сату науқандарында қолданылатын бірқатар предиктивтік және скорингтік модельдер сәтті іске қосылды.

AGILE трансформациясы

2021 жылы банк өзінің Agile трансформациялау жолын белсенді түрде жалғастырып, келесі мақсаттарды көздеді:

- Клиентке бағдарланған тәсіл;
- Дамудың жоғары жылдамдығы;
- Нарыққа икемділік пен бейімділік;
- Эксперименттерге батылдық.

Банктің барлық Agile командаларында Scrum фреймворкты қолдану арқылы клиенттік жолды құру тиімді іске аса бастады. Клиенттің қажеттіліктеріне, клиентпен үздіксіз қарым-қатынасқа және кері байланысты орнатуға көп көңіл бөлінді. Банктің өнім командарларында Scrum фреймворкты өз жұмыстарына қосу арқылы келесі позицияларды нығайтты:

- Өнімдік ойлау бойынша оқыту бағдарламалары;
- Customer Development бойынша құзыреттілікті дамытуға баса назар аудара отырып оқыту;
- Банк қызметкерлері үшін Scrum Шеберлерінің ішкі мектептері;
- Барлық ниет білдірушілерге арналған Product Owner' мектептері, онда үздік тағылымгерлерге Сбербанкте жұмыс істеу туралы ұсыныстар жасалды

Тиімділік пен икемділікті арттыру үшін банк Agile қағидаттарын қолдана отырып, ішкі үдерістерді өзгерту бойынша жұмыс жасады:

- Lean құралдарын енгізу;
- Kanban командаларын іске қосу;
- Lean, Kanban, Scrum бойынша оқыту.

МАРКЕТИНГТІК САЯСАТ

Банктің маркетингтік саясаты өнімдер мен сервистерді ілгерлетуге, сондай-ақ келесі элементтерді дамытуға бағытталған:

- белсенді клиенттік базаның өсуі
- брендтің танылуы
- брендке деген бейілділік
- клиенттік базаға оң әсер ету
- банктің оң беделін қолдау
- лидогенерация көлемінің ұлғаюы
- банктің экожүйелік өнімдерін пайдаланушылар базасын ұлғаюы.

2021 жылы бөлшек бизнеске арналған бірқатар жарнамалық науқандар сәтті жүзеге асырылды:


- Қысқы «Жасыл күн»: 8.9% мөлшерлемен депозиттер, Mon Amie-де кешбэк, Instashop-та кешбэк, P2P 100 теңгеге аударымдар, Visa all in картасымен төлем жасаған кезде жүлделердің ұтыс ойыны
- Sberbank Travel: ұшақ билеттерін сатып алу және iPhone 12 ұтыс ойыны
- 20%-ға дейін жоғарылатылған кешбэк
- Sber KZ жаңа қосымшасын іске қосу
- 10.8%-ға дейінгі депозиттік салымдар
- Бейілділік бағдарламасы: Galmart, Small, Marrone Rosso, METPO, Ocean Basket, LitRo, ДоДо пиццасымен бірге акция
- Қытайдағы UnionPay карталарына жылдам аударымдар
- Димаш Құдайбергенмен коллаборация: аударымдар, төлемдер, Sber KZ қосымшасындағы онбординг, СберЗвук, Okko

- Sber KZ қосымшасында жазылымдардан бас тарту
- Банктің OneTwoTrip карталар бойынша Master Card-пен бірге «Мальдив аралдарына Бір-Екі-Үш қадам!» акциясы
- СберПрайм
- Google Pay-ды іске қосу
- Бөліп төлеу опциясы бар автокредит
- Әділ бөліп төлеу опциясы бар Urban кредиттік картасы
- Кредиттерді қайта қаржыландыру (Данияр Джумадиловтың қатысуымен)
- Кепілсіз кредит
- Шұғыл қажеттіліктерге кредит
- BI Group / RAMS-пен ипотека, Expro Homsters-де қатысу
- Бас жүлдесі Land Cruiser 300 және тағы 150 бағалы сыйлықтары бар Банктің туған күніне арналған «Сбербанк 180» акциясы
- Visa all in картасымен акция: карталар бойынша транзакциялар және жүлдесі Samsung S21
- «Жас күн» акциясы: кредит+сақтандыру, 1 теңгеге СберПрайм, Sber KZ-те 180 теңгеге ақша аудару, барлығына кешбэк 1.8%, депозит 9.3%, кепілсіз кредит 6.2%, шұғыл қажеттіліктерге кредит 13.19%, ипотека 8.19%.
- Visa карталары бойынша «Жаңа жылдық 100% кешбэк» акциясы
- «Жаңа жылдық Депозит 9.3%» акциясы
- «Ғажайыптар уақыты» акциясы: 7 бақытты адам үшін 7 күнде 7 миллион
- Nomad Life-пен бірге «Қорғалған қарыз алушы» акциясы
- «Көрімдік» акциясы

Сондай-ақ, 2021 жылы корпоративтік бизнестің фокустық өнімдерін жылжыту үшін жарнамалық науқандар іске қосылды:

- Корпоративтік кредит картасы
- Барлығы 180-нен: пакеттік ұсыныстар
- Түсім картасы (бизнес карта)
- Sber KZ қосымшасында Supply chain
- Банктік емес қызметтер
- Шотты онлайн ашу
- Скоринг + Скоринг ЖК
- 12 қарашаға «Жасыл күн» акциясы
- QR арқылы төлемдер
- SberPos іске қосу
- «Онлайн сатылым» бизнес міндеті
- Бизнесті тіркеу.

ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ



ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Сбербанк клиенттердің сапалы өсуі мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға, цифрлық трансформацияны және банктің корпоративтік мәдениетін дамытуға баса назар аударады. Әрбір бөлшек және корпоративтік сегмент үшін банк жаңа шешімдер мен сервистерді дамытады. 2023 жылға дейінгі бекітілген Стратегияның шеңберінде банк өз алдында клиенттердің түпкілікті қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған бұдан да өршіл міндеттерді қояды. Банк үшін ең бастысы – клиенттердің мүдделері, олардың әл-ауқаты мен дамуы.

Корпоративтік бизнестегі даму келешегінде банк белсенді клиенттердің өсуіне, қаржы өнімдерінің дамуына, қашықтан және цифрлық қызмет көрсету арналарын дамыту арқылы корпоративтік клиенттермен өзара іс-қимыл деңгейін көтеруге баса назар аударады, сондай-ақ банк ҚР нарығындағы жетекші және тұрақты қаржы институттарының бірі ретіндегі позициясын ығайтуға ерекше назар аударады. Бөлшек бизнесте банк жеке тұлғаларға кредит беру нарығындағы үлесті ұлғайтуды

(ипотекалық өнімдер, автокредиттеу және кредиттік карталар), қосымша сервистерді енгізу арқылы экожүйені дамытуды жоспарлап отыр.

Банк үшін дамудың негізгі векторлары IT және AI трансформациясын дамыту бағытында жатыр. IT-трансформациясы стратегиясындағы негізгі міндеттер келесілер болып табылады: цифрлық трансформация, экожүйенің біріктіруші элементтерін енгізу, жүйелердің сенімділігі мен киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету, әзірлеу мен тестілеудің барлық инфрақұрылымын бұлтқа көшіру, үздік IT командасын құру және командаларда Agile-тәжірибелерін қолдану, жасанды сананы дамыту, клиенттер туралы деректердің жаңа көздерін игеру және деректерді верификациялау.

Банк «жасыл қаржыландыру», экологияны сақтау, корпоративтік және әлеуметтік жауапкершілік бойынша ұстанымды белсенді қолдайды. ESG банк мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды. Келесі жылы банк «жасыл»

жобаларды қаржыландыру, әлеуметтік маңызы бар бастамаларды іске асыру, ресурсты үнемдеуді дамыту және басқа ESG-бастамаларын іске асыру арқылы өзінің ESG-стратегиясын дамытуды жалғастырады. Сондай ақ, Банк тұрақты дамуды басқару жүйесін жетілдіру бойынша және ESG-әдіснамасын дамытуды бойынша жұмыстарды жалғастырады.

Тиімділік пен персоналды дамыту банктің маңызды даму бағыты болып қала береді, өйткені қызметкерлер банктің ең маңызды ресурсы болып табылады. Банк soft skills және IT бағыты бойынша үздіксіз оқыту тәжірибесін одан әрі жалғастырады. Жыл сайын күндізгі және қашықтықтан оқыту курстарының тізбесі, қызметкерлерді оқыту үшін сыртқы лекторларды тарту жұмысы бойынша шекара бұдан да кеңейе түспек.

ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТІ



ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТИ

Банк экономикалық өсудің бәсеңдеуі жағдайында банк қызметіне тән тәуекелдерді басқаруға үлкен мән береді.

Тәуекелдерді басқарудың негізгі міндеттері: банк тәуекелдерін анықтау, топтастыру, бағалау мен тәуекелдерді басқарудың тиімді құралдарын анықтау және қолдану, тәуекелдердің рұқсат етілген деңгейіне лимиттер белгілеу, банк жүргізетін операцияларға байланысты тәуекелдерді төмендету және бақылауға мониторинг жүргізу және шара қабылдау.

Банкте Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының талаптарына, банктік қадағалау жөніндегі Базель комитеті мен аудиторлық компаниялардың ұсыныстарына негізделген тәуекелдерді бақылау, оларға мониторинг жүргізу және басқару жүйесі қолданылады.

«Сбербанк» АҚ ЕБ тәуекелдерді бақылау аясында Сбербанк тобының біріктіру үдерістеріне қатысуда, тәуекел-менеджменті саласындағы жобалар белсенді түрде енгізілуде.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімше реттеушінің талаптарына, топтық саясаттар мен ережелерге және Банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес есеп беру жолымен тәуекелдер жөніндегі кеңеспен/комитетпен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

Банк өзіне тәуекелдердің төмендегі түрлерін маңызды деп анықтады: кредиттік, нарықтық, өтімділік тәуекелдері және операциялық тәуекел.

КРЕДИТТІК ТӘУЕКЕЛ

Кредиттік тәуекелді басқару уәкілетті органдардың талаптарымен, банктің тәуекелдерді басқару саясатымен, сонымен қатар, кредиттік тәуекелді реттеуші ішкі нормативтік құжаттармен анықталады. Банк жүргізетін тәуекелдерді басқару негізіне қарыз операцияларына байланысты кредиттік тәуекелдерді бағалауға және талдауға тәуелсіз тәсіл қолданылады.

Кредиттік тәуекелдерді төмендету мақсатында банк өз қызметінде төмендегі негізгі әдістер мен әдістемелерді қолданады:

- Қарыз алушыларды қаржыландыру талаптарын белгілеу/өзгерту кезіндегі орталықтандырылған, автоматтандырылған, алқалы шешімдерді қабылдау;
- Лимиттерді белгілеу жолымен, оның ішінде автоматтандырылған есеп айырысуларды пайдалана отырып, кредиттік тәуекелді шектеу;
- Контрагенттердің сенімділігіне автоматтандырылған тексерулер арқылы кредиттік тәуекелді шектеу;
- Контрагенттердің кредиттік тарихының сапасы бойынша автоматтандырылған тексерулер жолымен кредиттік тәуекелді шектеу;
- Шешім қабылдау процедураларындағы скорингтік үлгілерді қолдану;
- Байқылаушы тәуекел-метрикаларын бекіту және мониторинг;
- Кредиттік портфель қарқыны мен сапасын талдау, кредиттік қоржын тәуекелдерін төмендету үшін іс-шаралар әзірлеу;
- Пруденциалды нормативтер мен бастапқы мәннің сақталуына мониторинг;
- Қарыз алушының қаржылық жағдайына, кепіл мүлкіне тұрақты негізде мониторинг жүргізу.

ЭКОНОМИКА САЛАЛАРЫ БОЙЫНША КРЕДИТТІК ҚОРЖЫН ҚҰРЫЛЫМЫ

Валюталар тұрғысындағы кредиттік қоржынның құрылымы 2021 жылы едәуір өзгерді. Валюталар тұрғысындағы әртараптандыру деңгейі лайықты деп бағаланады, 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кредиттік қоржындағы ең жоғарғы үлес салмағы ұлттық валютада берілген қарыздарға (92,52%) тиесілі. 2021 жылы АҚШ долларында берілген қарыздар үлесі банктің жалпы кредиттік қоржынының 6,48%-ын құрады. 2021 жылы еуроода берілген қарыздар үлесі банктің жалпы кредиттік қоржынының 0,71%-ын құрады. 2021 жылы рубльде берілген қарыздар үлесі банктің жалпы кредиттік қоржынының 0,28%-ын құрады.

Валюта атауы	2021 жылғы 1 қаңтарға	қоржын сомасының %	2022 жылғы 1 қаңтарға	қоржын сомасының %	Бір жыл ішіндегі өсім
Теңге	1 572 929,22	91,21%	2 135 716,20	92,52%	35,78%
АҚШ доллары	133 633,77	7,75%	149 670,35	6,48%	12,00%
Еуро	6 440,57	0,37%	16 438,60	0,71%	155,24%
Ресей рублі	11 442,39	0,66%	6 520,60	0,28%	-43,01%
БАРЛЫҒЫ кредиттер	1 724 445,95		2 308 345,75		33,86%

Бүгінгі күні банкте экономика салалары тұрғысында кредиттік қоржын бойынша тәуекелдерді шоғырландыру үшін қолайлы деңгейді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін лимит жүйесі қолданылады. 2020 жылғы 1 қаңтарда кредиттік қоржынның ең көп үлесі: 16% Сауда, 11% Өңдеуші өнеркәсіп және 47% Жеке тұлғалар саласына тиесілі.

Кредиттік қоржын сапасы

2022 жылдың нәтижелері бойынша кредиттік тәуекел деңгейі айтарлықтай жақсарды. 90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар үлесінің көрсеткіші 2022 жылғы 1 қаңтарда 4,16%-ды құрады (01.01.21ж. – 5,63%).

Банктің кредиттік қоржыны бойынша ХҚЕС қалыптастырылған провизиялары бір жыл ішінде 10,35%-дан 7,87%-ға өсті.



- Тау-меаллургия саласы (3%)
- Сауда (16%)
- Құрылыс және жылжымайтын мүлікпен операциялар (8%)
- Энергетика (2%)
- Өңдеуші өнеркәсіп (11%)
- Басқа (7%)
- Көлік және байланыс (3%)
- Ауыл шаруашылығы (3%)
- Мұнай мен газ өндіру және өңдеу (0%)
- ЖТ (47%)

ESG-тәуекелдері

2021 жылы тұрақты даму мақсатында банк ESG-тәуекелдері жөніндегі тұжырымдаманы әзірледі. Заңды тұлғалар-қарыз алушылар үшін ESG тәуекелінің қолайсыз деңгейі анықталды, ESG тәуекелінің қолайсыз жоғары деңгейінің экологиялық, әлеуметтік және басқару факторлары бойынша тәсілдер анықталды. 2021 жылдың соңында сәйкестендіруді енгізу (банк жүйелерінде таңбалау) және кредиттік үдерісте ESG тәуекелдерінің қолайсыз жоғары деңгейін қолдану бойынша жұмыс басталды. Банк кредиттік саясатқа ESG-тәуекелінің қолайсыз деңгейі және бизнестегі тұрақты даму қағидаттары бар клиенттерді ынталандыру жөніндегі шараларды енгізеді.

НАРЫҚТЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Нарықтық тәуекел – нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің, шетел валюталары бағамдарының, қаржы құралдарының, тауарлардың нарықтық құнының жағымсыз өзгеруінен білінген нарықтық жағдайдың өзгеруіне байланысты теңгерімдік және теңгерімнен тыс баптар бойынша қаржылық шығындардың пайда болу мүмкіндігі.

Банкте тәуекелдерді басқарудың стратегиялық үдерісінің негізгі бөлігі ретінде қаржы нарығындағы операциялардың нарықтық тәуекелдерін басқару мақсаты – Базель келісімі мен Қазақстан Республикасының заңнамасы қағидаларына негізделген тәуекелдерді басқару жүйесін құру.

Нарықтық тәуекел аясында банк валюталық, пайыздық және баға тәуекелдерін бөліп қарастырады.

ВАЛЮТАЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Валюталық тәуекел банктің қызметін атқаруы кезінде шетел валюталары бағамының жағымсыз өзгеруі нәтижесіндегі пайда болуы мүмкін қаржылық зияны ретінде айқындалған.

Банк шетел валюталарындағы ашық позициялардың болуына және нарықтық бағамдағы жағымсыз өзгерістерге байланысты валюталық тәуекелге бейім келеді. Лимиттер мен шектеулер жүйесі аясында банк жиынтық ашық валюталық позиция лимиттерін, жеке шетел валюталарында ашық позиция лимиттерін және т.б. орнатады. Валюталық тәуекелді басқару үшін банк тәуекелді сәйкестендіру, бағалау және лимиттеу үдерісін, сонымен қатар оның одан арғы мониторингі мен бақылауын жүзеге асырады.

Банктің ашық валюталық позицияны басқару бойынша консервативті саясатының нәтижесінде валюталық тәуекел деңгейі төмен деп бағаланады.

ПАЙЫЗДЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Пайыздық тәуекел активтер, пассивтер және теңгерімнен тыс құралдар бойынша нарықтық пайыздық мөлшерлемелердің жағымсыз өзгеруінен болатын қаржылық шығындардың пайда болу мүмкіндігі ретінде айқындалған.

Пайыздық тәуекелді бағалау, өзгерту, бақылау және оған мониторинг жүргізу процедураларына келесілер жатады: пайыздық мөлшерлемелердің нарықтық конъюнктурасындағы өзгерістер динамикасын талдау және болжау, таза операциялық кіріс бойынша бақылау көрсеткіштерін белгілеу, таза пайыздық маржа мен спрэд мониторингінің жоспарлы көрсеткіштерін белгілеу, нарықтағы пайыздық мөлшерлеме деңгейінің өзгеруіне олардың сезімталдығына байланысты өтеу (қайта бағалау) көлемі мен мерзімі бойынша пайыздық активтер мен міндеттемелерді теңгерімге келтіру іс-шараларын жүргізу, хеджирлеу операцияларын жүргізу, пайыздық гәпке лимиттер белгілеу.

БАҒА ТӘУЕКЕЛІ

Баға тәуекелі қаржы құралдарының, тауарлардың нарықтық құнындағы жағымсыз өзгерістері салдарынан қаржылық шығынның пайда болу мүмкіндігі ретінде айқындалған.

Сатуға жарамды бағалы қағаздар қоржыны негізінен мемлекеттік бағалы қағаздардан, сондай-ақ корпоративтік бағалы қағаздардан тұрады, олардың эмитентінің рейтингі «В»-ден төмен емес (Standard & Poor's және (немесе) Fitch рейтинг агенттіктерінің топтастыруы бойынша) немесе шетелдік эмитенттер үшін «B2»-ден төмен емес (Moody's Investors Service рейтинг агенттігінің топтастыруы бойынша), сонымен қатар Қазақстан Республикасы эмитенттерінің БҚ үшін «В»-ден төмен емес (Standard & Poor's және (немесе) Fitch рейтинг агенттіктерінің топтастыруы бойынша) немесе «B2»-ден төмен емес (Moody's Investors Service рейтинг агенттігінің топтастыруы бойынша).

Нарықтық тәуекел деңгейін бақылау мақсаттары үшін банк VaR, DV01 сияқты тәуекел-метрикаларға мониторинг және бақылау жүргізеді, стресс-тестілеу өткізеді және т.б. VaR ықтималдылық деңгейі берілген белгілі бір уақыттың ішіндегі күтілетін қаржылық шығындардың максималды көлемін бағалауға мүмкіндік береді. DV01 кірістің 1 базистік байнаға өзгеруі салдарынан болатын құн өзгерісінің орташа шамасын анықтайды. Стресс-тестілеуге ерекше, бірақ банктің қаржылық жағдайына мүмкін болатын оқиғаларға әлеуетті ықпал етудің бағалауы ретінде анықтама беруге болады.

Нарықтық тәуекелді басқарудың қолда бар құралдары Банкке тәуекел деңгейін оңтайлы төмен деңгейде ұстап тұруға мүмкіндік береді.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ТӘУЕКЕЛ

Операциялық тәуекелді басқару Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің талаптарына, банктік бақылау жөніндегі Базель комитетінің ұсыныстарына сәйкес жүзеге асырылады және операциялық тәуекелдерді басқару жөніндегі банктің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес анықталады.

Операциялық тәуекелдерді басқару қолданылатын технологиялардағы қызметті ұйымдастырудағы, ақпараттық жүйелердің жұмыс істеуіндегі, қызметкерлердің дұрыс әрекет етпеулері және қателіктері, бизнес-үдерістерді дұрыс құрмауындағы кемшіліктердің нәтижесінде, сондай-ақ сыртқы оқиғалардың әсері нәтижесінде туындауы мүмкін шығындарға байланысты тәуекелдердің алдын алуға және/немесе төмендетуге бағытталған.

Банкте қызметтің кез келген бағытының операциялық тәуекелге ұшырау мүмкіндігіне байланысты операциялық

тәуекелді басқару жүйесіне банктің барлық құрылымдық бөлімшелері, филиалдары мен қызметкерлері тартылған. Операциялық тәуекелді басқаруды олар өздерінің негізгі функцияларын орындаумен қатар жүзеге асырады.

Операциялық тәуекелді тиімді басқару және операциялық тәуекел шамасын есептеу мақсатында банк операциялық тәуекелді басқарудың келесі элементтерін пайдаланады: операциялық тәуекел инциденттері туралы ішкі мәліметтерді жинау, операциялық тәуекел инциденттері туралы сыртқы мәліметтерді жинау, операциялық тәуекелдер бойынша өзін-өзі бағалау, негізгі тәуекел индикаторлары мен бақылау индикаторларына мониторинг жүргізу, тәуекелдердің сценарийлік сараптамасы мен картаға түсіру. Операциялық тәуекелдерді тұтас әрі бәрін қамтитындай басқарылуын қамтамасыз ету үшін

операциялық тәуекелдерді басқару элементтері жалпы және өзара байланыста қолданылады.

Банк операциялық тәуекелге үнемі мониторинг өткізу мақсатында тәуекелдерді басқару үдерістеріне қатысатын Банк басшылығы мен алқалы органдары үшін есеп беру жүйесін пайдаланады.

2022 жылдың 1 қаңтарында операциялық тәуекел деңгейі (банктің шығындарындағы іске асырылған операциялық тәуекелдердің шығындарын жабуға кеткен шығындар үлесі) 0,01%-ды құрады. Осылайша, операциялық тәуекел деңгейі қабылданарлық деп бағаланады және банк үшін белгіленген шегінде тұр.

ӨТІМДІЛІК ТӘУЕКЕЛІ

Банктің үздіксіз қызметі қағидасының орындалуы, яғни банктің өз қызметін үздіксіз жүргізу және ұлғайту үшін қаражат тарту қажеттілігіне қарай қабілеттілігін қамтамасыз ету өтімділікті басқарудың негізгі міндеті болып табылады.

Банктің қажетті қорды тартуы үшін қолданатын стратегиясы оның өтімділікті басқару жүйесімен тығыз байланысты, яғни аталған стратегияға тиесілі тәуекелдер өтімділікті басқаруға ықпал етеді.

2021 жылы өтімділік нормативтері жеткілікті қормен сақталды.

Өтімділік коэф.	Норматив	1.01.21	1.02.21	1.03.21	1.04.21	1.05.21	1.06.21	1.07.21	1.08.21	1.09.21	1.10.21	1.11.21	1.12.21	1.01.22
к4	min 0,3	1,7	1,7	1,7	1,8	1,4	1,3	1,3	1,3	1,3	1,3	1,2	1,1	0,9
к4-1	min 1,00	8,6	9,2	9,4	8,9	4,9	3,7	2,8	3,0	3,3	3,2	2,4	2,6	2,2
к4-2	min 0,90	5,1	5,8	5,3	3,9	4,1	3,3	2,4	2,8	3,5	3,9	3,3	3,3	3,2
к4-3	min 0,80	3,2	2,6	2,8	2,4	2,3	1,9	1,8	2,1	2,5	2,6	2,4	2,3	2,4
LCR	min 0,9	1,48	1,53	1,61	1,50	1,47	1,54	1,41	1,46	1,47	1,49	1,45	1,26	1,45
NSFR	min 1,0	1,41	1,38	1,37	1,36	1,30	1,27	1,28	1,26	1,28	1,28	1,25	1,22	1,25

«Сбербанк» АҚ ЕБ

ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП



«СБЕРБАНК» АҚ ЕБ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП



Кіріспе

Банк басшылығының жолдауы

Тұрақты даму саласындағы тәсілдер мен қағидаттар

Мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл

Тұрақты дамуды корпоративтік басқару құрылымы

Корпоративтік басқару

Жалпы акционерлер жиналысы

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесінің комитеттері

Басқарма

Өндірістік құрылым

Корпоративтік әдеп

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты

Ішкі бақылау және аудит

Контрагенттермен және жеткізушілермен қатынастар

Киберқауіпсіздік

Қызметкерлер туралы мәліметтер

Қайырымдылық және демеушілік қызмет

Инклюзия

Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру

Жауапты қаржыландыру

Ресурстарды үнемдеу және қалдықтар

КІРІСПЕ

Банктің стратегиясы 2 жылға қалыптастырылады және банк қызметінің негізгі бағыттарын, мақсаттары мен бастамаларын қамтиды. ESG бағыты Стратегияның ажырамас бөлігі болып табылады және тұрақты дамуға бағытталған міндеттер мен KPI қамтиды. Стратегияның ESG бойынша міндеттері мен KPI тиімді іске асыру үшін Басқарма мүшелерінен бастап Бөлімшелердің орынбасарларына дейінгі деңгейде әрбір басшының мақсаты нысанына енгізілді.

Мүдделі тараптардың мүдделерін, сондай-ақ ашықтық пен ақпараттық ашықтыққа ұмтылысты ескере отырып, банк ESG және тұрақты даму саласындағы қызметтің әртүрлі аспектілері мен нәтижелерін сипаттайтын есептілікті дайындаудың маңыздылығын мойындайды.

Есептің құрылымы, сондай-ақ оның мазмұны банктің стратегиясына, реттеушілік талаптарына, мүдделі тараптардың сұратуларына, сондай-ақ сыртқы ортаның әсеріне қарай өзгеруі мүмкін.

«Сбербанк» АҚ ЕБ тұрақты даму саласындағы осы есеп екінші есеп болып табылады және банктің 2021 жылғы біріктірілген жылдық есебінің құрамында жарияланады. «Сбербанк» АҚ ЕБ қаржылық және қаржылық емес есептілігі Қазақстан қор биржасының (KASE) листингілік қағидаларының талаптарына, GRI стандарттарына сәйкес қалыптастырылады. Есептілік барлық маңызды аспектілерде банктің қаржылық жағдайы мен нәтижелерін толық көрсетеді.

Тұрақты даму туралы есеп корпоративтік интернет-сайтта қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жариялау арқылы мүдделі тараптардың назарына жеткізіледі.

«Сбербанк» АҚ ЕБ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ



Құрметті әріптестер!

Тұрақты даму және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарау 2021 жылы жалпы әлемдік трендке айналды. Экологияға, адам капиталын дамытуға және қызметкерлердің өмір сүру сапасын жақсартуға көңіл бөлетін компаниялар бүгінде институционалдық инвесторлардың қызығушылығын тудырып, дамуға мол мүмкіндіктер береді.

Сбер Ресейде алғашқылардың бірі болып ESG және тұрақты даму саясатын бекітіп, ESG трансформация үдерістерін іске қосты. Банк жаңартылатын энергетика саласындағы нысандардың құрылысын қаржыландырады, әрбір клиенттің қажеттіліктеріне бейімделген қолжетімді орта жасайды, қалдықтарды бөлек жинаумен айналысады және қайырымдылық пен білім беру жобаларын қолдайды. Сбер жыл соңында осы тәсілдерді танымал ету үшін ұлттық ESG-альянсын құруды бастады.

Сбербанк Қазақстан бұл тәжірибені қабылдап, өз бастамаларын жүзеге асыруда. 2021 жылы Банктің барлық кеңселерінде қалдықтарды, қайталама шикізатты және пайдаланылған қорек элементтерін жинауға және сұрыптауға арналған контейнерлер орнатылды. Қағаз құжат айналымын қысқарту және көміртек ізін азайту бойынша табысты тәжірибелер енгізілуде, бүкіл ел бойынша ағаш отырғызу акциялары өткізілуде. Мұндай жоспарлы жұмыс

Сбербанк Қазақстанға бизнестің түрлі салаларындағы елдегі ең табысты компаниялармен қатар «Жасыл кеңсе 2021» байқауының жеңімпаздарының бірі болуға мүмкіндік берді.

Сбербанк Қазақстан экологиялық және әлеуметтік бастамаларды белсенді қолдайды. 2021 жылы МЖӘ жобасы шеңберінде BI Group құрылыс компаниясымен банк BINOM 6 жалпы білім беретін мектебінің құрылысын қаржыландырды, олардың бірі оқушыларды қабылдауға дайын. Жыл соңында Сбербанктің қолдауымен Нұр-Сұлтан қаласында еліміздегі ең ірі ауданы 1200 шаршы метр болатын балалар инклюзивті алаңы пайда болды. Біз қайырымдылық қорлар мен балалар үйлерін қолдаймыз, аз қамтылған отбасылар мен мүгедек балаларға көмектесеміз.

Бүгінгі таңда Сбербанк Қазақстанда 2021 жылы қабылданған жасыл күн тәртібіне қойылған бағыт өзін толық ақтады деп сеніммен айтуға болады. Біз қоршаған ортаны сақтауға бағытталған жаңа жобаларды дамыта отырып, осы бағытта алға жылжи береміз.

*Құрметпен,
Тимур Козинцев*

«Сбербанк» АҚ ЕБ БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ



Құрметті серіктестер, клиенттер және әріптестер!

2021 жыл біздің банк үшін қаржылық көрсеткіштердің тиімділігі бойынша ғана емес, сондай-ақ IT, AI, Agile, корпоративтік мәдениет және ESG салаларындағы ішкі трансформацияларымыздың табыстылығы бойынша серпінді жыл болды. Біз тұрақты даму бағытында кемелденуімізге және ESG (экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік) қағидаттарына сәйкес келуімізге ерекше назар аудардық.

Бүгінгі таңда ESG бойынша неғұрлым маңызды жаһандық тақырыптар: экологияның сақталуы, климаттық тәуекелдер, тұрақты экономиканың өсуі мен құрылуы болып табылатындықтан, біз банк ретінде ESG-күн тәртібін

іске асыруда қаржы секторының елеулі рөлін айқын көріп отырмыз.

Сбербанк әрқашан экологиялық, әлеуметтік және қайырымдылық бастамаларды жүзеге асыруға белсенді түрде қатысады, бірақ өткен жылы біз осы бағыттарға саналы түрде және құрылымдалып, біздің ESG-стратегиямыздың нақты міндеттерін жүзеге асырдық. Барлық стратегия төрт негізгі бағытқа құрылған: жауапты қаржыландыру, ресурстарды үнемдеу мен қалдықтар, әлеуметтік және корпоративтік жауапкершілік. 2021 жылғы маусымда біз тағы бір маңызды құжатты – банктің тұрақты даму қызметіндегі тәсілдерін, басқару жүйесі мен мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау тәсілдерін жүйелейтін әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік, корпоративтік басқару және тұрақты даму саласындағы саясатты бекіттік.

Біз ESG-күн тәртібіне өз қызметкерлерімізді ғана емес, клиенттерімізді, серіктестерімізді де тартуға тырысамыз. Осылайша, біз ESG-жобаларына кредит беретін корпоративтік клиенттерге қызмет көрсетуге арналған арнайы жеңілдікті талаптарды іске қостық.

Біз сондай-ақ нөлдік көміртегі ізіне көшу жолында салалар мен компаниялар үшін серіктес бола отырып, «жасыл» жобаларды қаржыландыруда белсенді қолдау көрсетеміз.

Мәселен, осы жылы біз Түркістан облысында күн электр станциясының құрылысын және Нұр-Сұлтан қаласында электр автобус паркінің құрылысын қаржыландырдық.

ESG-күн тәртібін дамыту аясында әлеуметтік маңызы бар бастамаларды іске асыру маңызды деп санаймыз. Мысалы, 2021 жылы жеке инвесторлармен бірлесіп біз

Нұр-Сұлтан қаласында ерекше қажеттіліктері бар балаларға бейімделген 6 «BINOM School» мектебін салу

бойынша жобаны іске асырдық. Бұл жоба мемлекеттік-жеке меншік әріптестік аясында қаржыландырылды.

Айта кету керек, инклюзивтілік қағидаттарын қозғайтын біздің ірі қайырымдылық жобаларымыздың бірі Нұр-Сұлтан қаласындағы ботаникалық бақтың аумағында инклюзивті балалар алаңын салу жобасы болды.

Басқа да қайырымдылық жобалардың ішінде біз балалар мекемелеріне, қоғамдық ұйымдарға, ардагерлерге тұрақты қолдау көрсетеміз, сондай-ақ білім беру, спорт, мәдениет және өнер салаларында демеушілік көрсетеміз.

Банк сондай-ақ ресурсты үнемдеуге және дұрыс тұтынуға қатысты белсенді ұстанымды ұстанады. 2021 жылы біз III Республикалық «Жасыл кеңсе – 2021» байқауында жеңімпаздардың бірі болдық. Біздің байқаудағы жеңісіміз, енгізілген «жасыл» бастамалардың арқасы екені сөзсіз. Банкте қалдықтарды шикізат ретінде өткізу, бөлек жинау үшін арнайы бокстар орнаттық, оны дұрыс сұрыптау ережелері бойынша қызметкерлерге оқыту жүйесі енгізілген. Біз электрэнергия мен су тұтынуды азайтуға тырысамыз – барлық кеңселерде электр қуаты мен автоматты суды өшірудің құрылғылары орнатылып, люминесцентті шамдар жарықдиодты шамдарға ауыстырылды.

ESG қағидаттарын ұстанудың маңыздылығын түсіне отырып, біз экологияны, әлеуметтік және корпоративтік жауапкершілікті жақсартуға бағытталған бастамаларды белсенді түрде іске асыруды жалғастырамыз деп сеніммен айта аламын. ESG біздің банк мәдениетінің ажырамас бөлігіне айналды.

*Құрметпен,
Ельдар Тенизбаев*

«СБЕРБАНК» АҚ ЕБ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ТӘСІЛДЕРІ МЕН ҚАҒИДАТТАРЫ

«Сбербанк» АҚ ЕБ тұрақты даму және ESG (Environmental, Social, Governance) саласындағы халықаралық және ұлттық мақсаттарға, стандарттар мен қағидаттарға бейілділігін толық білдіреді.

Банк Сбер тобына тұрақты даму қағидаттарын енгізу тәжірибесіне қосылды және 2021 жылы «Сбербанк» АҚ ЕБ әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік, корпоративтік басқару және тұрақты даму саласындағы саясатты қабылдады.

Осылайша, «Сбербанк» АҚ ЕБ 2015 жылы халықаралық деңгейде қабылданған және үкіметтердің, бизнес пен азаматтық қоғамның адамзаттың ең өзекті мәселелерін шешудегі күш-жігерін үйлестіру үшін негіз болып табылатын БҰҰ ТДМ-ға қол жеткізудің маңыздылығын түсінеді және оған өз үлесін қосуға тырысады.

Банктің ESG және тұрақты даму саласындағы міндеттері БҰҰ-ның жаһандық шартымен, Есептілік жөніндегі жаһандық бастамамен (GRI) және Тұрақты даму жөніндегі

дүниежүзілік іскерлік кеңеспен (WBCSD) бірлесіп әзірленген «БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарының компасы» (SDG Compass) нұсқаулығында бизнес-тәжірибеге ТДМ-ны интеграциялау үшін ұсынылған ұсынымдар мен көрсеткіштерді ескере отырып тұжырымдалған.

Мұқият талдаулар негізінде, банк өз үлесін қоса алатын басымдықтар ретінде – 13 ТДМ таңдалды (суретті қараңыз).



МАҚСАТТАР ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

- Біз банктің тұрақты дамуы жалпы әлемдік әлеуметтік, экологиялық және экономикалық салалардағы міндеттерді шешуге байланысты екенін түсінеміз.
- Біз ішкі ESG-трансформациясының маңыздылығын және акционерлер, қызметкерлер, клиенттер, үкімет және қоғам үшін ұзақ мерзімді құндылықты құруға қосқан үлесімізді мойындаймыз.
- Біз ең ірі институттардың бірі бола отырып, Қазақстан экономикасындағы өз маңыздылығымызды түсінеміз және ESG-бастамаларды іске асыруға байланысты бірегей мүмкіндіктер мен жауапкершілікті ескереміз
- Біз БҰҰ-ның Тұрақты даму саласындағы халықаралық мақсаттарына (бұдан әрі – ТДМ) және ESG тұрақты даму саласындағы ұлттық мақсаттарға, стандарттар мен қағидаттарға бейілділікті қолдаймыз.
- Біз жаңа технологияларды интеграциялау, қызметтің барлық бағыттарында экологиялық және әлеуметтік аспектілерді енгізу, тиімді корпоративтік басқару, ESG-тәуекелдерін басқару және жауапты қаржыландыру тәжірибесін дамыту есебінен тұрақты даму моделіне көшеміз.

БАНКТИҢ ESG ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАҒИДАЛАРЫ

Банк ESG және тұрақты даму бағыты бойынша өз қызметінде жеті қағиданы басшылыққа алады:

1. Банк барлық мүдделі тараптар үшін ұзақ мерзімді экономикалық құндылықты құру басымдылығын басшылыққа алады.
2. Банк өз қызметінде адам құқығының сақталуын, инклюзивтілік, әртүрлілікті, барлығына әділ және тең қарым-қатынасты қамтамасыз етеді.
3. Банк қоршаған ортаға ұқыппен қарайды.
4. Банк жауапты қаржыландыру тәжірибесін дамытуда және ESG-тәуекелдерді тиімді басқаруда.
5. Банк өз ықпалы үшін жауапкершілік көтереді, барлық заңнама нормаларын сақтайды және өзіне алған міндеттемелерді орындайды.
6. Банк этикалық іскери тәсілдемелерін сақтайды және корпоративтік басқарудың ең үздік тәжірибелерін енгізуде.
7. Банк ақпараттық ашықтық пен айқындылықты жетілдіре түсуде.

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТЕТІКТЕРІ

1. Стратегиялық жоспарлау, Іс-әрекеттер жоспарын, ESG-бастамаларды, НТК дайындау
2. Іс-әрекеттер жоспарын іске асыру үшін қажет ішкі регламенттерді қалыптастыру
3. Тапсырмаларды іске асыру үшін қажет ресурстарды анықтау
4. ESG-бастамаларды іске асыру үшін жауапты тұлғаларды белгілеу
5. Мониторинг жүргізу, Іс-әрекеттер жоспарын, ESG-бастамаларды, НТК іске асырылуын бақылау және бағалау
6. Есептілікті дайындау
7. Үздіксіз байланысты және ESG күн тәртібін ілгері жылжытуды ұйымдастыру
8. Мүдделі тараптармен ұдайы өзара әрекеттестікті және білім беру қызметін ұйымдастыру
9. Жиналған тәжірибе және өзгеріп отыратын сыртқы жағдайлар есебімен Жоспарға өзгертулер енгізу және оны жетілдіру
10. Атқарушы органдардың мүшелерінің, банк бөлімшелерінің бастықтарының ESG мәселелері бойынша құзіреттілігін арттыру

БАНКТИҢ ESG ЖӘНЕ ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ТӘСІЛДЕМЕЛЕРІ

ESG және тұрақты дамуды басқару жүйесі стратегиялық және операциялық жоспарлау үдерістерінен, мақсаттар жүйесінен және НТК, соның ішінде менеджментке, мониторингке арналған НТК, тиімділікті, түзетуді және есептілікті бағалау үдерісінен тұрады. ESG және тұрақты дамуды басқару жүйесінің сәтті түрде жұмыс істеуі үш өтпелі тәсілдеме бойынша үздіксіз қызметті көздейді:

Мүдделі тараптармен үздіксіз әрекеттесу

Банк халықтың осал топтарын қоса алғанда көптеген мүдделі тараптармен ESG және тұрақты дамуды басқару саласындағы қызметті жоспарлау және басқарудың барлық кезеңдерінде әрекеттеседі.

Коммуникациялық қолдау және ақпараттық науқан өткізу

Банк, ақпараттық ашықтық қағидатын ұстана отырып, өзінің мақсатты аудиториясына жоспарлары мен қызметінің нәтижелері туралы ұдайы хабардар етіп отырады, белсенді түрде БАҚ-пен өзара әрекет етеді, коммуникациялық науқандар өткізіп, ESG және тұрақты даму саласындағы жетістіктері туралы есеп беріп отырады.

ESG және тұрақты даму аясында білім беру және ағарту бағдарламалары

Банк өз қызметкерлерінің, сондай-ақ клиенттері мен серіктестерінің ESG және тұрақты даму проблематикасы бойынша хабардар болу деңгейін арттыруға, білім алу және құзіреттілігін дамытуға атсалысады.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ӘРЕКЕТ ЕТУ

Банктің ESG және тұрақты даму саласындағы қызметі барлық мүдделі тараптардың мүдделерін ескеру мен ұзақ мерзімді құндылықты қалыптастыруға бағытталған. Бұл үшін банк барлық мүдделі тараптармен ашық диалог жүргізеді, мүдделі тараптардың өкілдері үшін барынша ыңғайлы өзара әрекет ету тәсілдері мен коммуникация арналарын анықтайды. Мүдделі тараптармен өзара әрекет ету Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Сбербанк» АҚ ЕБ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Банктің мүдделі тараптарының негізгі топтары:

АКЦИОНЕРЛЕР МЕН ИНВЕСТОРЛАР

Банк акционерлерімен өзара әрекет ету жүйесі үздік әлемдік тәжірибелерге сәйкес ақпарат айқындылығын сақтауға, қолжетімді коммуникация арналарын кеңейтуге және инвестициялық тартымдылыққа болысуға бағытталған.

КЛИЕНТТЕР

Корпоративтік және бөлшек клиенттер банктің қаржылық және қаржылық емес өнімдері мен қызметтерін тұтынушылары болып табылады. Банктің тұрақтылығы Клиенттердің қажеттіліктеріне байланысты, ал банк клиенттермен өзара әрекет ете отырып, олардың дамуына және ESG-трансформацияға болыса алады.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР

Қызметкерлерге қамқорлық көрсету банктің негізгі міндеті болып табылады, себебі қызметкерлер банктің негізгі активын құрайды, клиенттермен тікелей әрекеттеседі, банктің беделін қалыптастырады, стратегиялық мақсаттар мен тапсырмалардың іске асуын қамтамасыз етеді.

МЕМЛЕКЕТ

Сбер - ірі салық төлеуші, сондай-ақ елеулі мемлекеттік жобалар мен бағдарламаларда мемлекеттің серіктесі болып табылады. Банк мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға қатысады, Қазақстан Республикасында банк рөлі елеулі.

КОНТРАГЕНТТЕР

Контрагенттер банктің ұйым ретінде жанама ықпалы іске асырылатын банк жеткізілімдерінің тізбегі болып табылады.

РЕТТЕУШІ ОРГАНДАР

Банктің реттеушілік талаптарын орындауын қоса алғанда, реттеуші органдар банк бұлжытпай орындайтын қызмет шегін белгілейді, қаржылық және қаржылық емес өнімдер мен қызметтер нарығын бақылайды.

ЖЕРГІЛІКТІ ҚАУЫМДАСТЫҚТАР МЕН КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС ҰЙЫМДАР

Банктің ауқымды бөлімшелер желісі Қазақстанның бүкіл аумағын қамтиды, сол арқылы өзінің өнімдері мен қызметтерінің кең таралуына ықпал етеді. Банк бөлімшелері орналасқан аумақта, белсенді түрде жергілікті тұрғындармен ауқымды жұмыстар бойынша өзара әрекеттеседі.

БАҚ

БАҚ медиа кеңістікте банк қызметін көрсетуге көмектеседі, мүдделі тараптармен тиімді коммуникация құруға және ESG және тұрақты даму саласында бағдарламалар мен жобаларды сәтті іске асыру үшін қажетті ақпаратты таратуға көмектеседі.

ҚАРЖЫ НАРЫҒЫНЫҢ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

Қаржы нарығының басқа қатысушыларымен ынтымақтасу арқылы қаржы ұйымдарының әлеуетін тиімді түрде ашуға, жауапты қаржыландыру тәжірибесін ілгерлетуге және тұрақты даму аясында тиімді ықпалдасуға мүмкіндік береді.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР

ESG және тұрақты даму саласындағы халықаралық ұйымдар, оның ішінде олардың Қазақстандағы өкілдері бастамалар мен ағымдағы жоспарларды бірігіп әрекеттесуіне әсер етеді және банктің бұл салада дамуы бойынша серіктесі мен драйвері болып табылады.

КӘСІБИ ҚАУЫМДАСТЫҚ

Қаржы саласында, мемлекетте, ESG және тұрақты даму саласында күн тәртібінде тұрған мәселелерді шешу кезінде сарапшылар пікірі ескеріледі.

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ



Банк қызметінің барлық саласын қамтитын тиімді және көп деңгейлі корпоративтік басқару жүйесіне ие. ESG және тұрақты дамуды басқару жүйесі келесі жолмен құрылған:



«СБЕРБАНК» АҚ ЕБ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

Корпоративтік басқару жүйесі Корпоративтік басқару кодексінде бекітілген сегіз негізгі қағидаға негізделген:

1. Банк акционерлерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау қағидасы;
2. Банктің Акционерлердің жалпы жиналысын, Директорлар кеңесі мен Басқармасын тиімді басқару қағидасы;
3. Банктің қызметі туралы ақпаратты айқын, уақтылы және объективті түрде жария ету қағидасы;
4. Заңдылық пен әдеп қағидасы;
5. Тиімді дивидендтік саясат қағидасы;
6. Тиімді кадр саясаты қағидасы;
7. Қоршаған ортаны қорғау қағидасы;
8. Корпоративтік дауларды реттеу қағидасы.

«СБЕРБАНК» АҚ ЕБ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІ


«Сбербанк» АҚ ЕБ Корпоративтік басқару кодексі «Сбербанк» АҚ ЕБ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысымен 21.04.2016 ж., 27.04.2018 ж., 26.04.2019 ж., 26.05.2020 ж. бекітілген өзгерістерді ескере отырып, 27.05.2009 ж. «Сбербанк» АҚ ЕБ акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітілді.

Банктің Корпоративтік басқару кодексі корпоративтік басқару, этикалық нормалар, акционерлердің құқықтары мен мүдделерін тиімді қорғау, шешім қабылдаудың айқындылығы, банктің басқарушы қызметкерлерінің кәсіби және этикалық жауапкершілігі, ақпараттық ашықтығы, іскерлік әдеп нормалары жүйесін дамытудың негізгі қағидалары мен стандарттарын анықтайтын құжат болып табылады.

Банктің Корпоративтік басқару кодексі ҚР қолданыстағы заң талаптарына, уәкілетті орган ұсынған банк Жарғысына, Үлгі кодекске сәйкес, сонымен қатар ҚР-да дамып келе жатқан корпоративтік тәртіп пен этикалық нормалар тәжірибесін, капиталдар нарығында компаниялардың қызметінің қажеттілігі мен жағдайын, ағымдағы кезеңде олардың дамуын ескере отырып, әзірленді.

«СБЕРБАНК» АҚ ЕБ-НІҢ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Банктің ішкі нормативтік құжатына сәйкес Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитеті корпоративтік басқару саясаты мен тәжірибесін қадағалауды жүзеге асырады.



АКЦИОНЕРЛЕР ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ҚҰЗІРЕТІ

Акционерлердің жалпы жиналысы банктің жоғарғы органы болып табылады. Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- Банк Жарғысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- Корпоративтік басқару кодексін, сонымен қатар оған енгізілген өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
- Банкті ерікті түрде қайта ұйымдастыру немесе тарату;
- Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешім қабылдау;
- Банктің бағалы қағаздарын айырбастау шарттары мен тәртібін анықтау, сонымен қатар оларды өзгерту;
- Банктің қарапайым акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздар шығару туралы шешім қабылдау;
- Орналастырылған бір түрдегі акцияны екінші түрдегі акцияға айырбастау туралы шешім қабылдау, осылай айырбастау талаптарын, мерзімін мен тәртібін анықтау;
- Есептік комиссия өкілеттіктерінің мерзімін және сандық құрамын анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- Директорлар кеңесі өкілеттігінің мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар, Директорлар кеңесінің мүшелеріне өздерінің міндеттерін орындағаны үшін сыйақы төлеу және шыққан шығындарын өтеудің мөлшері мен талаптарын анықтау; Банк аудитін жүзеге асырушы аудиторлық ұйымды анықтау;
- Жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- Есептік қаржылық жылға Банктің таза табысын бөлу тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау және банктің бір қарапайым акциясына дивиденд мөлшерін бекіту;
- Банктің қарапайым акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау;
- Банк акцияларының ерікті делистингі туралы шешім қабылдау;
- Банкке тиесілі барлық активтердің жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын сомадағы активтердің бір бөлігін немесе бірнеше бөлігін табыстау (алу) жолымен өзге заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне банктің қатысуы немесе өзге заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығуы туралы шешім қабылдау;
- Банктің акционерлерге Акционерлердің жалпы жиналысының шақырылатыны туралы хабарлау түрін белгілеу;
- «Акционерлік қоғамдар туралы» заңға сәйкес акциялардың құнын оларды ұйымдастырылмаған нарықта банк сатып алған кезде анықтау әдістемесіне енгізілген өзгертулерді бекіту (егер құрылтай жиналысында бекітілмесе, әдістемені бекіту);
- Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
- Акционерлерге банк қызметі туралы ақпаратты ұсыну тәртібін белгілеу;
- Директорлар кеңесінің қызметін және банктің акционерлер жиналысын өткізу тәртібін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;
- Нәтижесінде банктің құны банк активтерінің баланстық құнының жалпы мөлшерінің елу және одан да көп пайызын құрайтын мүлкі сатып алынатын немесе меншіктен шығарылатын (сатып алынуы немесе шығарылуы мүмкін) аса ірі мәмілені банктің жасауы туралы шешім қабылдау;
- Банктің жасауға мүдделі ірі мәмілені жасауы туралы шешім қабылдау;
- Шешім қабылдау банктің ішкі нормативтік құжаттарына, Қазақстан Республикасының заңнамасына және (немесе) банк Жарғысына сәйкес Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатқызылған басқа да мәселелер.

«СБЕРБАНК» АҚ ЕБ МИНОРИТАРЛЫҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҒЫ

«Сбербанк» АҚ ЕБ миноритарлық акционерлерге қорғауды және әділ қарым-қатынасты қамтамасыз етеді, «Сбербанк» АҚ ЕБ Жарғысымен және ҚР заңнамасымен анықталған банк қызметі туралы ақпаратты ұсыну бойынша қажетті механизмдер мен рәсімдер жасалды. Банк өз қызметінің негізгі нәтижелері, жоспарлары мен перспективалары туралы ақпаратты уақтылы жариялайды.

ДИВИДЕНДТЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Акционерлердің тиісті кезеңдегі таза табыстың (пайданың) бір бөлігін оның акциялары бойынша дивидендтер түрінде алу құқығы «Сбербанк» АҚ ЕБ Жарғысында белгіленген. Банк акциялары бойынша дивидендтер ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен төленеді. Тиімді дивидендтік саясаттың негізгі өлшемдерінің бірі, дивидендтер мөлшері мен оларды төлеу талаптарын анықтаудың қарапайым және айқын механизмін қамтамасыз ету болып табылады.

«СБЕРБАНК» АҚ ЕБ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНДА ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

2021 жылы өткізілген банк Акционерлерінің жалпы жиналысы аясында келесідей мәселелер қарастырылды:

- 2020 жыл бойынша «Сбербанк» АҚ ЕБ жылдық қаржылық есептілігін бекіту туралы;
- 2020 жыл бойынша таза кірісті үлестіру тәртібін және «Сбербанк» АҚ ЕБ бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшерін бекіту туралы;
- Акционерлердің «Сбербанк» АҚ ЕБ және оның лауазымды тұлғаларының іс-әрекетіне өтініштері және оларды қарау қорытындылары туралы;
- 2021 және 2022 жылдың 1 тоқсанында «Сбербанк» АҚ ЕБ аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу туралы;
- «Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің өкілеттілік мерзімдерін анықтау туралы;
- «Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы;
- «Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің сандық құрамын анықтау туралы;
- «Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар кеңесі туралы Ережеге өзгертулер енгізу туралы.

«СБЕРБАНК» АҚ ЕБ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰЗІРЕТІ

Директорлар кеңесі - Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше құзыретінен тұратын мәселелерді шешуді қоспағанда, банк қызметіне жалпы басшылық ететін Банк органы.

Банктің Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- Банк қызметінің басым бағыттарын және банктің даму стратегиясын айқындау немесе Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген жағдайларда банктің даму жоспарын бекіту;
- Банк Жарғысының талаптарын сақтай отырып, акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы шешім қабылдау, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін анықтау, акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалатын күнді анықтау;
- Акцияларды орналастыру (өткізу) туралы, оның ішінде жарияланған акциялар саны шегінде орналастырылатын (өткізілетін) акциялардың саны, оларды орналастыру (өткізу) тәсілі және бағасы туралы шешім қабылдау;
- Орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды банктің сатып алуы және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- Банктің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелер бекіту;
- Банктің туынды бағалы қағаздарын және облигацияларын шығару шарттарын анықтау, сонымен қатар, оларды сатып алу туралы шешім қабылдау;
- Атқарушы органның өкілеттіктері мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның жетекшісін және мүшелерін сайлау, сонымен қатар, олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- Атқарушы орган жетекшісінің және мүшелерінің лауазымдық жалақысы мөлшерін және еңбекақы төлемі мен сыйақы беру шарттарын анықтау;
- Ішкі аудит қызметінің өкілеттіктері мерзімін, сандық құрамын анықтау, оның жетекшісін және мүшелерін тағайындау, сонымен қатар, олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін анықтау, ішкі аудит қызметі қызметкерлерінің еңбекақысы мен сыйақы мөлшерін және оларды төлеу шарттарын анықтау;
- Корпоративтік хатшыны тағайындау, өкілеттігі мерзімін анықтау, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар, корпоративтік хатшының лауазымдық жалақысы мөлшерін және сыйақы беру шарттарын анықтау;
- Қаржылық есептілікке аудит жүргізгені үшін аудиторлық ұйымның, сонымен қатар, бағалаушының банктің акцияларын төлеуге берілген немесе ірі мәміле мәні болып табылатын мүліктің нарық құнын бағалау жөніндегі қызметтерінің мөлшерін анықтау;
- Банктің Жарғысымен, банктің ішкі нормативтік құжаттарымен және ҚР заңнамасымен Директорлар Кеңесінің құзыретіне жатқызылған банктің ішкі қызметін реттейтін (банктің қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы органның қабылдайтын құжаттарынан басқа) құжаттарды бекіту, операцияларды жүргізудің жалпы шарттары туралы ережелерді бекіту, оның ішінде банк тәуекелдерін және меншікті капиталды басқару, резервтік капиталды пайдалану саясаттарын, сонымен қатар, аукцион мен банктің бағалы қағаздарына жазылу жүргізу талаптары мен тәртібін белгілейтін ішкі нормативтік құжаттарды, басқа да ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;
- Банктің филиалдарын және өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдерді қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- Басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталдағы қатысу үлесін) банктің сатып алуы туралы шешім қабылдау;
- Жалпы акционерлер жиналысында қабылданатын шешімдерді қоспағанда, банктің басқа заңды тұлғаларды құруға қатсуы немесе басқа заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;
- Акцияларының 10% және одан да көп пайызы (жарғылық капиталдағы қатысу үлесі) банкке тиесілі заңды тұлғаның Акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған қызмет мәселелері жөнінде шешім қабылдау;
- Банк акционері (қатысушысы) болып табылатын заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдау;
- Меншікті капитал мөлшерінің он және одан көп пайызын құрайтын ауқымда банк міндеттемелерін ұлғайту;

- Қызметтік, коммерциялық және басқа да заңмен қорғалатын құпияны құрайтын банк немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
- Ірі мәмілелерді жасау туралы шешімді акционерлердің жалпы жиналысы қабылдайтын ірі мәмілелерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптар мен шектеулер шеңберінде Банк мүдделілігі бар мәмілелерді және банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалармен мәмілелерді жасасу туралы шешім қабылдау;
- Банктің бюджетін, бизнес-жоспарларын және бизнес-жоспарларының орындалуы туралы есептерді бекіту;
- Директорлар кеңесінің алдын ала мақұлдауы талап етілетін банктік операциялардың және басқа мәмілелердің тізбесін және маңыздылық деңгейін бекіту;
- Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша сырттай (немесе ашық құпия) дауыс беруді жүргізу үшін бюллетеньдер формасын анықтау;
- Банктің бухгалтерлік есеп саясатын анықтау;
- Мерзімділігі, мазмұны және ұсынылу тәртібі банктің Директорлар кеңесімен анықталатын банк Басқармасы Төрағасының есептерін тыңдау.
- Банк акционерлерінің жалпы жиналысының ерекше құзыретіне жатпайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес банктің ішкі нормативтік құжаттарымен, банк Жарғысымен, осы Ережемен қарастырылған басқа да мәселелер.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІН САЙЛАУ

Директорлар кеңесінің мүшелері келесілердің құрамынан сайланады:

1. акционерлер - жеке тұлғалар;
2. акционерлердің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған жеке тұлғалар;
3. банк акционері болып табылатын және Директорлар кеңесіне акционер өкілі ретінде сайлауға ұсынылмаған жеке тұлғалар.

Директорлар кеңесі мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы керек.

Директорлар кеңесі құрамының кем дегенде 30% тәуелсіз директорлар болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшесі етіп сайлау ұсынылған тұлға басқарушы қызметкерлерге қатысты ҚР заңнамасымен бекітілген талаптарға, банк жарғысымен бекітілген талаптарға сай болуы тиіс.

Банктің кез келген акционері ҚР заңнамасы мен банк Жарғысында белгіленген нормалар сақталған жағдайда, Директорлар кеңесінің мүшесі етіп сайлануға үміткерді ұсынуға құқылы. Банк акционері Директорлар кеңесінің мүшесі етіп, соның ішінде банктің тәуелсіз директорларын сайлау үшін бірнеше үміткерді ұсынуға құқылы, банк акционерлері Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткерді ұсыну мақсатында бірігуге құқылы. Банк акционері Директорлар кеңесінің мүшесіне үміткерді ұсыну кезінде бұл үміткердің қандай түрде ұсынатындығын көрсетуі тиіс – банк акционері, банктің Директорлар кеңесіне акционердің (акционерлердің) өкілі ретінде сайлануға ұсынылған тұлға немесе банк акционері болып табылмайтын және банктің Директорлар кеңесіне акционердің (акционерлердің) өкілі ретінде сайлануға ұсынылмаған жеке тұлға.

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау кезінде Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінде банк акционерлерінің түрлі топтарының барынша көпшілігінің мүддесін қорғауға, ал Директорлар кеңесінде акционерлердің бірнеше топтарының өкілдігінің пайдасына пікірлер бір жерден шыққан кезде, банктің тәуелсіз директоры сайлануы қажеттігіне (ҚР заңнамасында белгіленген шектеулер ескеріліп) күш салуы тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшелігіне кандидаттар ұсыну кезінде өз міндеттерін орындау және тиімді жұмысты ұйымдастыру үшін қажетті тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі және іскерлік ортадағы оң жетістіктері ескеріледі.

Банктің қызметінде мүдделер қайшылығын барынша азайту мақсатында Директорлар кеңесі мүдделер қайшылығын басқару процедураларын және оларды іске асыру механизмдерін әзірлейді, сондай-ақ орындалуын қадағалайды. Директорлар кеңесі мүдделер қайшылығын басқару саясатын бекітеді, мүдделер қайшылығын басқару процессін жалпы қадағалайды. Директорлар кеңесінің мүшелері: мүдделер қайшылығын тудырған немесе оның туындауына ықтимал себеп болып табылатын кез келген мәселелер бойынша банктің Директорлар кеңесіне ақпарат ұсынуға; Директорлар кеңесі мүшесінің мүдделер қайшылығы бар мәселелер бойынша дауыс беруден бас тартуға, сондай-ақ өз мүдделері мен банк мүдделері арасында қайшылыққа алып келетін не алып келуі ықтимал іс-әрекеттерді орындамауға міндетті; Мүдделер қайшылығының алдын-алу мақсатында Директорлар кеңесінің мүшесі өзге ұйымдарда лауазымды тұлға міндеттерін орындауға кіріспес бұрын бұл ойы туралы Директор кеңесін тиісті ұйымның қызмет түрін көрсете отырып хабарландырады. Директорлар кеңесі ұсынылған ақпаратты мүдделер қайшылығы бар-жоғына тексереді.

Директорлар кеңесінің және оның жеке мүшелерінің қызметін бағалауды Акционерлердің жалпы жиналысы жүзеге асырады, ол бұл мақсатта ҚР «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының талаптарына және банк Жарғысына сәйкес ықпал ету құралдарын пайдалануға құқылы:

- Кез келген тұлғаны шектеусіз мәрте Директорлар кеңесінің мүшесі етіп сайлау құқығы;
- Директорлар кеңесінің барлық немесе жеке мүшелерінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату құқығы;
- Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы мөлшері мен оны төлеу жағдайын анықтау.

Директорлар кеңесі тәуекелдер бойынша банк ұстанымдарын жүйелі талдау арқылы тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмысын қамтамасыз етеді.



«СБЕРБАНК» АҚ ЕБ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

«Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің құрамына келесі тұлғалар кіреді:

ТАӘ	Туған жылы	«Сбербанк» АҚ ЕБ-дегі лауазымы	Соңғы үш жылда атқарған лауазымдары және қызмет саласы
<p>Козинцев Тимур Олегович (ДК құрамына 28.02.2020 ж. сайланды) ДК Төрағасы болып 10.03.2020 ж. сайланды)</p>	1972	«Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар Кеңесінің Төрағасы	<p>08.07.2013 ж.– 14.02.2020ж. DenizBank A.Ş Директорлар кеңесінің мүшесі</p> <p>04.11.2015 ж. – 14.02.2020ж.. Deniz Finasal Kiralama A.Ş. Директорлар кеңесінің мүшесі</p> <p>С 07.11.2016 ж. - 14.02.2020 ж. – DenizBank AG Қадағалау кеңесінің мүшесі, Кредиттік комитет мүшесі,Тәуекелдер бойынша комитеттің мүшесі</p> <p>19.03.2020 ж. – 24.03.2020 ж. – Sberbank Europe A.G. Қадағалау кеңесінің мүшесі;</p> <p>28.02.2020 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін - «Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі</p> <p>10.03.2020 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін - «Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің төрағасы</p> <p>25.03.2020 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – Sberbank Europe AG Қадағалау кеңесі Төрағасының орынбасары;</p> <p>27.03.2020 ж. – 30.03.2020 ж. - «БПС-Сбербанк» ААҚ Қадағалау кеңесінің мүшесі</p> <p>31.03.2020 ж. 25.03.2021 ж. – «БПС-Сбербанк» ААҚ Қадағалау кеңесі Төрағасының Орынбасары.</p> <p>26.03.2021 ж. бастап - қазіргі уақытқа дейін– «БПС-Сбербанк» ААҚ Қадағалау кеңесі Төрағасы.</p>
<p>Авдеенко Наталья Николаевна (ДК құрамына 25.04.2014 ж. сайланды) (ДК мүшесінің тегі Н.Н. Лазаревадан Н.Н.Авдеенкоға ауысты)</p>	1970	«Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі	<p>2013 ж. бастап 2017 ж. дейін – Басқарушы директор, Сбербанк ЖАҚ «Халықаралық операциялар» Блогының басшылығы- банктік қызмет</p> <p>2017 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін – Сбербанк ЖАҚ «Sberbank International» Блогы Корпоративтік даму және қызмет нәтижелілігі басқармасының Аға Басқарушы директоры - банктік қызмет</p> <p>2016 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін - «БПС-Сбербанк» ААҚ Қадағалау кеңесінің мүшесі - банктік қызмет</p> <p>2017 ж. бастап қазіргі уақытқа дейін - «Сбербанк» АҚ (Украина) Кеңесінің мүшесі – банктік қызмет</p>

Андреев Алексей Владимирович	1968	«Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар Кеңесінің мүшесі	10.06.2013 ж. - 05.02.2020 ж. - «Сбербанк» ЖАҚ Тәуекелдер блогының Халықаралық жобалар орталығының Жобалар директоры 06.02.2020 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «Сбербанк» ЖАҚ Халықаралық бизнес тәуекелдері басқармасының Атқарушы директоры 28.04.2021 ж. қазіргі уақытқа дейін - «Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің мүшесі
Аханов Серик Ахметжанович (ДК құрамына 11.10.2017 ж. сайланды)	1951	«Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар кеңесі мүшесі - тәуелсіз директор	04.2004 ж. бастап – Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы Кеңесінің төрағасы; 02.2015 ж. – 29.12.2020 ж. – Тәуелсіз директор - «АТФБанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі; 14.05.2015 ж. бастап – Тәуелсіз директор - «Казкоммерц-Полис» Директорлар кеңесінің мүшесі; 05.12.2017 ж. бастап – Тәуелсіз директор - «Сбербанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі; 03.2010 ж. - Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлер бірлестігінің Үйлестіру кеңесінің мүшесі
Барчугов Павел Сергеевич (ДК құрамына 28.04.2017 ж. сайланды)	1973	«Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар кеңесі мүшесі	28.04.2017 ж. бастап - қазіргі уақытқа дейін - «Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар Кеңесінің мүшесі 03.2018 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін – Аға Басқарушы директор-«Сбербанк» ЖАҚ «Sberbank International» Блогының Корпоративтік шешімдер және қызмет тиімділігі басқармасының директоры; 23.12.2019 ж.– 10.03.2020 ж. - «Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар Кеңесінің Төрағасы; 28.03.2014 ж. - қазіргі уақытқа дейін – «БПС-Сбербанк» ААҚ Қадағалау кеңесі төрағасының орынбасары (Беларусь Республикасы); 11.05.2017 ж. - қазіргі уақытқа дейін – Sberbank Europe A.G. Қадағалау кеңесінің мүшесі

Елемесов Аскар Раушанулы	1968	«Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар Кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор	<p>02.06.2016ж. – 14.02.2018 ж.. – Тәуелсіз директор – «ҚазАгро «Ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамының Директорлар кеңесінің мүшесі;</p> <p>29.07.2016 ж. – 29.02.2020 ж. - Директорлар кеңесінің Төрағасы – тәуелсіз директор - «SkyBridge Invest» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;</p> <p>01.03.2020 ж. бастап - қазіргі уақытқа дейін - Тәуелсіз директор - «SkyBridge Invest» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;</p> <p>31.07.2017 ж. – 26.07.2018 ж. – Тәуелсіз директор - «Казкоммерцбанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;</p> <p>28.05.2018 ж. – қазіргі уақытқа дейін – Тәуелсіз директор - «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;</p> <p>13.03.2019 ж. – қазіргі уақытқа дейін – Тәуелсіз директор - «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;</p> <p>02.07.2019 ж. – қазіргі уақытқа дейін – Тәуелсіз директор - «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;</p> <p>02.09.2019 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «АКРА (Кредиттік рейтингтік талду агенттігі)» Филиалының бастығы.</p> <p>26.05.2020 ж. – Тәуелсіз директор - «Сбербанк» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;</p> <p>01.02.2021 ж. - Тәуелсіз директор - Samanea Limited.</p>
Жердер Семен Олегович	1978	«Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар Кеңесінің мүшесі	<p>27.04.2016 ж.. - қазіргі уақытқа дейін - «Бірлескен кредиттік бюро» АҚ Директорлар Кеңесінің мүшесі</p> <p>14.05.2018 ж. – 31.05.2018 ж. – «Сбербанк Лизинг» АҚ Директорлар кеңесі мүшесі;</p> <p>12.04.2019 ж. – 26.06.2019 ж. - «ИКС» АҚ Директорлар Кеңесінің мүшесі;</p> <p>30.04.2019 ж. – қазіргі уақытқа дейін - «Московский Городской Гольф Клуб» ЖШҚ Директорлар кеңесінің мүшесі;</p> <p>01.07.2017 ж. – қазіргі уақытқа дейін - Сбербанк ЖАҚ Басқарушы директор, Қаржы директоры, Қаржы департаментінің «Халықаралық бизнес қаржысы» Қызметінің басшысы.</p> <p>28.04.2021 ж. – қазіргі уақытқа дейін - «Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар Кеңесінің мүшесі</p>

Мадиев Магжан Динмухаммедович	1989	«Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар Кеңесінің мүшесі - тәуелсіз директор	<p>03.2017 ж.. – 07.2017 ж. – «Зерде» ұлттық инфокоммуникация холдингі» АҚ Басқарма Төрағасының кеңесшісі, «Зерде» ҰИХ» АҚ жанындағы «Ақпараттық және коммуникациялық технологияларды дамыту қоры» КҚ Қамқоршылық кеңесінің Төрағасы;</p> <p>07.2017 ж. – 10.2018 ж. – Бас директор – «Astana Hub» IT- Стартаптардың халықаралық технопаркі» ҚҚ».</p> <p>10.2018 ж.. – 05.2019 ж.. – «Umit Fund» Коммерциялық емес ұйымының директоры;</p> <p>05.2019 ж. – 03.2020 ж.. – «Кәсіпкерлікті дамытуды зерттеу орталығы» ЖШС директоры;</p> <p>03.2020 ж. – 08.2020 ж. - «Атамекен» ҚР ҰКП Басқарма Төрағасының Кеңесшісі;</p> <p>08.2020 ж. - қазіргі уақытқа дейін – Бас директор – «Astana Hub» IT- Стартаптардың халықаралық технопаркі» ҚҚ».</p> <p>28.04.2021 ж. – қазіргі уақытқа дейін - Тәуелсіз директор - «Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар Кеңесінің мүшесі;</p>
Мошиашвили Михаил Михайлович	1973	«Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар Кеңесінің мүшесі	<p>2016 ж. – қазіргі уақытқа дейін - РФ, Мәскеу қ., «Экономика жоғары мектебі «Ұлттық зерттеу университеті» жоғары білім беру федералдық мемлекеттік автономды білім беру мекемесінің экономика ғылымдары факультетінің профессоры (азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт негізінде);</p> <p>04.09.2020 ж. - қазіргі уақытқа дейін - «БПС-Сбербанк» ААҚ Қадағалау кеңесінің мүшесі, Беларусь Республикасы</p> <p>с 19.02.2021 ж. – қазіргі уақытқа дейін - «Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар Кеңесінің мүшесі</p>
Тенизбаев Ельдар Амантаевич (избран в состав СД 28.02.2020 г.)	1984	Директорлар кеңесі мүшесі «Сбербанк» АҚ ЕБ	<p>01.11.2013 ж. – 03.06.2019 ж. – «Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының Орынбасары</p> <p>30.03.2016 ж. – ТОО «Сбербанк Лизинг Казахстан» ЖШС Қадағалау кеңесінің мүшесі;</p> <p>03.06.2019 ж. – 05.01.2020 ж. – «Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының Бірінші орынбасары;</p> <p>06.01.2020 ж. - қазіргі уақытқа дейін - «Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасы</p> <p>28.02.2020 ж. – қазіргі уақытқа дейін - «Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар Кеңесінің мүшесі</p>

«СБЕРБАНК» АҚ ЕБ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ




ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



● Тәуелсіз директорлар

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖАСТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



● <50 (60%)
● >60 (30%)
● 50-60 (10%)

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ГЕНДЕРЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ



● ерлер
● әйелдер

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

Директорлар кеңесінің әр мүшесінің еңбекасының мөлшері және ақшалай түрде төленген ынталандыру мөлшері, Директорлар кеңесі мүшелерінің өз міндеттемелерін орындағаны үшін сыйақысы мен шығындарының өтемақысын төлеу мөлшері мен талаптары туралы ақпарат Акционерлердің жалпы жиналысының ерекше уәкілеттіліктеріне жатады.

2021 жылғы Директорлар кеңесі мүшелерінің сыйақы мөлшері 138,8 млн. теңгені құрады.

«СБЕРБАНК» АҚ ЕБ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНДЕ ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

2021 жылы «Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар кеңесі 51 сырттай және 2 күндізгі отырысты өткізді. «Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің отырыстарында келесі негізгі мәселелер қарастырылды:

- 2020 жылғы «Сбербанк» АҚ ЕБ Жылдық қаржылық есептілігі;
- 2021 жылдың 9 айындағы қызмет қорытындысы;
- Кредиттік қоржынның сапасын талдау бойынша тоқсандық есептер;
- «Сбербанк» АҚ ЕБ-нің 2022-2024 жылдарға арналған Бизнес-жоспары;
- «Сбербанк» АҚ ЕБ Стратегиясын іске асыру барысы туралы есептер.

«СБЕРБАНК» АҚ ЕБ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ

«Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитеті банктің Директорлар кеңесінің консультативтік-кеңесші органы болып табылады және орта және ұзақ мерзімді перспективада банктік қызметтің тиімділігін арттыруға ықпал ететін іс-шараларды әзірлеу мәселелерін қоса алғанда, банктің стратегиялық мақсаттарын (Даму стратегиясын) әзірлеу мәселелері бойынша ұсынымдар дайындауды, банктің кадр саясаты және банктің басшы қызметкерлеріне сыйақы төлеу саласындағы банктің басым бағыттарын анықтау мәселелері бойынша, сондай-ақ банктің корпоративтік әлеуметтік жауапкершілік жүйесін құру және оның жұмыс істеуін қамтамасыз ету мәселелері бойынша банктің Директорлар кеңесіне ҚР заңнамасына сәйкес анық және уақытылы басқарушылық есептілік пен ақпарат беруді жүзеге асырады. «Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар кеңесі «Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитетінің құрамын ҚР заңнамасының талаптарына және «Сбербанк» АҚ ЕБ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес анықтайды.

2021 жылы «Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) 22 сырттай отырыс, 1 бетпе-бет отырыс өткізді, 39 мәселе қаралды.

Комитет қараған негізгі мәселелер:

- Стратегияны іске асыру барысы туралы есебі;
- «Сбербанк» АҚ ЕБ тоқсан сайынғы қаржылық және басқарушылық есептілігі;
- «Сбербанк» АҚ ЕБ бизнес-жоспары.

Құрамы:

Мадиев Магжан Динмухаммедович – Комитет Төрағасы (05.05.2021 ж. тағайындалды);

Аханов Серик Ахметжанович – Комитет мүшесі (30.10.2017 ж. тағайындалды);

Козинцев Тимур Олегович – Комитет мүшесі (25.09.2020 ж. тағайындалды);

Мошиашвили Михаил Михайлович – Комитет мүшесі (24.02.2021 ж. тағайындалды);

Тенизбаев Ельдар Амантаевич – Комитет мүшесі (28.02.2020 ж. тағайындалды).

«Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің аудит мәселелері бойынша комитеті – банктің Директорлар кеңесімен берілген өкілеттіктері аясында корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау мен ішкі және сыртқы аудит қызметін бақылау жүйелері жұмысының тиімділігін бақылауды жүзеге асыру мәселелері бойынша ұсынымдар мен ұсыныстарды әзірлейді. «Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар кеңесі «Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің ішкі аудит мәселелері жөніндегі комитетінің құрамын ҚР заңнамасының талаптарына және «Сбербанк» АҚ ЕБ ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес анықтайды.

2021 жылы «Сбербанк» АҚ ЕБ Директорлар кеңесінің аудит жөніндегі комитеті

8 сырттай отырыс өткізіп 10 мәселе қарады.

Комитет қараған негізгі мәселелер:

- 2021 жылғы Ішкі аудит жоспары;
- Ішкі аудит нәтижелері туралы, ішкі аудит жоспарының орындалуы туралы және Ішкі аудит басқармасының тексеру нәтижелері бойынша іс-шаралардың орындалуы туралы тоқсан сайынғы есептер;
- Ішкі аудит саясатын, ішкі аудитор этикасының кодексін, ішкі аудит бөлімшесі туралы ережені орындау мониторингінің қорытындылары туралы есеп.

Құрамы:

Елемесов Аскар Раушанұлы – Комитет Төрағасы (29.05.2020 ж. тағайындалды);

Андреев Алексей Владимирович – Комитет мүшесі (05.05.2021 ж. тағайындалды);

Жердер Семен Олегович – Комитет мүшесі (05.05.2021 ж. тағайындалды).

«СБЕРБАНК» АҚ ЕБ БАСҚАРМАСЫ

БАСҚАРМА ҚҰЗІРЕТІ

«Сбербанк» АҚ ЕБ басқармасы (бұдан әрі — Басқарма) банктің таңдалған бизнес моделіне, қызмет ауқымына, операциялардың түрлері мен күрделілігіне, бейіннің тәуекеліне және банктің Директорлар кеңесі бекіткен ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес банктің ағымдағы қызметіне басшылықты жүзеге асыратын банктің атқарушы алқалы органы болып табылады. Басқарма мен Басқарма Төрағасы өз қызметінде Директорлар кеңесіне және банк акционерлерінің жалпы жиналысына есеп береді.

Басқарманың ерекше құзіретіне келесілер жатады:

Басқарма өз уәкілеттіліктерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен, банк Жарғысымен, Акционерлердің жалпы жиналысымен, Директорлар кеңесімен және осы Ережемен бекітілген шекте жүзеге асырады. Басқарма өзіне жүктелген уәкілеттіліктерге сәйкес:

1. банк қызметінің қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттарын айқындайтын банк стратегиясының жобасын дайындайды, сондай-ақ стратегияның орындалуына мониторинг жүргізуді және банк стратегиясының ағымадғы нарықтық және экономикалық жағдайға, тәуекелдер профиліне және қаржылық әлеуетке, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес болуын бағалауды жүзеге асырады;
2. банк стратегиясының орындалуын, банктің Директорлар кеңесі бекіткен рәсімдердің, үдерістердің және саясаттың орындалуын қамтамасыз етеді;
3. банктің тәуекел бейінін, тәуекел дәрежесін, банктің тәуекел дәрежесі деңгейінің (деңгейлерінің) біріктірілген дәрежесінің мөлшерін және әр маңызды

тәуекел түрі бойынша банктің тәуекел-дәрежесінің деңгейін анықтау стратегиясын дайындайды (кем дегенде жылына 1 (бір) рет);

4. Кейіннен Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитетінің қарауына шығару және Директорлар кеңесінің бекітуі үшін тиісті жылға банк бюджетінің жобасын дайындайды, банктің бизнес-жоспарын қарайды банктің Директорлар кеңесіне бекітуге жібереді.
5. банк филиалдарының бизнес-көрсеткіштерін бекітеді және олардың іске асырылуына бақылау жүргізеді;
6. басқарушылық ақпарат жүйесінің жұмыс істеуін айқындайтын тәртіпті дайындайды;
7. ҚР заңнамасына сәйкес банктің Директорлар кеңесіне ұсынылатын есептілік өлшемшарттарын айқындайды, қаржылық және басқарушылық есептілік пен банктің қаржылық көрсеткіштері мен тәуекелдерді басқару жүйесін бағалау мүмкіндігін қамтамасыз ететін басқа да ақпаратты алдын ала қарайды;
8. есептердің қалыптасуын ұйымдастырады, сондай-ақ тәуекелдерді басқару жүйесін қалыптастыру мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Басқарма мен банктің қызметінің нәтижелері туралы есепті дайындайды және Директорлар кеңесіне ұсынады;
9. банктің ұйымдастырушылық құрылымы - бағынушылық және есеп беру құрылымын көрсететін, басқару органдарының, басқарушы қызметкерлердің және банктің құрылымдық бөлімшелерінің сандық құрамы мен жүйесін айқындайтын ішкі құжатты және (немесе)

ішкі құжаттар жиынтығын дайындайды және алдын ала бекітеді.

10. банктің ұйымдастырушылық құрылымына мониторинг жүргізеді. Қажет болған жағдайда банктің ұйымдастырушылық құрылымына өзгертулер мен толықтырулар енгізу жобасын дайындайды да, оны Директорлар кеңесінің Стратегиялық жоспарлау және тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі комитеті мен банктің Директорлар кеңесіне қарауға жібереді.
11. келесілерді бекітеді: басқарушы/банктің басқарушы қызметкері болып табыламайтын атқарушы директорларының лауазымын енгізу, банктің құрылымдық бөлімшелерінің атауларын, олардың есептік/сандық құрамын банктің Директорлар кеңесімен бекітілген есептік/сандық шекте өзгерту бойынша банктің және Филиалдардың ұйымдастырушылық құрылымына өзгертулер енгізу; банк қызметінің бөлек бағыттары аясында құрылымдық бөлімшелердің бағынушылығын өзгерту; банктің Директорлар кеңесі бекіткен банктің ұйымдастырушылық құрылымына сәйкес Орталық кеңсе мен банк филиалдарының ұйымдастырушылық құрылымын қалыптастыру тәртібі;
12. жеке тұлғаларды кредиттеуді ұйымдастыру, кредиттеу, есеп айырысу, кассалық қызмет көрсету, ақшаның және банк құндылықтарының сақталуы, есепке алу және есеп беру, банкішілік бақылау, клиенттердің мүдделерін қамтамасыз ету, банк қызметінің басқа да мәселелерін қарайды
13. өз капиталының қарқыны мен жоспарлы жаңа банктік қызметтер көрсетумен байланысты әлеуетті тәуекелдерді талдайды және ол бойынша талаптарды алдын ала бекітеді.


14. банк жұмысының тәжірибесіне барынша озық технологияларды енгізеді, банк жұмысын кешенді автоматтандыру бойынша жобаларды іске асырады;
15. банктің Директорлар кеңесі бекіткен уәкілеттіліктерге сәйкес қайтарылуы үмітсіз инвестицияларды есептен шығару туралы шешімдерді бекітеді;
16. банктің Директорлар кеңесі бекіткен уәкілеттіліктерге сәйкес кредиттік берешектен басқа, өндіріп алуға үміт жоқ және/немесе мүмкін емес болып танылған берешекті есептен шығару туралы шешімдерді бекітеді;
17. лауазымдық еңбекақылар құрылымын белгілейді және банк қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесін белгілейді;
18. банк қызметкерлерін іріктеу, орналастыру, дайындау және қайта дайындау мәселелерін шешеді;
19. Орталық кеңсе мен банк филиалдары бастықтарының сәйкес кезең немесе нақты қызмет бағыты бойынша жұмыс нәтижелері туралы ақпаратын қарастырады;
20. тексеру нәтижелері бойынша Ішкі аудит басқармасының, сыртқы аудиторлардың есептерін талдайды, ұсыныстарын, банкте тәуекелдерді басқару және ішкі бақылаудың жалпы жүйесінің құрылымы мен тиімділігіне қатысты уәкілетті органдар мен басқа сарапшылардың актілерін қарастырады, бұзушылықтарды жоюды және ішкі және сыртқы аудит ұсыныстарының орындалуын қамтамасыз етеді;
21. банк тәуекелдерінің ағымдағы деңгейі, тәуекел дәрежесінің деңгейінің сақталуына мониторинг жүргізу, тәуекел дәрежесі деңгейінің бұзуылуы және тәуекелдер деңгейін төмендету бойынша механизмдер туралы есептерді кемінде тоқсанына 1 (бір) рет алдын ала қарастырады;
22. банкте тәуекелдерді, соның ішінде комплаенс-тәуекелді тиімді басқаруды қамтамасыз етеді;
23. комплаенс-тәуекелді басқару бойынша есепті кем дегенде айына 1 рет алдын ала қарайды және банктің Директорлар кеңесіне қажет болған жағдайда тиісті шаралар қабылдау бойынша ұсыныстарды жасайды;
24. тәуекелдерге байланысты жылдам шешім немесе шара қабылдауды талап ететін, кейіннен Директорлар кеңесінің комитеттері/банктің Директорлар кеңесі қарауы тиіс мәселелер бойынша маңызды ақпаратты алдын ала қарастырады;
25. тәуекелдерді басқару бойынша Басқармаға ұсынылатын есептер тізілімін бекітеді;
26. клиенттердің банктік қызмет көрсету кезінде туындаған өтініштерін қарастырудың ішкі тәртібін дайындайды, сондай-ақ көрсетілген тәртіптің сақталуына мониторинг жүргізеді, қажет болған жағдайда банктің клиенттердің банктік қызмет көрсету кезінде туындаған өтініштерін қарастыру бойынша банк жұмысын жетілдіру бойынша шаралардың қабылдануын қамтамасыз етеді;
27. банк қызметкерлері банк қызметіне қатысты бұзушылықтар туралы құпия түрде хабарлауға мүмкіндік беретін рәсімдердің тиімділігіне тексеру жүргізеді, мониторинг нәтижелерін жыл сайын банктің Директорлар кеңесіне қарауға жібереді;
28. басқарушылық ақпарат жүйесінің ағымдағы нарықтық және экономикалық жағдайда, тәуекелдер профиліне, банк қызметінің түрлері мен қиындық деңгейіне сай болуына бағалау жүргізеді, бағалау нәтижелерін жыл сайын банктің Директорлар кеңесіне қарауға жібереді;
29. ықтимал және мүмкін қатер болатын ішкі және сыртқы экономикалық факторларды сәйкестендіреді және талдайды, олардың банктің қаржылық көрсеткіштеріне әсер ету деңгейін бағалайды;
30. меншік капиталдың жеткіліктілігін және банктің Директорлар кеңесіне қолжетімді басқа да ақпаратты бағалаудың ішкі үдерісі аясында анықталған нәтижелер негізінде капиталдың жеткіліктілігін жыл сайынғы бағалау қорытындысын қарастырады;
31. банктің ішкі нормативтік құжаттарын дайындайды және алдын ала бекітеді;
32. стресс-тестілеу нәтижелерін алдын ала қарастырады (кемінде жарты жылда 1 (бір) рет);
33. қаржылық реттеушілік және басқарушылық ақпараттың толық, дұрыс және уақытында қалыптастырылуы және ұсынылуының мониторингі туралы есепті алдын ала қарастырады (кемінде тоқсанына 1 (бір) рет);
34. тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесінің, банк пен оның беделін қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған жалпы корпоративтік басқару жүйесінің жұмысының сапасы мен тиімділігін бағалау нәтижелерін алдын ала қарастырады (кем дегенде жылына бір рет);
35. кадрлық саясаттың стратегияға, ұйымдастырушылық құрылымға, банк тәуекелдерінің профиліне, қол жеткізген нәтижелерге және ҚР заңнамасының талаптарына сай болуына мониторинг жүргізеді (кем дегенде жылына 1 (бір) рет), банктің Директорлар кеңесінің қарауына ұсынады;

36. сыртқы факторлардың өзгеруімен байланысты операциялық тәуекелді, сондай-ақ тәуекел деңгейі мен түрінің өзгеруін қоса алғанда, жаңа өнімдерге, қызмет түріне, үдерістерге немесе жүйелерге байланысты операциялық тәуекелдерді уақытында анықтауды және басқаруды қамтамасыз ету мақсатында операциялық тәуекелді басқару жүйесін талдау нәтижелері туралы ақпаратты алдын ала қарастырады (кемінде тоқсанына 1 (бір) рет), банктің Директорлар кеңесінің қарауына ұсынады;
37. қызметтің үздіксіздігін және (немесе) қалпына келтірілуін қамтамасыз ету бойынша жоспарды (жоспарларды) бекітеді;
38. уәкілетті органға дұрыс және толық реттеушілік есептіліктің уақытында ұсынылуын қамтамасыз етеді;
39. банк акционерлерінің Жалпы жиналысына дайындықты және оны өткізуді жүзеге асырады;
40. стратегияны, саясатты және банктің басқа да ішкі құжаттарын бекітілген және (немесе) оған оларға өзгертулер мен толықтырулар енгізілген күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде банк қызметкерлеріне, оларға бекітілген қызмет бойынша жеткізілуін белгілейтін тәртіпті дайындайды;
41. сыртқы аудиторды тағайындау, қайта тағайындау және оның қызметінен босату бойынша ұсыныстарды, сондай-ақ сыртқы аудитормен шарт талаптарын бағалау және талдау нәтижелері бойынша қорытындыны дайындайды және Директорлар кеңесінің қарауына жібереді;
42. банктің ішкі құжаттарын бекіту бойынша банктің органдары мен лауазымды тұлғаларының құзіретін белгілейтін ішкі құжатты бекітеді;
43. өз құзіретіне кіретін мәселелер бойынша банктің ішкі нормативтік құжаттарын бекітеді;
44. банктің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес банктің уәкілетті органдары қарауы тиіс мәселелерден басқа, Директорлар кеңесінің Комитеттері, Директорлар кеңесі және Акционерлердің жалпы жиналысы алдын ала қарайтын/бекітетін мәселелерді, есептерді, ақпаратты алдын ала қарайды, осыған байланысты қажет құжаттарды дайындайды, Директорлар кеңесі мен банк акционерлерінің жалпы жиналысының шешімінің орындалуын ұйымдастырады;
45. ережелерін банктің Директорлар кеңесі бекітетін алқалы органнан басқа, жұмыс органдарын (соның ішінде комитеттерді) құрады және олардың құзіретін айқындайды, олар туралы ережелерді бекітеді;
46. банктің конкурстық комиссиясының шешімдерін қарастырады және банктің Директорлар кеңесімен бекітілен уәкілеттіліктерге сәйкес қолданыстағы ҚР заңнамасы және банктің ІНҚ қарастырылған тәртіпте және талаптарда жылжымалы және жылжымайтын мүлікті сатып алу, сату туралы мәмілелерді бекіту туралы шешім қабылдайды;
47. банктің әлеуметтік бағдарламаларын бекітеді;
48. қарастырылуы Директорлар кеңесі мен банк акционерлерінің Жалпы жиналысының құзіретіне жатқызылған шарттар мен келісімшарттарды есепке алмағанда, шарттар мен келісімшарттардың жасалуын мақұлдайды;
49. белгіленген ІНҚ және ҚР заңнамасына сәйкес Басқарма жұмысының сапасын бақылау және бағалау үшін қажет келесілерден тұратын ақпаратты банктің Директорлар кеңесіне ұсынады:
- банк Басқармасының банк стратегиясында көрсетілген мақсаттарына жетуі, оларға жетуіне кедергі болатын себептер болса, көрсетеді;
 - банк қызметінің банктің Директорлар кеңесі бекіткен стратегиялар мен саясатқа сәйкес болуы;
 - банк қызметінің нәтижелері және оның қаржылық жағдайы, соның ішінде банк табысының тұрақтылығы (құбылмалығы) туралы;
 - банк қабылдайтын шешімдердің банктің Директорлар кеңесі бекіткен рәсімдерге, үдерістерге және саясатқа сәйкес болмауы;
 - бекітілген тәуекел дәрежелерін арттыру және олардың бұзылу себептері;
50. дұрыс емес, толық емес немесе рұқсат етілмеген операцияларды, активтерді сақтауды қамтамасыз ету бойынша қызметтегі кемшіліктерді, қаржылық және реттеушілік есептілікті қалыптастыру кезіндегі қателіктерді, банктің ішкі құжаттарының, ҚР заңнамасының бұзылуын уақытында анықтау бойынша ішкі бақылау күйі туралы ақпарат;
51. Акционерлердің жалпы жиналысының және банктің Директорлар кеңесінің ерекше құзіретіне жатпайтын басқа мәселелерді қарастырады.


«СБЕРБАНК» АҚ ЕБ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚҰРАМЫ

ТАӘ	Туған жылы	«Сбербанк» АҚ ЕБ-дегі лауазымы	Соңғы үш жылдағы еңбек тәжірибесі	
	Тенизбаев Ельдар Амантаевич	1984	«Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасы	2016 ж. бастап «Сбербанк Лизинг Казахстан» ЖШС Қадағалау кеңесінің мүшесі 2019 ж. маусымнан бастап «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының Бірінші Орынбасары; 2020 ж. бастап «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасы
	Накисбеков Ернар Нарымжанович	1984	«Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының орынбасары	2019 ж. бастап CEO Бас директор, Digicel (PNG) Limited Papua New Guinea Менеджмент құрылымдық бөлімшесінің операциялық қызмет жөніндегі Атқарушы вице-президенті, «Ренессанс Сақтандыру тобы» («Группа Ренессанс Страхование») АҚ 2020 бастап – «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының Кеңесшісі, «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының Орынбасары.
	Аракелян Георгий Гургенович	1968	«Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының орынбасары	2017 ж. бастап «БИНБАНК» ЖАҚ Директорлар Кеңесінің мүшесі 2018 ж. бастап «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Тәуекелдер жөніндегі басқарушы директор 2020 ж. бастап «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының орынбасары
	Титов Александр Викторович	1973	«Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының орынбасары	2017 ж. бастап Аға басқарушы директор - «Сбербанк» ЖАҚ халықаралық бизнесті дамыту басқармасының директоры 2018 ж. бастап Аға басқарушы директор - «Сбербанк» ЖАҚ халықаралық корпоративтік бизнесті дамыту басқармасының директоры 2020 ж. бастап «Жинақ банкі»
	Тасқаранов Нурсұлтан Габдиль-Мажитович	1978	«Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының орынбасары	2012 ж. бастап «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының орынбасары 2016 ж. бастап «Сбербанк Лизинг Казахстан» ЖШС Қадағалау кеңесінің мүшесі
	Яманов Денис Александрович	1980	«Сбербанк» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының орынбасары	- 2013 ж. бастап «Жинақ банкі» АҚ ЕБ Басқарма Төрағасының орынбасары

БАСҚАРМАНЫҢ ҚҰРАМЫ



БАСҚАРМАНЫҢ ЖАСТЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



БАСҚАРМАНЫҢ ГЕНДЕРЛІК ҚҰРЫЛЫМЫ



БАСҚАРМА МҮШЕЛЕРІНІҢ СЫЙАҚЫСЫ

Эмитенттің атқарушы органының әр мүшесінің еңбекасының мөлшері және ақшалай түрде төленген ынталандыру мөлшері, Басқарма мүшелерінің өз міндеттемелерін орындағаны үшін сыйақысы мен шығындарының өтемақысын төлеу мөлшері мен талаптары Директорлар кеңесінің ерекше уәкілеттіліктеріне жатады.

2021 ж. Басқарма мүшелерінің сыйақы мөлшері - 2 836 млн. теңге.

«СБЕРБАНК» АҚ ЕБ БАСҚАРМАСЫНДА ҚАРАСТЫРЫЛҒАН МӘСЕЛЕЛЕР

2021 жылы Басқарма 14 сырттай және 85 бетпе-бет отырысты өткізді. Банк басқармасы мынадай мәселелерді, оның ішінде Директорлар кеңесі кейіннен бекітуі үшін қарады:

- «Сбербанк» АҚ ЕБ 2022–2024 жылдарға арналған Бизнес-жоспарының көрсеткіштері;


- Банк қызметінің қорытындысы;
- «Сбербанк» АҚ ЕБ қаржылық және басқарушылық есептілігі және банкпен айрықша қатынастармен байланысты тұлғалармен жасалатын мәмілелер туралы ақпарат;
- «Сбербанк» АҚ ЕБ қаржылық нәтижесінің болжамы;
- Комплаенс тәуекелді басқару жөніндегі есеп;
- «Сбербанк» АҚ ЕБ кредиттік қоржынының сапасын талдау жөніндегі есебі;
- Стратегияны іске асыру барысы туралы есеп;
- Ішкі бақылау саясатын орындау тиімділігінің мониторингі және бағалау нәтижелері туралы есеп;
- Банк пен оның қызметкерлерінің проблемалық активтер бойынша саясатты орындауына мониторинг жүргізу және бақылау нәтижелері бойынша есеп;

- Заемдарды қайта құрылымдауды жүргізу туралы қабылданған шешім туралы ақпарат (шартты міндеттемелерін қоса алғанда, жалпы берешегі банктің меншік капиталының 1% (бір пайызынан) асатын, қаржылық қиыншылықтары бар заемшылар және (немесе) өзара байланысты заемшылар тобы бойынша).
- «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі «Сбербанк» АҚ ЕБ-не қолданған шектеулі ықпал ету шаралары мен санкциялар туралы» ақпарат, сондай-ақ анықталған бұзушылықтарды жою жөніндегі іс-шаралар жоспарларын орындау мәртебелері;
- Ішкі аудит нәтижелері туралы, ішкі аудит жоспарының орындалуы туралы және Ішкі аудит басқармасының тексеру нәтижелері бойынша іс-шаралардың орындалуы туралы, сондай-ақ Ішкі аудит басқармасының қызметкерлерін оқыту қорытындылары туралы есеп;
- Банктің кадр саясатының стратегияға, ұйымдық құрылымға, банктің тәуекелдер бейініне, қол жеткізілген нәтижелерге және заңнама талаптарына сәйкестік мониторингі туралы есеп;
- 2020 жыл бойынша қызметтің үздіксіздігін және қалпына келтірілуін қамтамасыз ету бойынша жоспарларды тестілеу нәтижелері бойынша есеп;
- Жағдай бойынша клиенттерге банктік қызмет көрсету кезінде туындаған клиенттердің өтініштерін қарау бойынша банк қызметіне мониторинг жүргізу және бақылау туралы есеп;
- 2020 жылғы таза табысты үлестіру тәртібі және «Сбербанк» АҚ ЕБ бір жай акциясына есептелген дивиденд мөлшері, сондай-ақ «Сбербанк» АҚ ЕБ жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу/төлемеу туралы шешім.

«СБЕРБАНК» АҚ ЕБ ӨНДІРІСТІК ҚҰРЫЛЫМЫ



«Сбербанк» АҚ ЕЕБ өндірістік құрылымы операциялық қызметке қатысатын негізгі бөлімшелер мен оларды басқарудың негізгі қағидаларын көрсетеді.



КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА ҚАҒИДАЛАРЫ

Банкте «Сбербанк» АҚ ЕБ Корпоративтік этика кодексі қабылданып бекітілген, бұл Кодексте банктің міндеттері мен құндылықтарына негізделген, қызметкерлерге, клиенттерге, серіктестерге адал және әділетті қарым-қатынасты, Қазақстан Республикасының заңнамасының және ішкі нормативтік құжаттардың сақталуын қамтамасыз ететін, қабылданған тәртіп стандарттары көрсетілген.

Этика кодексі «Сбербанк» АҚ ЕБ-нің барлық қызметкерлеріне арналған және лауазымына қарамастан барлығы бірдей оны сақтауы тиіс. Банктің барлық қызметкерлері өз беделін ардақтайды және өзіне қабылдаған міндеттерін әрқашан және кез келген жағдайда орындайды.

Әріптестеріне, клиенттерге және банк өзара әрекет ететін басқа да тұлғаларға қызметкерлер құрметпен және ізгі ниетпен қарайды. Әр қызметкер өз жұмысының нәтижелері және айналасындағы жұмыс ахуалына жауапты болады. Банк басшыларына қызметкерлер өз міндеттерін білетін және түсінетін және өз күдігі мен қиын мәселелері туралы еркін айта алатын тәртіп мәдениетін құрып, оны сақтау бойынша қосымша жауапкершілік жүктелген.

КОРПОРАТИВТІК ЭТИКАНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ

- Клиенттермен, серіктестермен және қызметкерлермен өзара қарым-қатынас
- Жәйлі жұмыс ортасын құру және оны сақтау
- Денсаулықты, қауіпсіздікті және еңбекті қорғау
- Сыртқы келбет стандарты («дресс-код»)
- Банк активтерін қорғау және сақтық
- Мүдделер қақтығысы
- Жақын туыстардың бірлесіп жұмыс істеуі
- Банктен тыс қызмет ету
- Сыйлық алмасу және өкілдік шығындар
- Банк және контрагенттер қызметін пайдалану
- Этикалық қақтығыстар және бұзушылықтар турлы хабарлау
- Тәуекел мәдениеті

БИЗНЕСТІ ЖҮРГІЗУДІҢ НЕГІЗГІ ЭТИКАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

- Адал бәсекелестік
- Уәкілеттіліктерді асыра пайдалануға жол бермеу
- Коммерциялық параға сатып алуға жол бермеу
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
- Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл
- Инсайдерлік ақпаратты пайдалану арқылы операцияны жүзеге асыру және нарықпен айла-шарғы жасау

КОРПОРАТИВТІК ЭТИКА ҚАҒИДАЛАРЫ

Біз клиенттеріміздің, қызметкерлеріміздің, серіктестеріміздің акционерлеріміз бен инвесторларымыздың біздің қызметіміз туралы толық және үйлестірілген ақпараты болғанын қалаймыз. Біз қарым-қатынаста ашық және белсенді болуға тырысамыз. Біз клиенттер туралы құпия ақпаратты, банктік, коммерциялық ақпаратты, басқа да заңмен қорғалатын ақпаратты, дербес деректерді, сондай-ақ біздің бәсекелестік артықшылығымызға ықпал етуі мүмкін мәліметтерді қорғаймыз.

АҚПАРАТТЫ АШУ:

Бизнесі жүргізу ашықтығы

Қызметтің ашықтығы, мүдделі тараптармен ашық өзара әрекет ету, нақты және уақтылы қаржылық және қаржылық емес ақпаратты жариялау, реттілік, бірізділік, жеделілік, сенімділік, толыққандылық және салыстырымдылық қағидаларын ұстану.

Есептіліктің дұрыстығы

Банктің қаржылық және қаржылық емес есептілігі қабылданған стандарттарға сәйкес құрылады және барлық маңызды қырларынан банктің қаржылық жағдайы мен қызметінің нәтижелерін толық көрсетеді. Нақты емес, толық емес, қарама-қайшы және уақтылы емес есептілікке жол берілмейді. Банкте құжаттарды жалған етуге, кез келген операциялардың шынайы сипатын бұрмалауға тыйым салынады.

Жария коммуникациялар

Уәкілетті тұлғалар БАҚ өкілдерімен, инвесторлармен, талдаушылармен байланысқан немесе басқа да жария коммуникация кезінде банк талаптарының, қолданылатын заңнаманың сақталуы, сондай-ақ берілетін ақпараттың дұрыстығы мен тұтастығы үшін жауапты болады.

Құпия ақпаратты қорғау

Қызметкерлер бөлімшелер арасындағы ақпараттық тосқауылды сақтайды, жария емес ақпарат сенімді қорғалған кезде құпия ақпаратты тасымалдау қорғалған арналар арқылы жүзеге асырылуы тиіс. Банк, басқа жұмыс орнына ауысатын қызметкерлер, банктің қызметтік/жария емес ақпаратының құпиялығын сақталатынына үміттенеді. Өз кезегінде банк жаңа қызметкерлерді бұрын істеген

ұйымдардың қызметтік/жария емес ақпаратын ашуға міндеттемейді.

Әлеуметтік желілердегі қарым-қатынас

Қызметкерлерге банктің келісімінсіз Интернет-ресурстарда банк қызметіне қатысты соның ішінде логотиптері, тауарлық белгілері мен белгілемелері пайдаланылған ақпаратты, жария Интернет-ресурстарда ақпаратты таратуға немесе талқылауға, шындыққа жанаспайтын және/немесе банктің іскери беделіне нұсқан тигізетін ақпаратты жариялауға тыйым салынады.

МҮДДЕЛЕР ҚАЙШЫЛЫҒЫН БАСҚАРУ САЯСАТЫ

Мүдделер қақтығысын басқару жөніндегі саясат комплаенс-тәуекелді басқару жүйесінің бөлігі болып табылады және мүдделер қақтығысының алдын алудың басқарушылық және ұйымдастырушылық негіздерін, оның ішінде әлеуетті, оның салдарын барынша азайту және/немесе жою жөніндегі шараларды белгілейді, мүдделер қақтығысын, оның ішінде әлеуетті басқарудың негізгі мақсаттарын, міндеттері мен қағидаларын анықтайды.

Банктің Директорлар кеңесі, атап айтқанда, мүдделер қақтығысын басқару саласында процеске және қабылданатын шараларға жалпы бақылауды жүзеге асырады және банктегі мүдделер қақтығысының деңгейі туралы ақпаратты қарайды.

Мүдделер қақтығысының мониторингі банктің уәкілетті органын банкте мүдделер қақтығысының болуы/болмауы, олардың саны мен түрлері, сондай-ақ мүдделер қақтығысының банктің, оның клиенттерінің/контрагенттерінің қызметіне әсері туралы хабардар етуге

бағытталған іс-шаралар кешенін қамтиды. Мүдделер қақтығысын реттеу мүдделер қақтығысын ашуға және шешуге бағытталған іс-шаралар кешенін қамтиды.

Банктің жұмыскерлері/лауазымды тұлғалары атқаратын лауазымына қарамастан, осы саясаттың қағидадары мен талаптарын сақтау үшін, сондай-ақ оларға бағынысты тұлғалардың келтірілген қағидадар мен талаптарды бұзатын іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін дербес жауапты болады. Банк өз жұмыскерлерінің, сондай-ақ контрагенттердің, үлестес тұлғалардың инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану және нарықпен айла-шарғы жасау жөніндегі қызметке қатысқаны үшін санкцияларға ұшырауы мүмкін болғандықтан, онда әрбір ақылға қонымды негізделген күдік немесе белгіленген факті бойынша ҚР заңнамасымен рұқсат етілген шекте қызметтік тексеру жүргізеді.

Бүгінгі таңда Банк:

- банктің жаңа жұмыскерлерін қабылдау кезінде ықтимал мүдделер қақтығысын ашу туралы нысанды толтыруды қамтамасыз етеді;
- жұмысқа қабылдау кезінде Саясат талаптарымен танысуды жүзеге асырады;
- жұмыскерлерге Саясаттың негізгі талаптарын оқыту бойынша жұмыстарды ұйымдастырады және жүзеге асырады.

Банкке қатысты қолданылған, ықпал ету шаралары туралы барлық ақпарат реттеушінің ресми сайтында (gov.kz) орналастырылған.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ САЯСАТЫ

Банкте Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты қабылданып, бекітілді. Бұл саясатта қабылданған тәртіп стандарттары көрсетілген, банктің өз қызметінде уәкілеттіліктерді асыра пайдалануға жол бермеу, коммерциялық параға сатып алуға жол бермеу, сыбайлас жемқорлықтың кез келген түрі мен көріністерін қабылдамау («шыдамдылық танытпау» қағидасы) қағидаларын ұстанатыны және қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәдениетінің деңгейін арттыруға болысуды өз міндеті санайтыны баяндалған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты банктің комплаенс-тәуекелін басқару жүйесінің бөлігі болып табылады және сыбайлас жемқорлықтың (сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің) алдын алудың басқарушылық және ұйымдастырушылық негіздерін, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды, оның қатысушыларын барынша азайту жөніндегі шараларды, оның ішінде үшінші тұлғалармен қатынастардағы міндеттерді, функцияларды, өкілеттіктер мен жауапкершілікті белгілейді.

Банктің сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне қарсы іс-қимыл жүйесі сыбайлас жемқорлық әрекеттердің алдын алудың, оның ішінде банк қызметінің ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз етудің тиімді тетігін ұйымдастыру, банктің барлық жұмыскерлерінің жалпы корпоративтік қағидаттар негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру және сыбайлас жемқорлық мінез-құлқын қабылдамау стандарттарын басшылыққа алады және ұстанады.

Банк тұрақты негізде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі саясаттың ережелері мен талаптарын барлық жұмыскерлердің назарына жеткізеді. Сондай-ақ банк банктің лауазымды тұлғаларына және басшы қызметке кандидаттарға, банк жұмыскерлері үшін банкте бір мезгілде жұмыс істей отырып, үшінші тұлғалардың жарғылық капиталдарына және/немесе басқару органдарына қатысуға заңмен белгіленген

және/немесе еңбек келісімдерімен белгіленген тиісті талаптарды қояды.

Банк келесілерді регламенттеген:

1. Банктің барлық жұмыскерлері сақтауға міндетті сыйлықтармен және өкілдік шығыстармен жұмыс істеу ережелері;
2. Банктегі мүдделер қақтығысын, оның ішінде әлеуетті шиеленісті реттеу және болдырмау мақсатында ақпаратты ашу тәртібі;
3. Банктің контрагенттерін бағалау, талдау және іріктеу рәсімдері, сондай-ақ олармен өзара іс-қимыл жасау ережелері белгіленген.

Банктің барлық қызметкерлері келесілерге міндетті:

1. Өзінің еңбек функцияларын орындау кезінде немесе әлемнің кез келген елдерінде банк атынан өз қызметін жүзеге асыру кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы ұлттық заңнаманы, шет мемлекеттердің жергілікті заңнамасын және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық құқық нормаларын, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат талаптарын сақтауы тиіс;
2. Сыбайлас жемқорлық әрекеттерге әкелуі мүмкін іс-әрекеттер жасаудан және шешімдер қабылдаудан тартынады;
3. Өзінің күнделікті жұмысында сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылған немесе тартылуы мүмкін контрагенттермен іскерлік қарым-қатынас тәуекелін азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды;

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың барлық мәселелері бойынша қауіпсіздік бөлімшелерімен, заң қызметімен, комплаенс және т. б. өзара іс-қимыл жасайды;

5. Саясат ережелеріне қатысты іс-әрекеттерді немесе өзге де мәселелерді жүзеге асыруға рұқсат етілетініне күмән болған жағдайда, тікелей басшыға және/немесе комплаенске түсініктеме алу үшін жүгінеді.
6. Саясатты бұзған әрбір белгілі/әлеуетті / анықталған жағдай туралы комплаенс-бақылауды («кері байланыс желісі») хабардар етеді.
7. Банкте сыбайлас жемқорлық іс-қимыл жасау тәуекелдерін тиімді анықтау, бағалау және азайту үшін сыбайлас жемқорлық іс-қимылдарға қарсы іс-қимыл саласындағы саясаттың негізгі ережелерін білуге және түсінуге жұмыскерлерді кейіннен тестілей отырып, міндетті оқытуды жүргізу сияқты негізгі тәсілдер қолданылады.

Банк сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттер фактілері немесе сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттер жасауға көндіру мақсатында жұмыскерлерге жүгінудің кез келген жағдайлары туралы келіп түскен кез келген ақпаратты бағалау және өңдеу жүргізеді.

Банкте мүдделер қақтығысы/сыбайлас жемқорлық әрекеттері туындағаны туралы хабарланған жағдайда банк жұмыскерлерге қорғау шараларын қамтамасыз ету, банктің бір жұмыскеріне сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды әзірлеу, іске асыру және іске асыруды бақылау үшін жауапкершілікті жүктеуге жол бермеу мақсатында бақылау рәсімдері енгізілді. Сондай-ақ банк жасайтын барлық төлемдерді толық және нақты есепке алу және құжаттап тіркеу жүргізіледі, ішкі нормативтік және ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттарға және банк жасауды жоспарлаған басқа да құжаттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы сараптама және жемқорлыққа қарсы бағытталған басқа да іс-шаралар жүргізіледі.

«Сбербанк» АҚ ЕБ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты реттеушінің талабына сәйкес тұрақты негізде жаңартылып отырады. Қосымша тұрақты негізде заңнама мониторингі жүргізіледі, қажет болған жағдайда банктің тиісті ІНҚ уақытында жаңартылып отырады. Тұрақты негізде қазіргі және жұмысқа жаңадан қабылданған қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылмен таныстыру және оқыту жүргізіледі. Банкте сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша «Сенім желісі» бар, ол бойынша әр қызметкер ықтимал құқық бұзушылықпен байланысты әрекеттер (әрекетсіздік) туралы ақпаратпен жүгіне алады.

Банк сыбайлас жемқорлық пен сыбайлас жемқорлық әрекеттерін қабылдамағаны туралы ашық мәлімдейді, барлық контрагенттердің, банк жұмыскерлерінің және өзге де тұлғалардың саясат қағидаттары мен талаптарын сақтауын құптайды және көтермелейді, сондай-ақ Ақпараттандыру және оқыту жолымен қоғамда және банк жұмыскерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін арттыруға жәрдемдеседі.

2021 жылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпарат жоқ.

2021 жыл ішінде бәсекелестікке кедергі келтіруге және монополияға қарсы заңнаманы бұзуға байланысты бұзушылықтар жоқ.

Соңғы 4 жылда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқытудан өткен басшылар мен мамандардың үлесі

Көрсеткіш	Өлшем бірлігі	2018	2019	2020	2021
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқытудан өткен басшылардың жалпы саны	адам	549	615	616	724
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқытудан өткен басшылардың үлесі	%	100	100	100	100
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқытудан өткен мамандардың жалпы саны	адам	2958	3377	3520	3834
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша оқытудан өткен мамандардың үлесі	%	100	100	100	100



ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ

Ұсынылатын есептіліктің шынайылығын, толықтығын және нақтылығын, оның қолданыстағы заңнамаға және бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікке қойылған талаптарға сәйкестігін анықтау үшін банкте ішкі аудит саясаты бар.

Ішкі аудит саясатының мақсаты:

1. Банктің Директорлар кеңесіне және банк Басқармасына жалпы басқару органдары мен банк Басқармасына банк алдына қойылған мақсаттар мен тапсырмаларға жетуге, корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің тиімділігін арттыруға жәрдемдесу үшін банкті және оның беделін қорғауға бағытталған ішкі бақылау жүйесінің, тәуекелдерді басқару жүйесінің,

корпоративтік басқару жүйелерінің сапасына және тиімділігіне қатысты тәуелсіз, орынды кепілдік беру.

2. Банктің Директорлар кеңесіне, уәкілетті алқалы органдарына банктің құрылымдық бөлімшелерінің оларға жүктелген функциялар мен тапсырмаларды орындауы туралы уақтылы және дұрыс ақпараттың берілуін қамтамасыз ету;
3. Банктің тексерілетін бөлімшелеріне жұмысты жақсарту бойынша пәрменді және тиімді ұсыныстар жасау.

Ішкі аудиттің негізгі міндеттері:

1. Банк қызметін, соның ішінде корпоративтік басқару, ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерін тәуелсіз және жан-жақты тексеру (аудит) және бақылау;

2. Аудит нәтижелері бойынша тәуекелдерді азайтуға, банктің алдына қойылған мақсаттарға жетіп мен міндетерді орындау үшін ішкі аудит жүйесін тиімді ұйымдастыруға бағытталған ұсыныстарды дайындау, сондай-ақ олардың орындалуына мониторинг жүргізу;
3. банктің Директорлар кеңесіне, банктің Директорлар кеңесінің жанындағы Комитеттеріне банк Басқармасы тиімсіз болып табылатын тәуекелге барған немесе қбылданған бақылау шаралары тәуекел деңгейіне барабар болмаған жағдайларды қоса алғанда өз міндеттерін атқарған кезде анықталған қиын мәселелер, орын алған немесе ықтимал тәуекелдер, банк қызметіндегі бұзушылықтар, банк қызметіне тиген қауіптер туралы ақпарат беру.

КОНТРАГЕНТТЕРМЕН ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУШІЛЕРМЕН ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Жеткізілімдер тізбегі

Қазақстандық компаниялармен серіктестік Сбербанктің корпоративтік және экологиялық жауапкершілігін іске асыру үшін маңызды бағыт болып табылады. Дәстүрлі өнеркәсіп салаларының кәсіпорындарымен салыстырғанда банктің қоршаған ортаға тікелей әсері төмен және банк оны барынша азайтуға бар күшін салауда.

БҰҰ Тұрақты Даму Мақсаттарын ұстануына сәйкес банк жеткізушілер мен мердігерлерді құндылықтарды құру тізбегінің маңызды қатысушылары ретінде қарастырады. Банк тұрақты даму саласындағы прогресс банк контрагенттермен және жеткізушілермен бірге бұл бағытта дамыған кезде ғана мүмкін болатынын түсінеді. 2021 жылы банк өзінің сатып алу рәсімдерінде жергілікті жеткізушілер мен мердігерлер үлесін арттырды.

Көрсеткіш	2020	2021
Жергілікті жеткізушілерге кеткен шығындар үлесі	90,8%	94,7%
Тартылған жеткізушілердің жалпы саны	297	878

Жауапты сатып алу

Банк қоғам алдындағы өз жауапкершілігін түсінеді, осыған байланысты сатып алу қызметін қоршаған ортаны қорғау саласындағы ҚР заңнамасымен белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырады. Банк саясаты табиғат ресурстарына, қоршаған ортаға саналы және ұқыпты қарау қағидаларына негізделген. Осыған байланысты банк сатып алу рәсімдері барысында ұстанатын жауапты сатып алу тәсілдемелері мен қағидаларын бекітті.

Банк жеткізушілерге қоршаған ортаны қорғауша бағытталған талаптар қоюға құқылы. Банк жеткізушілердің энергияны тұтыну мен парникті газдардың бөлінуін азайтуға ықпал ететін өнімдер мен үдерістерді дайындауға және қолдануға қатысуын құптайды және өз жеткізушілерінен қызметкерлерінің

қоршаған ортаға саналы және ұқыпты қарауына бағытталған өзінің экологиялық саясатын айқындауын күтеді.

Экологияны сақтауға бағытталған тәсілдемелермен қатар банк әлеуметтік және корпоративтік жауапкершілік бойынша жеткізушілерге қойылатын талаптарды белгіледі. Банк жеткізушілерінен қолайлы жұмыс жағдайын жасауға, өндірістегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты белсенді саясатқа, кемсітушіліктің кез келген түрінің алдын алуға, балалар еңбегін пайдалануға және мәжбүрлі, еріксіз еңбекті пайдалануға тыйым салуға бейілділігінің белгілерін күтеді.

КИБЕРҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕРДІ ҚОРҒАУ

КИБЕРҚАУІПСІЗДІК БОЙЫНША 2021 Ж. ҚОРЫТЫНДЫСЫ

- SberBusiness-ке (Сбербизнес) арналған фрод-мониторинг жүйесі енгізілді.
- Банк қызметкерлерін киберқауіпсіздік желісі бойынша оқыту және тестілеу жүйесі енгізілді.
- 2021 жылы «Сбербанк» АҚ ЕБ PCI DSS стандартының талаптарына сәйкестікке аудит жүргізілді.
- Техникалық қауіпсіздік желісі бойынша техникалық қауіпсіздік желісі бойынша Алматы қ. филиалдың 24 сағат жұмысқа арналған аймақтарында жасанды тұман жасау жүйесі енгізілді.

Қосымша келесі іс-шаралар жүзеге асырылды:

- Контрагенттерді талдау үдерісін автоматтандыру жүйесі енгізілді.
- Киберқауіпсіздік тәуекелдерін бағалау бойынша жүйе жүргізілді.
- Банктік желілік қолжетімділігін бақылау жүйесі енгізілді.
- Киберқауіпсіздік бойынша Резервтік ДӨО қалпына келтіру бойынша іс-шаралар құрылып, сәтті жүргізілді.

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ЕҢБЕК ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТАРЫ

Банк қызметкері - ең басты бәсекелестік артықшылық, сондықтан банк әртүрлі буындағы және әртүрлі қажеттіліктері бар адамдар үшін ең жақсы жұмыс орны болуға тырысады.

Банк қызметкерлерімен қарым-қатынасында келесілерді ұстанады:

- Әділеттілік;
- Өзара құрмет және сенім;
- Қолайлы және қауіпсіз еңбек жағдайын жасайды;
- Қызметкерлердің өз әлеуетін іске асырып, біліктілігін арттыру үшін мүмкіндіктер жасайды.

Банк еңбек жағдайын жақсартуға бағытталған әлеуметтік жобаларды іске асырады. Банк өз қызметкерлерінің құқықтары мен еркіндігін құрметтейді және саяси, нәсілдік, діни себептер бойынша кемсітушіліктің кез келген түрінен қорғауды қамтамасыз етеді.

Банк адам құқықтарын сақтайды және оның маңыздылығы мен жалпыға ортақтылығын мойындайды. Банк Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясымен, Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы конвенциямен, Халықаралық еңбек ұйымының Декларациялары және Конвенцияларымен және

адам құқығы саласындағы басқа да халықаралық құжаттармен белгіленген негізгі қағидаларды толығымен қолдайды.

Бұл қағидалармен келісу банк саясатында және әріптестерге, клиенттерге, серіктестерге банк банк өзара әрекет ететін басқа да тұлғаларға деген қарым-қатынасынан көрінеді.

Банк Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын бұлжытпай орындайды, қызметкерлердің жұмысы мен жеке өмірі арасындағы дұрыс баланстың сақталуын қолдайды, олардың жұмыстан тыс міндеттемелеріне құрметпен қарайды.

Банк өз қызметкерлерімен және олардың өкілдерімен қолданыстағы заңнамаға сәйкес ашық және сындарлы диалогты қамтамасыз етеді. Банк өз қызметкерлерінің құқығы мен олардың қауымдастықтардың еркіндігіне талпынуын, кәсіподақтарға қосылуын, өкілдіктер іздеуін, өндірістік кеңестер мен ұжымдық келіссөздерге қатысуын құрметтейді. Банк оның қызметкерлері еңбек етушілердің өкілі ретінде шықса, оларды қолайсыз жағдайға қалдырмайды.

«СБЕРБАНК» АҚ ЕБ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

Банктің біліктілігі жоғары қызметкерлері оның негізгі ресурстарының және бәсекеге қабілетті басымдылықтарының бірі, ал кадрлық саясаты – стратегиялық жоспарларының басты элементі болып табылады. Банк өз қызметкерлерімен қарым-қатынасты әділеттілік, өзара құрмет және сенім негізінде құрады, қолайлы және қауіпсіз еңбек жағдайын жасайды, қызметкерлерге өз әлеуетін көрсетіп, біліктілігін артыту үшін мүмкіндік береді, еңбек жағдайын жақсартуға бағытталған әлеуметтік жобаларды іске асырады.

31.12.2021 ж. жағдай бойынша банк қызметкерлерінің іс-жүзіндегі саны 4558 қызметкерді құрады, олардың 39,7%-дан астамы 30 жасқа дейін, 41,2%-ы 30 жастан 40 жасқа дейінгі қызметкерлер. Банк қызметкерлерінің орташа жасы – 35 жас.


Өңірлер бойынша бөлу

Бөлімше	Шт. жұмыс кестесі бойынша жұмыс істейтін (іс жүзінде жұмыс істейтін)
ОК	2 219
Алматы қ.	482
Алматы облысы бойынша	67
Нұр-Сұлтан	287
Ақтөбе	127
Атырау	125
Ақтау	121
Қарағанды	168
Павлодар	119
Орал	115
Өскемен	143
Қостанай	119
Петропавл	85
Шымкент	154
Көкшетау	56
Тараз	66
Қызылорда	66
Түркістан	39
банк бойынша БАРЛЫҒЫ	4 558

Банк қызметкерлерінің гендерлік құрылымы

Ер адам	1 699	37,3%
Әйел адам	2 859	62,7%
Барлығы	4 558	100%

ПЕРСОНАЛДЫҢ ЖАС ҚҰРЫЛЫМЫ



2021 жылы жұмысқа қабылданған жұмыскерлердің пайызы

Қабылданған қызметкерлер саны	Жұмысқа қабылданғандардың жалпы санынан жұмысқа қабылданған санат өкілдерінің үлесі
жас тобы бойынша	
30 жасқа дейін	1077
30 – 50 жас	577
50 жасқа дейін	18
Барлығы	1672
жынысы бойынша	
Ер адамдар	684
Әйел адамдар	988
Барлығы	1672
	100%

Қызметкерлердің тұрақтамауы

2021 – 23,0%

2021 жылы бос жұмыс орындарының 42% ішкі үміткерлермен жабылды.

Қызметкерлердің тұрақтамауы деңгейін басқару бойынша жұмыс аясында бөлімшелердің бастықтарымен жұмыс, департаменттер тұрғысында корпоративтік мәдениет диагностикасы, қызметкерлердің тартылуын зерттеу, сондай-ақ қызметкерлердің тұрақтамауы жоғары топтардың HR қызметкерлерімен кері байланыс орнатуы жүргізілді. Сондай-ақ топтардағы проблемалық және сындарлы тұсын уақтылы анықтау және оны жою үшін қызметкерлердің тұрақтамауы жоғары бөлімшелерде жұмыстан шығатын қызметкерлермен exit-сұхбат жүргізіліп отырды.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЫНТАЛАНДЫРУ

Әділеттілік және меритократия қағидаларына (қызметкерлердің табысқа жетуі бірінші кезекте олардың қабілеті мен еңбекқорлығына байланысты болған кезде) негізделе отырып, банк жеке нәтижелілікті бағалау қорытындысына сәйкес еңбегіне лайықты ақы төлеп, мансап құру үшін тең мүмкіндіктерге кепілдік береді. Мұндай бағалау тек нәтижелілігі ғана емес, сонымен қатар қызметкерлердің негізгі құзіреттілігіне сәйкес болуын ескереді.

Банк қызметкерлердің әлеуметтік қамтамасыз ету деңгейін арттыру мақсатында банкте үнемі корпоративтік жеңілдіктер мен артықшылықтар жүйесі дамытылып отырады. Ол медициналық сақтандыру жүйесін, банк қызметкерлеріне арналған басқа жеңілдіктер мен артықшылықтарды, жазатайым оқиғалар мен ауыр сырқаттардан сақтандыруды, маңызды өмірлік жағдайлармен байланысты материалдық төлемдерді қамтиды.

Әлеуметтік пакет банктің барлық жұмыскерлері үшін, оның ішінде уақытша немесе толық емес жұмыспен қамту шартымен қабылданғандар үшін беріледі:

1. Біржолғы материалдық төлемдер
2. Жұмыскерлерге материалдық көмек көрсету
3. Жұмысшылардың балаларына Жаңа жылға сыйлықтар
4. Ерікті медициналық сақтандыру
5. Марапаттау саясаты
6. Бейімдеу пакеті

Еңбекақы төлеу және оның өсу қарқыны, жұмыскерлердің уәждемесі «Сбербанк» АҚ ЕБ жұмыскерлеріне еңбекақы төлеу, еңбекті ынталандыру жүйесі және өзге де төлемдер туралы ішкі нормативтік құжаттармен, сондай-ақ банк жұмыскерлеріне сыйақы беру әдістемесімен реттеледі.

Банкте қабылданған еңбек нәтижелері үшін сыйақы беру жүйесі біліктілігі жоғары қызметкерлерді ынталандыруды арттыруға және оларды тартуға бағытталған. Қызметкерлердің еңбегінің нәтижелерін үнемі бағалауды жүргізу еңбекақыны көтеру, мадақтау шаралары, қосымша жеңілдіктер мен артықшылықтар беру туралы шешімдерді уақытында қабылдауға мүмкіндік береді.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ

Салауатты өмір салты банк қызметкерлерінің үйлесімді дамуының негізі болып табылады. Банк қызметкерлердің өз денсаулығын нығайтуға және салауатты өмір салтын ұстануға бағытталған талпыныстарын қолдайды, әрдайым қызметкерлер мен олардың отбасыларының мүшелері үшін спорттық іс-шаралар ұйымдастырып отырады.

Бұдан бөлек, денсаулықты күту үшін банкте барлық қызметкерлерге арналған ерікті медициналық сақтандыру жүйесі бар, ол медициналық тексеру, вакцинациялау және белгілі бір мамандардан ем алуды қамтиды.

2021 жылғы сақтандыру кезеңі бойынша сақтандырылған қызметкерлер мен олардың отбасыларының мүшелерінің саны

Бағдарлама атауы	Қызметкерлер саны
Барлығы сақтандырылды	4 116 (+627 бекітілген отбасы мүшелері)
Нақты саны	4 558
жалпы санынан сақтандырылғандар %	90,30%

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ОҚЫТУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ДАМУЫ

«Сбербанк» АҚ ЕБ кадрлық саясатының негізінде стратегиялық тапсырмалардың шешілуін жоғары кәсіби деңгейде қамтамасыз етуге қабілетті қызметкерлерді кәсіби және әлеуметтік дамуы жатыр. Сондықтан банк оқу және кәсіби, көшбасшылық және басқарушылық құзіреттіліктерін дамытуға көп мүмкіндіктер бере отырып, соның ішінде «Сбербанк» АҚ ЕБ Оқыту орталығы негізінде және сыртқы вендорларды тарта отырып, қызметкерлердің кәсіби және жеке дамуына үлкен көңіл бөледі.

2021 жыл бойынша банк оқудан өткен қызметкерлері саны 27 213 жетті. Олардың 24 880 қашықтықтан ал 2333 қызметкері күндізгі оқу (онлайн/офлайн) оқытудан өтті.

Өткізілген оқу іс-шараларының жалпы саны (онлайн/офлайн): 144. Қашықтықтан оқыту курстарының жалпы саны: 19 390. Жоспарланған сынақтардың жалпы саны: 17 135.

179 қашықтықтан курстар мен дәрістер құрылды және импортталды, білімді тексеру үшін 117 тест қалыптастырылды.

Көбінесе оқыту бағдарламалары құзіреттерді дамытуға арналған 5 негізгі бағытты қамтиды:

- Басшының негізгі дағдыларын дамыту: істі сеніп тапсыру, жоспарлау, ынталандыру, кері байланыс, бақылау.
- Белсенді сатылымдар: жұмыс стандарттарын сақтау, клиентпен коммуникация аясында банк өнімдерін сату қабілетін қалыптастыру
- Наразылықтармен жұмыс істеу: клиентпен байланыс орнату және көндіру дағдыларын дамыту, наразылықтарды, сатылымдар бойынша жұмыс кейстерін зерделеу және өңдеу
- Команда құру: командалық рухты қалыптастыру және күшейту, командалық жұмыстың тиімділігін көрсету, бейресми қарым-қатынасты жақсарту, бірлескен жұмыста ақпарат алмасу сапасын арттыру
- Эмоционалды зият: саналылықты арттыру техникасы, өз күйін басқару құралдары, эмпатияны дамыту және оны бизнес-қатынастарда пайдамен көрсету тәсілдері.

Сату дағдыларын дамыту және soft skills бағдарламаларынан бөлек 2021 жылы IT құзіреттерді дамыту мен IT мамандардың салалық дағдыларын арттыруға ерекше көңіл бөлінді. Банкте төрт бағыт бойынша жаңа бес мектеп іске қосылды: IT, Data, Product owner және Scrum master. Мектепке қызметкерлермен қатар заманауи білім алғысы келген тұлғалар да жиналды. 2021 жылы мектепте 500-ге жуық адам оқып шықты. Мектепте оқытудың бірінші кезеңінде сыртқы оқытушылар тартылған болатын, ал үшінші кезеңде оқытудан өткен қызметкерлердің өздері оқытушы болды.

Банкте басшылардың біліктілігін арттыруға және олардың трансформациялық қасиеттерін дамытуға арналған екі оқыту бағдарламасы бар: ішкі «Көшбасшылар мектебі» және Мәскеу қаласындағы Сбербанк ЖАҚ корпоративтік университетінің негізіндегі сыртқы «Сбербанк 2023» оқу бағдарламасы.

- Көшбасшылар мектебі: бағдарлама орта менеджмент басшылары арасында тиімді басқаруды дамытуға арналған тұрақты бірыңғай білім жүйесін қалыптастыруға есептелген. 2021 жылы бағдарламадан 10 адам өтті.
- Сбербанк 2023: бағдарлама орта буын басшыларының Сбер Тобының Стратегияларын шешу дағдылары мен қабілеттерін қалыптастыруға бағытталған. Бағдарлама әрі қарай кадрлық айналымға жіберу жәәне кадрлар резервіне ұсыну үшін әлеуеті жоғары басшыларды анықтауға мүмкіндік береді. 2021 жылы бағдарламадан 5 адам өтті.

ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК

Банк қызметкерлерінің денсаулығы мен амандығын ойлайды, сондықтан қауіпсіз және қолайлы жұмыс жағдайымен қамтамасыз ету, салауатты өмір салтын ұстану негізгі басымдық болып саналады.

Банктегі жұмыскерлердің еңбек қызметі процесінде қауіптілік, тәуекел дәрежесін азайту бойынша іс-шаралар әзірленеді және іске асырылады. Банк Жұмыскерлерді еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытуды, нұсқама беруді, білімін тексеруді жүргізеді, сондай-ақ өндірістік процесті және жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі құжаттармен ұдайы қамтамасыз етеді. Әр бөлімше дәрі қобдишасымен, әр қызметкер газқағазбен қамтамасыз етілген.

Өткен 2021 жылы бірде-бір өндірістік жарақат алу оқиғасы тіркелмеген.

«Сбербанк» АҚ ЕБ-де жарақаттану бойынша 2021 жылғы статистика:


1. Еңбек ету қабілетінен уақытша айырылған жарақаттар жиілігінің коэффициенті (LTIFR) = 0 (оның ішінде филиалдар бойынша);
2. Жазатайым оқиғалар жиілігінің коэффициенті (LTAFR) = 0 (оның ішінде филиалдар бойынша);
3. Банкте, оның ішінде тәуелсіз мердігерлерде болған өлім-жітіммен аяқталған жазатайым оқиғалардың саны = 0 (оның ішінде филиалдар бойынша).

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету аясында банк келесі өртке қарсы жабдықтармен жабдықталған:

- Автоматты өрт сигнализациясы жүйесімен және өрт туралы хабарлау жүйесі;
- Автоматты өрт сөндіру жүйесі;
- Автоматты түтін шығару жүйесі;
- Алғашқы өрт сөндіру құралдары;
- Өрт сөндіргіш су құбырының жүйесі, өрт сөндіру шкафы (өрт сөндіретін көтергіш қран, өрттік оқпан, өртке су себетін түтік құбыр), өрт сөндіргіш (ОП-5, ОУ-5, ОУ-8).

Сондай-ақ қызметкерлерге өрт қауіпсіздігі туралы ақпаратты жеткізуге, өрттің пайда болуы қаупін азайтуға бағытталған іс-шаралар жүргізілді:

1. 2021 жылға арналған өрт қауіпсіздігі бойынша күнтізбелік іс-шаралар жоспары әзірленді.
2. Мамандандырылған ұйым өрт-техникалық минимум бойынша бөлімше басшылары мен жауапты қызметкерлерді оқытуды жүргізді.
3. Әр 6 ай сайын өртке қарсы нұсқама түрінде банк қызметкерлерін оқыту жүргізіледі (кіріспе, алғашқы, қайталама, жоспардан тыс, мақсатты)
4. Өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулық пен банкте жұмыс істеген кезде өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтау бойынша нұсқаулық дайындалды.
5. Банк нысандарында өртке қарсы жаттығулар жүргізілуде.
6. Банк объектілерінің барлық ғимараттары бойынша төтенше жағдайлар кезінде эвакуациялау жоспарлары әзірленді.
7. Банк ғимаратының шатыры қоршаулары мен өрт сатыларына сынақ жүргізіледі.
8. Банк ғимаратының шатырының ағаш құрылымдарын оттан қорғау бойынша өңдеу жүргізіледі.
9. Банк ғимараттарында сымдарды оқшаулау кедергісін өлшеу сынақтары жүргізілді.
10. Банк ғимараттарының өртке қарсы жағдайына тексеру жүргізіледі.



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДЕМЕУШІЛІК ҚЫЗМЕТ

Демеушілік пен қайырымдылық - Сбербанктың корпоративтік мәдениетінің ажырамас бөлігі. Қайырымдылық жобаларды жүзеге асыра отырып және демеушілік көмек көрсете отырып, Сбербанк өзінің құндылықтарын және ашықтық пен ынтымақтастық қағидаларын ұстанатындығын көрсетеді.

Көптеген жылдар бойы банк түрлі деңгейдегі және ауқымдағы әлеуметтік жобаларды қолайлы және іске асырады. Банктің қамқорлығында ел бойынша 50-ден астам үнемі көмек көрсетіліп отыратын ұйым бар. Бүкіл банктің әр аймақтағы филиалының қамқорлығына балалар үйі берілген, оларға тұрақты негізде көмек көрсетіліп тұрады.

Сбербанк балалар мекемелеріне, қоғамдық ұйымдарға қолдау көрсетуді, сондай-ақ білім, ғылым, мәдениет және өнерді демеуге тиісті көңіл бөлуді өзінің міндеті деп біледі. Бұдан бөлек демеушілік жобалары арасында ірі қазақстандық және халықаралық іскери іс-шараларды өткізумен байланысты бастамаларды да атап өткен жөн.

2021 жылы банк 200 млн. теңгеге жуық сомаға демеушілік және қайырымдылық көмек көрсетті.

2021 жылғы қайырымдылық және демеушілік іс-шаралардың көп саны арасында бірқатар маңызды жобаларды атап өтуге болады:

1. Балалар мен халықтың әлеуметтік осал топтарына қамқорлық көрсету

- 2021 жылы ерекше жоба іске асырылды: Нұр-Сұлтан қаласында даму ерекшеліктері бар балаларға арналған инклюзивті ойын алаңын салып, ақысыз тапсырды. Аталған алаң елдегі ең ірі алаңдардың бірі болып табылады, оның аумағы 1200 шаршы метрдің құрады.
- 2014 жылдан бастап Сбербанк «Солнышко» балалар үйіне материалдық көмек көрсетеді. Балалар үйінің тәрбиеленушілері үшін ай сайынғы негізде азық – түлік сатып алу, Жаңа жылмен құттықтау, балалар үйінің аумағын жыл сайын сенбіліктер өткізіледі.
- 2017 жылдан бастап Сбербанк «Добровольное Общество Милосердие» ҚҚ-мен серіктестік орнатқан. Банк «Балаларға Өмір сыйла» жобасы аясында балалардың еміне қаражат бөледі.
- Банк «Судьба» ОК мүгедек балаларына 10 жылдан астам уақыт бойы қолдау көрсетіп келеді. 2021 жылы мүмкіндігі шектеулі балалардың көлге емделу-алдын алу процедуралары үшін сапар түрінде көмек көрсетті.
- Банк «ДОМ» қоғамдық қорына жәрдемақыларды сатып алу және көру және есту қабілеттері бұзылған балаларды мектепке дайындауға көмектесетін мамандардың кабинеттерін жабдықтау үшін техникалық құралдар сатып алу үшін материалдық көмек көрсетті.
- Сбербанк Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрлігінің «Мектепке барар жол» республикалық

қайырымдылық акциясы аясында тұрмысы төмен, көп балалы отбасыларынан шыққан, жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және ерекше қажеттіліктері бар бастауыш сынып оқушыларына қолдау көрсетеді. Қазақстан бойынша 250 бастауыш сынып оқушылары оқуға арналған барлық қажетті заттары бар мектепке арналған сөмкемен керек заттар алды.

- Банктің бірнеше бөлімшесінде қызметкерлері мен клиенттері өз киімі мен заттарын қайырымдылыққа тастауға болатын, керек-жараққа және аяқ киімге арналған қайырымдылық қораптары орнатылды. Заттар балалар үйлеріне, ана мен бала үйлеріне, сондай-ақ мұқтаж отбасыларға жіберіліп отыр.
- Банк БМС диагнозы бар балаларды оңалтумен айналысатын Тараз қаласы мүгедектердің қоғамдық ұйымының жанындағы Иппотерапия орталығына аттар сатып алып берді.
- «Аяз атаға хат» республикалық акциясын қолдау ұйымдастырылды: банк қызметкерлері балалар үйі мен арнайы ұйым балаларына сыйлықтар сыйлады.
- «Бақытты Шаңырақ» Тұрақты даму қайырымдылық қорына мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасыларға қолдау және көмек көрсету үшін Қордың 900 баласына жаңа жылдық сыйлық ретінде көмек көрсетілді.
- «Михаил Лермонтов» атындағы орыс ұлттық драма театрымен және «Наталья Сац» атындағы балалар мен жасөспірімдер театрымен бірлесе отырып, алты балалар үйінің тәрбиеленушілеріне арналған жаңа жылдық қойылымдар ұйымдастырылды.

2. Ардагерлер мен қарт адамдарға қамқорлық көрсету

- Сбербанк Ұлы Отан Соғысы ардагерлеріне қолдау көрсетуге тиісті көңіл аударады. Банк өз қызметін жүзеге асыратын аймақтарда жылына екі рет - 9 мамыр және Жаңа жылда атаулы материалдық көмек көрсетіп мерке қарсаңында іс-шаралар ұйымдастыра отырып, 300-ден аса қамқорлықтағы ҰОС және еңбек майданы ардагерлерін қамқорлық жасап құттықтады.
- 2021 жылы Жеңіс күніне банк 80 ҰОС ардагері мен тыл еңбеккерлеріне материалдық көмек көрсету үшін Алматы қаласының ардагерлер ұйымына демеушілік көмек көрсетті. Банк Алматы қаласы ҰОС ардагерлері, тыл еңбеккерлері және соғыс балалары кеңесіне арнап, ардагерлердің пәтерлерінде жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін қаражат бөлді.
- Халықаралық қарт адамдар күнінде банк Алматы және Атырау қалаларындағы «Шаңырақ» және «Родонез» қарттар үйіне көмек көрсетті, мұнда демалыс және бос уақыт өткізетін орындар құрылды. Қарт адамдарға азық-түлік және заттар салынған себет түрінде атаулы көмек көрсетілді.
- Қысқы кезеңде банк еріктілері бірнеше аймақтарда қол астындағы қарт адамдардың үйлерін қардан тазалады.

3. Спорт

- 2014 жылдан бастап банк жыл сайын ел тұрғындарын салауатты өмір салтын ұстану мен спортпен айналысуға шақыратын «Жасыл марафон» спорттық акциясын өткізеді.

- 2021 жылы банк «ЖасНұр» Саңырау адамдар қауымдастығы» есту қабілеті бұзылған спортшыларды сурдо-спорттық бағдарлау бойынша командаға қолдау көрсету үшін материалдық көмек бөлді. Есту қабілеті бұзылған спортшыға «Алматы тауларындағы жартылай марафонына» қатысу үшін қайырымдылық қаржылық көмек көрсетілді.

4. Білім беру ұйымдарына қолдау көрсету

- Сбербанк республикалық конкурс аясында жастарға арналған ENACTUS халықаралық ұйымының стартап жобалары конкурсының демеушісі болды. Жыл сайын Ұлттық кубокта ENACTUS ЖОО және мектеп командалары өздерінің әлеуметтік, экологиялық және экономикалық жобаларын таныстырып, оларды бизнес және білім беру саласындағы көшбасшылар алдында қорғайды. Жеңімпаздар Қазақстанды әлемдік ENACTUS Кубогында таныстыруға мүмкіндік алады.
- «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» АҚ коммерциялық емес бірлестігі арқылы ауыл кітапханаларына балаларға арналған кітаптар мен үстелде ойналатын ойындар сатып алынды.
- «Оралхан бөкей атындағы Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі» КММ экологиялық орталығын жабдықтау және онда онлайн-форматта экологиялық сабақтар, іс-шаралар жүргізу үшін сенсорлық тақтаны сатып алу үшін көмек көрсетілді.
- «Active life» ЖББИ арнап 17 ноутбук сатып алынды

- Банк өрттен кейін «Ертіс ауданының №3 Ертіс жалпы білім беру мектебі» КММ жөндеуге және қалпына келтіруге қайырымдылық қаражатын бөлді.
- Демеушілік жобалардан бөлек банк білім беру ұйымдарымен серіктестік қарым-қатынастарын дамытуда. Осылайша, университеттер алаңдарында бірлескен конференциялар өткізіледі, тәжірибеден және тағылымдамадан өту бағдарламалары жүргізіледі. 2021 жылы банк негізгі университеттермен 3 жаңа меморандум жасасты. Жоғары оқу орындарында банк өкілдері 25 рет дәріс оқыды. Жас буында жаңа құзіретті дамыту және жаңа жұмыс орындарын құру аясында есептік жылы банкте 85 студент тәжірибе мен тағылымдамадан өтті, олардың ішінде 40 студент орталық кеңседе өтті, 15 адам орталық кеңседе жұмыс істеу туралы ұсыныс алды.

5. Мәдениетті қолдау

- Сбербанк мәдениет және өнерді дамытуға белсене қатысады. 7 жыл бойы банк Лермонтов атындағы театрдың бас серіктесі болып келеді.
- Өткен жылдан бастап банк «Наталия Сац» атындағы орыс мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының және «М. Әуезов атындағы Қазақ ұлттық драма театрының» демеушісі атанды.

ИНКЛЮЗИЯ

Қаржылық қызметтерді алуға кедергісіз инклюзивті ортаны құру Банк үшін әлеуметтік жауапкершіліктің тағы бір маңызды бағыты болып табылады. Банктің инфрақұрылымы, өнімдері мен қызметтері мүмкіндігі шектеулі адамдарға барынша қолжетімді болуы тиіс деген парадигманы ұстанады. Сондықтан 2021 жылдан бастап банкте мүмкіндігі шектеулі жандардың талаптарын ескере отырып, банк бөлімшелерін қайта жабдықтау бойынша жоспар іске асырыла бастады. Жоспар бойынша, офистердің эргономикасы, мобильді құрылғылар мен қашықтықтан қолжеткізу арналары арқылы қызмет алу мүмкіндіктерін көтеру бойынша жұмыстар кезең-кезеңмен өткізу жоспарланған.

Қозғалу мүмкіндіктері шектеулі азаматтар тобына қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды өткізу аясында, 2021 жылы банк офистерді қайта жабдықтауға басты назар аударды.

2021 жылы келесі нәтижелерге қол жеткізілді:

- Пандустармен жабдықталған бөлімшелер үлесі - 64% өсті;
- Тұтқасы бар пандустармен жабдықталған бөлімшелер үлесі - 78% жетті;
- Бөлімшелерде қайта жабдықталған кассалар үлесі – 60% жетті.

Алматы қаласында пилоттық жоба аясында ыңғайлы пандусы, тұтқалары, шақыру батырмалары, жанасу көрсеткіштері, қайта жабдықталған кассалары, дауыспен сүйемелдеуі және Брайль қарпі бар өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғылары, қайта жабдықталған санитарлық торабы бар толығымен инклюзивті бөлімше құрылды.

Банк бөлімшелерінде барлық қызметкерінің күнделікті орындайтын мүмкіндігі шектеулі жандарға қызмет көрсету туралы нұсқаулықтарын бекітті. Қызметкерлер мүмкіндігі шектеулі жандарды сүйемелдеу бойынша іс-әрекеттерді, этикет және өзара әрекет ету ережелерін үйренген.

2021 жылы банкоматтар желісінің паркі мен төлем терминалдары жаңартылды, мұнда құрылғылардың барлық жаңа үлгілері дауыспен сүйемелдеумен және Брайль қарпімен жабдықталған. Өзіне-өзі қызмет көрсету құрылғыларының желісін толық жаңарту 2 жылғы есептелген.

ХАЛЫҚТЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Банк халықтың жоғары өмір сүру деңгейінің және экономикалық дамуының негізі қаржылық сауаттылыққа екеніне сенеді. Сондықтан банк ақшаны дұрыс ұстау, инвестициялау және алаяқтардан қорғану туралы білімін арттыруға бағытталған бастамаларды қолдайды және іске асырады.

Банк үнемі келесі шараларды ұйымдастырып отырады:

- Банк сайтында және мобильді қосымшада қаржылық сауаттылыққа арналған ақпарат жарияланған.
- Негізгі қаржылық құралдар, өнімдер және қызметтер туралы халықтың жалпы білімін арттыруға бағытталған семинарлар/вебинарлар өткізіледі.
- Банктің әлеуметтік желілерінде банк өнімдері, оларды пайдалану мүмкіндіктері, алаяқтардың ықтимал әрекеттері және олардың алдын алу тәсілдері туралы үнемі посттар жарияланып отырады.
- Онлайн банкингті пайдалануды оқыту жүргізеді.
- ЖОО-да қаржылық өнімдер, АТ, soft skills тақырыптарына студенттерге арналған воркшоптар мен дәрістер өткізіледі.

ЖАУАПТЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

ESG-жобаларды қаржыландыру

Экологиялық және климаттық қауіптерді басқару маңыздылығын түсіне отырып, банк қоршаған орта мен климатқа тигізетін әсерін азайтуға тырысатын клиенттерді қолдауды өзіне мақсат етеді. Банк ESG-портфельді арттыру, сонымен қатар клиенттерді ESG-қызметін жүзеге асыруға ынталандыру бойынша белсенді жұмыс істейді. Осылайша, 2021 жылғы жазда банк ESG-жобалар бойынша кредиттелетін клиенттерге қызмет көрсетуге арнайы дисконттарды іске қосты. Сондай-ақ банк көптеген «жасыл» және әлеуметтік жобаларды қаржыландырды, олардың ішінде: күн электр станцияларының, электроавтобус паркінің, мектептердің, ауруханалардың, қайта өңдеу зауыттарының құрылысы, өндірісті қайта жаңғырту және т.б. Мұндай жобаларды қолдау нақты аймақ алдында тұрған мәселені шешуге және осылайша аймақтың экономикалық дамуын тездетуге және әлеуметтік немесе экологиялық ахуалды жақсартуға бағытталған.

**2021 ЖЫЛЫ БАНК
СОМАҒА ESG-ЖОБАЛАРДЫ
ҚАРЖЫЛАНДЫРДЫ:**

71 млрд
теңге

**БАНКТИҢ ЖАЛПЫ
ПОРТФЕЛІНДЕ ЖАСЫЛ
КРЕДИТТЕР ҮЛЕСІ
КЕЛЕСІНІ ҚҰРАЙДЫ:**

3,2 %

ESG тәуекелдер

2021 жылы банкте ESG-жобаларды анықтауға, сондай-ақ ESG-портфельді ішкі есепке алу үшін пайдаланылатын «жасыл» және әлеуметтік жобалардың өлшемшарттар тізілімі бекітілді. Есептік жылдың соңында банктің ақпараттық жүйелерінде ESG-портфельді автоматтандыру және таңбалау бойынша жұмыс басталды. Клиенттерге «ESG» өлшемшартынан бөлек әзірге ықтимал тәуекелдерді бағалау үшін пилоттық тәртіпте тестіленетін ESG тәуекел деңгейі беріледі.

2021 жылдан бастап банк кешенді тәсілдемені қолданып, ESG-тәуекелдерді тәуекелдерді басқару жүйесіне интеграциялауды бастады. ESG-тәуекелдер банктің тәуекел менеджмент жүйесіне қосылды; банктің кредиттік саясатына ESG-тәуекелдің өрескел жоғары деңгейінің анықтамалары енгізілді.

Банкте ESG-тәуекелдерді басқару жүйесі келесідей жолмен құрылған:

- Тәуекелдерді басқару қызметі ESG-тәуекелдерді басқару үдерісін үйлестіреді, ESG-тәуекелдерді анықтау және бағалау бойынша ұсыныстарды дайындап, ұсынады.
- Басқарма ESG-күн тәртібінің, соның ішінде тәуекел-үдерістердің іске асырылуына бақылау жүргізеді, ESG бойынша тұжырымдамалар мен нормативтік құжаттарды бекіту бойынша шімдерді қабылдайды (саясаттан басқа).
- Директорлар кеңесі банк Стратегиясын, соның ішінде ESG-тәуекелдердің бағыты бойынша стратегияны айқындайды және белгілейді, сондай-ақ ESG-тәуекелдер, климаттық саясат бойынша және т.б. қоса алғанда банк саясатын бекітеді.

РЕСУРСТАРДЫ ҮНЕМДЕУ ЖӘНЕ ҚАЛДЫҚТАР

ҚОРШАҒАН ОРТАҒА ӘСЕР ЕТУ ҮДЕРІСТЕРІН БАСҚАРУ

Банк қоршаған ортаны қорғау және өзінің оған деген әсерін басқару мәселелері бойынша белсенді ұстанымда. Банктің табиғатты қорғау қызметі барлық экологиялық тұрғыда маңызды аспектілерді дәйекті түрде жақсартуға бағытталған. Банктің қоршаған ортаға тигізетін кері әсерін азайту бойынша бағыттары болып келесі айқындалды:

- Ресурстарды және материалдарды тиімді пайдалану;
- «Жасыл кеңсе» тұжырымдамасын дамыту;
- Қалдықтарды тиімді қолдану;
- Энергиялық тиімділікті арттыру.

Ресурс тиімділігі жүйелеріндегі кешенді тәсілдемелердің арқасында 2021 жылы банк Қазақстан ұйымдары арасындағы III республикалық конкурста «Жасыл кеңсе -2021» марапатына ие болды.

2021 жылы тұрақты даму стратегиясын дамыту және іске асыру аясында банк энергияны тұтыну мәселесіне, банк қалдықтарын есептеу, суды артық пайдалануды және кеңсе қағазын пайдалануды азайту мәселелеріне назарын күшейтті. 2021 жылы ресурстарды үнемдеу бойынша келесі негізгі жетістіктерге* қол жеткізді:

- Қағаз пайдаланудың 6%-ға азаюы;
- Суды 40%-ға дейін үнемдеу;
- Электр энергиясын 31%-ға дейін үнемдеу.

**2020 жылмен салыстырғанда*

Сондай-ақ 2021 жылы ресурстарды басқару жүйесімен байланысты бірқатар үдерістер реттелді. Ресурстарды сақтау бойынша статистиканың басым бөлігі цифрленді, ресурстарды пайдалану көрсеткішін азайту бойынша шаралар қабылда Үдерістерді басқару бөлігінде:

- Деректерді жинау үшін жауапты жұмыс тобы құрылды;
- Деректер бойынша есептер тоқсан сайын жасалып, банктің ішкі ресурстарында жарияланады;
- Жарықдиодты жарықтандыруға, су беру сезбектерін және жарық сезбектерін орнатуға ауысу бойынша кезеңдік жоспар жасалды;
- Суды, жарықты және қағазды пайдалануды қысқарту бойынша мақсаттар банк Стратегиясы мен жауапты басшылардың KPI-на қосылған;
- Бірлескен эко-жобалар, соның ішінде қайталама шикізатты қайта өңдеу, аймақтарды көгалдандыру, банктің бренд дүкенінде эко-тауарларды сату бойынша жобаларды іске асыру бойынша бірнеше серіктестермен шарттар жасалды.

ҚАЛДЫҚТАРДЫ БАСҚАРУ

Банк материалдарды тиімді пайдалануды арттыра отырып, қалдықтардың пайда болуын қысқартуға және оларды қайта пайдалану және қайта өңдеу арқылы қалдықтарды тиімді пайдалануды қамтамасыз етуге тырысады. Банк үшін қалдықтардың келесі қауіпсіз түрлері тән болып табылады: пайдаланылған қағаз, өңделген кеңсе техникасы, пластик қаптама, пайдаланылған картридждер, аккумуляторла және люминесцентті шамдар.

Есепте көрсетілгендей, 1-Қамтылым бойынша шығарынды банк үшін ең төмен болып табылады.

Атап айтқанда, N2O және CH4 газдарының бөлінуі азғантай болып атбылады. Негізгі бөліну көздері 1-Қамтылым бойынша - автокөлік және шағын дизель қазандықтары

2-Қамтылым - алынған электр- және жылу энергиясынан жанама шығарынды. 2020 жылы 2-Қамтылым бойынша бөліну алдыңғы жылдармен салыстырғанда айтарлықтай азайды, бұл коронавирус індеті кезінде енгізілген шектеулермен тікелей байланысты. Шектеу шараларының жұмсаруына қарай 2021 жылы бөліну үлесі тағы да артты. Ары қарай бөлінуді азайту бойынша негізгі жылды және мақсаттарды айқындаған кезде бұл факторларды ескеру қажет.

2018-2021 ж. 1 және 2-қамтылым бойынша парникті газдардың бөлінуі*

Жылы	1-қамтылым				2-қамтылым	Барлығы
	т CO _{2e}	т CO ₂	т CH ₄	т N ₂ O	т CO _{2e}	т CO _{2e}
2018	214,99	214,67	0,01	0,01	16 520,44	16 735,44
2019	186,45	186,17	0,01	0,01	13 113,52	13 299,97
2020	135,96	135,75	0,01	0,01	11 388,60	11 524,56
2021	149,48	149,26	0,01	0,01	14 081,25	14 230,73

*консалтингтік компания есебі бойынша.

Банктің көптеген қызметкерлері қолдаған 2021 жылғы басты «Серпіні» қайталама шикізатты жинау және өңдеу бойынша науқан болды. Банктің бірнеше филиалдарында қайталама шикізатты (шыны, қағаз, пластик және қоректену элементтері) жинауға арналған бокстар орнатылды. Қызметкерлер сұрыптау ережелері бойынша бірнеше оқыту кезеңінен өтті. ESG-белсенділер қатарынан команда құрылды, олар өздерінің ықпал ету деңгейінде әріптестері арасында қалдықтарды сұрыптау мәдениетін дәріптеді. Қораптарда сұрыпталған 9 тонна қалдықты Eco Network компаниясы қайта өңдеуші операторларға екінші рет қайта өңдеу үшін шығарып алды. Сондай-ақ банкте үнемі қызметкерлер мен клиенттердің экологиялық саналылығын арттыруға бағытталған ақпараттық науқандар мен акциялар өткізіп отырды, сұрыптау ережелері туралы бейнесабақтар жүргізілді, нұсқаулықтары бар электрондық және баспа материалдар таратылды.

2021 ЖЫЛЫ ҚАЙТА ӨҢДЕЛГЕН ҚАЛДЫҚТАР КӨЛЕМІ



Месяц 2021 г.	Макулатура, кг	Шыны, кг	Пластик, кг	Алюминий, кг
Ақпан	42,95	0	5,8	0
Наурыз	144,735	0	45,59	0
Сәуір	134,49	31,15	33,19	0
Мамыр	80,78	6874,4	25,29	0,35
Маусым	56,8	34,7	23,5	3,5
Шілде	77,425	7,75	38,08	0,2
Тамыз	66,25	26,99	35,62	0,05
Қыркүйек	46,28	56,9	48,96	0
Қазан	149,45	45,18	35,7	1,09
Қараша	105,55	1	14,95	0,55
Желтоқсан	205,3	1,7	16,32	0,2
Барлығы	1 110	7 079,77	323	5,94

2021 жылы арнайы ұйымдарға жоюға 0,6 тонна люминесцентті шам, 0,2 тонна банктің қызметтік автомобильдерінің қайта өңделген майы, 1 тонна аккумулятор жіберілді. EcoLog компаниясы банктің 10 тонна жиһаз бен мүлікті кәдеге жаратты. Сондай-ақ кеңсе мұрағатынан заңнамаға сәйкес сақтау мерзімі аяқталғаннан кейін жойылуы тиіс 13 тонна макулатура өткізілді.

Банк тарихында бан тарапынан қоршаған ортаға зиянды заттар мен суытқышагенттердің апатты жағдайда төгілуі мен бөлінуі орын алған жоқ.

Банктің тұрақты даму стратегиясын іске асыру аясында қалдықтарды пайдалану жұмыстарын күшейту жоспарлануда. Қалдықтарды бөлек жинау қамтылымын және тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралар келесілерден тұрады:

- Қалдықтарды бөлек жинау тәжірибесін облыстық маңызы бар қалаларды қоса алғандағы, банк филиалдарының барлық кеңселерінде тарату;
- Орнатылған, соның ішінде қайталама шикізатты жинау бойынша басқа да қораптар санын арттыру;
- Қалдықтарды пайдалану бойынша ішкі стандарттарды қабылдау;
- БАҚ-та ақпараттық сүйемелдеуді кеңейту;
- Екінші қайта өңдеуге жіберілетін қалдықтарды кәдеге жарату және жинау бойынша серіктестер желісін арттыру;
- Халықтың білімін арттыруға бағытталған түрлі акцияларды, эко-сенбіліктерді, семинарларды өткізу және оларға демалушылық жасау.

Құжат айналымы жүйесін оңтайландыру, сондай-ақ банк өнімдері мен сервистерін онлайнға ауыстыру қағаз пайдалануды азайтуға елеулі оң ықпал етуде. Қазіргі уақытта банкте ішкі құжаттардың 75%-нан астамы электронды түрде ұсынылған. Бұдан бөлек, клиенттік құжаттама да оңтайландырылады: заңнамалық деңгейде

баспа нысанын қажет етпейтін құжаттарға клиенттер мобильді қосымшада және онлайн-банкинг порталында ЭЦҚ арқылы қол қояды. Көбінесе бұл кредиттік және депозиттік өнімдерге, сондай-ақ картаны рәсімдеуге қатысты.

ЭНЕРГИЯЛЫҚ ТИІМДІЛІК ЖӘНЕ ЭНЕРГИЯНЫ ҮНЕМДЕУ

Энергиялық тиімділік бойынша жұмыс меншік және жалға алынатын жайларды қоса алғанда банктің барлық нысандарында жүргізіледі. 2021 жылы электр энергиясын пайдалануды азайту үшін келесі бастамалар іске асырылды:

- Электрондық жүргізу-реттеу аппаратурасымен жабдықталған тиімді жарық көздері орнатылған. 2020 жылдан бастап люминесцентті шамдары бар шырағандарды кезең-кезеңмен ауыстыру жүргізіліп келеді, 2021 жылдың өзінде жөндеу жұмыстары және желіге ағымдағы қызмет көрсету аясында 16 филиал мен Орталық кеңседе 1 614 люминесцентті шам энергия үнемдеуші жарықдиодты шамға ауыстырылды. 2023 ж. дейін банктің барлық филиалдарында 100% жарықдиодты шамдарға ауыстыру жоспарлануда.
- Тұрмыстық техниканың жұмыстан тыс уақытта автоматты түрде өшірілуі үшін орталық кеңсе мен 17 филиалда таймері бар 262 розетка орнатылды.
- Кеңсенің жұмыс жүрмейтін аймақтарында және техникалық жайларында фотореле және қозғалыс сезбегі бар жарықты автоматты бақылау жүйесі орнатылған.
- Банк А және А+ деңгейінен төмен емес энергиялық тиімділік класының жабдығын қолданады және кеңсе техникасы мен жабдық сатып алған кезде энергетикалық тиімділік бойынша талаптарды қояды. Болашақта А++ класынан сатып алынатын техника санын арттыру жоспарлануда.

СУ РЕСУРСТАРЫН БАСҚАРУ

Банк су ресурстарын оңтайлы және үнемді пайдалану керектігін түсінеді, сондықтан бірте-бірте су шығынын азайтуға мүмкіндік беретін технологиялар енгізілуде, сондай-ақ қызметкерлер арасында суды үнемді пайдалануға дағдылануда.


Суды орынды пайдалануға ынталандыру үшін 2021 жылы судың автоматты түрде өшірілуі үшін санитарлық тораптарда сенсор экрандар, сондай-ақ қосарлы ағызу жүйелері орнатылды.

Енгізілген құралдардың арқасында өткен жылмен салыстырғанда тұтынылатын су 40%-ға дейін үнемделді.

БАСҚА ЭКО-БАСТАМАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ

- Пластик ыдыстардан бас тартуға ынталандыру: 2021 жылы банк аумағындағы кофеханаларда өзінің көп рет қолданылатын стақанымен келіп, сусын сатып алғандарға 5%-дан 10%-ға дейін жеңілдік туралы келісім жасалды.
- Брендтелген тауарлардың эко-түржинағы: дүкенде экоөнімдері бар бөлім ұйымдастырылды, соның ішінде қайта өңделген картоннан, кофе дәндерінен, арпадан және бамбуктан жасалған ыдыстар сұрыпталымы, экологиялық материалдардан жасалған көп реттік саптыаяқтар бар.
- «Тұрақты даму» Жер қоры» ҚБ-мен бірге Нұр-Сұлтан қ. Ұлттық ғылыми кардиохирургия орталығы аумағында Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай 30 ағаш отырғызылды.
- Сбербанктің туған күніне орай күзде филиалдар бар барлық 17 аймақта «Сбербанк аллеясын» отырғызу бойынша акция өтті. Үш жүзден астам ағаш түрлері отырғызылды, олар әр аймақтың климаттық ерекшелігі мен топырақ сипатына сәйкес таңдалды.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



ҚАРЖЫЛАЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП**2021 жылы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша**

(Миллион теңгеде)

Ескер.	2021 жылғы 31 желтоқсан	2020 жылғы 31 желтоқсан
Активтер		
Ақша Қаражаты мен олардың баламалары	5 1.385.112	856.394
Кредиттік Ұйымдардағы Қаражат	6 57.293	111.905
Сауда бағалы Қағаздары	7 148.459	82.293
Туынды Қаржы активтері	1.020	—
Клиенттерге кредиттер мен аванстар	8 2.125.895	1.549.720
Инвестициялық бағалы Қағаздар	9 391.245	475.151
Ағымдағы корпоративтік кіріс салығы бойынша активтер	144	—
Негізгі Қаражат	10 42.772	38.473
Материалды емес активтер	11 22.386	23.195
Басқа активтер	12 17.030	15.678
Активтер жиыны	4.191.356	3.152.809
Міндеттемелер		
Кредиттік Ұйымдардың Қаражаты	13 223.501	217.667
Туынды Қаржылық міндеттемелер	—	2.087
Корпоративтік клиенттердің Қаражаты	14 1.594.829	1.313.355
Жеке Ұағалардың Қаражаты	14 1.059.828	934.809
«Рено» шарттары	15 510.170	87.534
Шығарылған борынкерлік бағалы Қағаздар	16 —	21.201
Ипотечалық Ұйым аламындағы міндеттемелер	17 384.652	250.007
Ағымдағы корпоративтік кіріс салығы бойынша міндеттемелер	—	387
Кейінге қалдырылған корпоративтік кіріс салығы бойынша міндеттемелер	24 2.260	3.386
Өзге де міндеттемелер	18 37.595	22.611
Міндеттемелер жиыны	3.812.835	2.853.044
Капитал		
Жарғылық капитал	19 51.500	51.500
Бөлінбеген пайда	302.770	221.104
Әділ құн резерві	19 358	3.268
Резервтік қор	19 23.893	23.893
Капитал жиыны	378.521	299.765
Капитал және міндеттемелер жиыны	4.191.356	3.152.809

Банк Басқармасы атынан Қол қойылады және шығаруға бекітілді:

Е.А. Тенизбаев

Басқарма Төрағасы

Н.В. Попова

Бас бухгалтер

2022 жылғы 14 наурыз

6-дан 79-ға дейінгі беттердегі Қоса берілген ескертпелер осы Қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

1

**ПАЙДА МЕН ЗАЛАЛ ТУРАЛЫ ЕСЕП****2021 жылы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша**

(Миллион теңгеде)

Ескер.	2021 жыл	2020 жыл
Тімді пайыздық мөлшерлесмен пайдалана отырып есептелген пайыздық кірістер		
20	346.812	237.757
20	9.289	6.058
20	(183.189)	(118.827)
Таза пайыздық кіріс	172.912	124.988
Кредиттік залалдар бойынша шығындар		
23	(18.590)	(49.395)
Кредиттік залалдар бойынша шығындардан кейінгі таза пайыздық кіріс		
	154.322	75.593
Комиссиялық кірістер		
21	69.343	43.564
21	(29.570)	(17.741)
Өзге жиынтық кіріс арқылы Әділ Құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы Қағаздардың танылуын тоқтату нәтижесіндегі таза шығындар		
	(20)	(9)
Кіріс және шығын арқылы Әділ Құны бойынша бағаланатын инвестициялық бағалы Қағаздар бойынша таза пайда		
	40	20
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кірістер/(шығындар)		
	34.685	28.362
	(2.548)	(1.433)
Туынды Қаржы құралдарымен операциялар бойынша таза кірістер		
	3.184	4.096
	3.276	—
Өзге де кірістер		
	1.097	726
Өзге де шығындар		
	(1.390)	(591)
Операциялық кірістер	232.419	132.587
Әкімшілік және операциялық шығындар		
22	(75.903)	(58.404)
Резервтерді құнысызданудан және құрудан болған өзге де шығындар		
12, 23	(1.896)	(869)
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындарға дейінгі пайда		
	154.620	73.314
Корпоративтік кіріс салығы бойынша шығындар		
24	(24.489)	(12.733)
Бір жыл ішіндегі пайда	130.131	60.581
Акцияға арналған базаық және ажыратылаған пайда (теңгеде)		
25	10.135,51	4.718,47

6-дан 79-ға дейінгі беттердегі Қоса берілген ескертпелер осы Қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

2

ЖИЫНТЫҚ ТАБЫС ТУРАЛЫ ЕСЕП

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша

(Миллион теңгеде)

	Ескер.	2021 жыл	2020 жыл
Бір жыл ішіндегі пайда		130.131	60.581
Өзге жиынтық кірістер			
<i>Келесі кезеңдерде пайда немесе шығын құрамына қайта сыйыптуға жататын өзге жиынтық кіріс</i>			
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борышкерлік құралдардың әділ құнының таза өзгерісі	19	(2.901)	3.291
Бағалау резервин өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борышкерлік құралдар бойынша күтілетін кредиттік шығындарға қарай өзгерту	19	(9)	(6)
Салықтарды шегергендегі бір жыл ішіндегі өзге де жиынтық кіріс		(2.910)	3.285
Бір жыл ішіндегі барлық жиынтық кіріс		127.221	63.866

6-дан 79-ға дейінгі беттердегі қоса берілген ескерткілер осы Қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

3

МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша

(Миллион теңгеде)

	Ескер.	Жарғ ылы қ капитал	Резервтік қор	Әділ құн резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2020 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша		51.500	23.893	(17)	160.523	235.899
Бір жыл ішіндегі пайда		–	–	–	60.581	60.581
Бір жыл ішіндегі өзге жиынтық кірістер	19	–	–	3.285	–	3.285
Бір жыл ішіндегі жиынтық кірістің жиынтығы		–	–	3.285	60.581	63.866
2020 жылғы «31» желтоқсандағы жағдай бойынша		51.500	23.893	3.268	221.104	299.765
Бір жыл ішіндегі пайда		–	–	–	130.131	130.131
Бір жыл ішіндегі өзге жиынтық шығындар	19	–	–	(2.910)	–	(2.910)
Бір жыл ішіндегі барлық жиынтық (заала)/кіріс		–	–	(2.910)	130.131	127.221
Жарыяланған дивидендтер	19	–	–	–	(48.465)	(48.465)
2021 жылғы «31» желтоқсандағы жағдай бойынша		51.500	23.893	358	302.770	378.521

6-дан 79-ға дейінгі беттердегі қоса берілген ескерткілер осы Қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

4

(Егер өзгесі көрсетілмеген, миллион теңгеде)

Ескер.	2021 жыл	2020 жыл
Операциялық қызметтен түскен ақша ағыны		
Алынған пайыздар	264.534	177.214
Төленген пайыздар	(125.963)	(92.927)
Алынған комиссиялар	70.402	43.564
Төленген комиссиялар	(29.570)	(17.741)
Шетел валютасындағы операциялар бойынша алынған өткізілген таза кірістер	34.685	28.362
Туындай қаржы құралдарымен операциялар бойынша алынған өткізілген таза кірістер	2.181	6.190
Алынған басқа да кірістер	(293)	135
Төленген өкілшілік және операциялық шығындар	(58.482)	(45.514)
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтен түскен ақша ағыны	157.494	99.283
<i>Операциялық активтердегі таза азаю / (ұлғайту)</i>		
Кредиттік ұйымдардағы қаражат	55.667	(53.620)
Сауда бағам қағаздары	(56.794)	(34.262)
Клиенттерге кредиттер мен аванстар	(581.243)	(284.396)
Туындай қаржы құраллары	(2.084)	4
Басқа активтер	178	(238)
<i>Операциялық міндеттемелердегі таза ұлғайту / (азайту)</i>		
Кредиттік ұйымдардағы қаражаты	5.600	83.108
Ипотекалық ұйым адындағы міндеттемелер	134.645	152.202
Корпоративтік клиенттердің қаражаты	272.404	430.663
Жеке тұлғалардың қаражаты	115.392	111.257
«Репо» шарттары	422.514	85.528
Өзге де міндеттемелер	(2.172)	212
Корпоративтік табыс салығына дейінгі операциялық қызметтен түскен таза ақша ағыны	521.601	589.741
Төленген корпоративтік табыс салығы	(26.146)	(10.916)
Операциялық қызмет бойынша ақша қаражатының таза түсімі	495.455	578.825
Инвестициялық қызметтен түскен ақша ағындары		
Негізгі құралдарды сатып алу	(9.066)	(7.852)
Материалдық емес активтер	(4.464)	(5.262)
Өзге жынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық құнды қағаздарды сатып алу	9 (1.451.446)	(1.248.016)
Өзге жынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық құнды қағаздарды өтеуден және сатудан түкен түсімдер	9 1.560.613	988.739
Инвестициялық қызмет бойынша ақша қаражатының таза түсімі / (шығындауы)	95.637	(272.391)
<i>Қаржылық қызметтен түскен ақша ағыны</i>		
Облигацияларды өтеу	31 (20.968)	(29.800)
Банк акционерлеріне төленген дивидендтер	19 (48.465)	-
Жалға алу бойынша міндеттемелерді өтеу	18 (1.915)	(1.506)
Қаржылық қызмет бойынша ақша қаражатының таза шығындауы	(71.348)	(31.306)
Айырбастау бағамдарының өзгерісінің ақша қаражатына және оның баламаларына ықпалы	8.974	42.277
Күтілетін кредиттік залалдардың өзгерісінің ақша қаражатына және олардың баламаларына ықпалы	5, 23 -	2
Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза ұлғаюы	528.718	317.407
Есептік жылдың басындағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен оның баламалары	856.394	538.987
Есептік жылдың соңындағы жағдай бойынша ақша қаражаты мен оның баламалары	5 1.385.112	856.394

(Егер өзгесі көрсетілмеген, миллион теңгеде)

1. Бір акцияға шаққандағы пайда және бір акцияның теңгерімдік құны

Акцияға базалық пайда жайі акцияларды ұстаушыларға тиесілі кезеңдегі таза пайданы кезең ішінде айналыстағы акциялардың орташа алынған санына бөлу арқылы есептеледі. Банкте опцион немесе айырбасталатын борынтық немесе үлестік құралдар жоқ.

Өрі қарай бір акцияға шаққандағы базалық және ажыратылған пайданы есептеуде пайдаланылған пайда мен акциялар бойынша деректер келтірілген:

	2021 жыл	2020 жыл
Банк акционерлеріне келетін бір жыл ішіндегі таза пайда	130.131	60.581
Бір акцияға шаққандағы базалық және ажыратылған пайданы айқындау мақсаттары үшін жайі акциялардың орташа өлшенген саны	12.839.114	12.839.114
Бір акцияға шаққандағы базалық және ажыратылған пайда (теңгеле)	10.135,51	4.718,47

2021 және 2020 жылдардың 31 желтоқсанында Банкте бір акцияға шаққандағы пайданы көбейтетін қаржы құралдары жоқ.

2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚҚБ әдіснамасына сәйкес бір жайі акцияның теңгерімдік құны төменде берілген:

Акциялардың түрі	Айналыстағы акциялар саны	Бір акцияның теңгерімдік құны (теңгеле)		Айналыстағы акциялар саны	Бір акцияның теңгерімдік құны (теңгеле)	
		ҚҚБ әдіснамасына сәйкес таза активтер	ҚҚБ әдіснамасына сәйкес таза активтер		ҚҚБ әдіснамасына сәйкес таза активтер	ҚҚБ әдіснамасына сәйкес таза активтер
СҚКҚ	-	-	-	-	3.033	3.033
- Мамандандырылған кредит беру	1-кезең	6	56.111	33.944	4	90.065
	2-кезең	-	634	2.802	2.191	5.627
	3-кезең	-	-	-	-	16.740
	СҚКҚ	-	-	-	-	3.506
- Тұтынушылық кредит беру	1-кезең	708	415.196	14.986	68	430.958
	2-кезең	298	3.732	3.597	1.895	9.522
	3-кезең	-	-	-	-	9.922
- Ипотекалық кредит беру	1-кезең	-	536.930	1	-	536.931
	2-кезең	-	415	1.247	-	1.662
	3-кезең	-	-	-	-	1.104
- Аяқ кредит беру	1-кезең	-	169.493	-	-	169.493
	2-кезең	-	519	636	-	1.155
	3-кезең	-	-	-	-	2.863
Борынтық инвестициялық бағамы қағаздар:	9					
- ӨЖКӨҚ бойынша бағаланатындар	1-кезең	374.565	-	-	-	374.565
- амортизацияланған құны бойынша бағаланатындар	1-кезең	16.680	-	-	-	16.680
Барлығы		1.795.902	1.871.698	142.583	7.278	3.882.439

ҚОСЫМША АҚПАРАТ



НЕГІЗГІ БИЗНЕС-КОНТАКТТЕР

ДЕПАРТАМЕНТ	ТАӘ	ЭЛЕКТРОНДЫ МЕКЕНЖАЙЫ
КОРПОРАТИВТІК БИЗНЕС БЛОГЫ		
Корпоративтік бизнес департаменті	Карагойшин Бакытжан Тимурович	Bakytzhan.Karagoyshein@sberbank.kz
Қазынашылық басқармасы	Изотов Ильяс Шаяхметович	Ilyas.Izotov@sberbank.kz
БӨЛШЕК БИЗНЕС БЛОГЫ		
Бөлшек бизнесті талдау және стратегия басқармасы	Загребин Виктор Сергеевич	Viktor.Zagrebina@sberbank.kz
	Какимұлы Бекжан	Bekzhan.Kakimuly@sberbank.kz
"Сбербанк" АҚ ЕБ Байланыс орталығы	+7 (727) 321-21-85 ұялы телефоннан 5030	

ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

«СБЕРБАНК» АҚ ЕБ	
050059, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 13/1 үй	
БСН	930740000137
БСК	SABRKZKA
Коды	914
Коршот (ЖСК)	KZ82125KZT1001300306
КҰЖЖ коды	28109833
ҚР ҰБ Монетарлы операцияларын есепке алу басқармасы	NBRKKZKX
Reuters	SBKZ
КБЕ:	14
ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлік	60001 №0037440 от 20.08.2012г.
Ағылшын тіліндегі атауы	Subsidiary Bank Sberbank of Russia Joint Stock Company
Қысқарған атауы	SB Sberbank JSC

